Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 378.3                                                                 Қолжазба құқығында

**ЖУМАШ ЖАНАРА ЕРКИНОВНА**

# Сауат ашуға үйрету  үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру

6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
пед. ғыл. док., проф.
Жұмабаева А.Е.

Шет елдік кеңесші
PhD, проф.
Семра Гювен (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2022

МАЗМҰНЫ

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР** 3
**АНЫҚТАМАЛАР** 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР** 5
**КІРІСПЕ** 6
**1 САУАТ АШУҒА ҮЙРЕТУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**
1.1 «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігінің мәні мен құрылымы 15
1.2 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті динамикалық жүйе ретінде 27
1.3 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары 40
**2 САУАТ АШУҒА ҮЙРЕТУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ**
2.1 Креативті тапсырмалар кешенінің жіктемесі мен сипаттамасы 57
2.2 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары 63
2.3 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі 75
**3 САУАТ АШУҒА ҮЙРЕТУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР**
3.1 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикасы 86
3.2 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жүзеге асыру 110
3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері 139
**ҚОРЫТЫНДЫ** 152
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ** 155
**ҚОСЫМШАЛАР** 166

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста төмендегі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

ҚР Конституциясы.– Астана, 30 тамыз 1995 ж.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. – Астана, Ақорда.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген. 137 б

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген.

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2018 http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989

ҚР МЖМБС 31-10-2018 «5В010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2018.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 7-қосымша. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана, 2015.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Сауат ашу» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2018http://adilet.zan.kz/kaz/docs/v1800016989

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана, 2021

# АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Креатив** – бұрыннан бар ұғымдар мен түсініктерді негіз ете отырып, олардың жаңа мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін табу, тану, жаңа қырынан туындайтын мүмкіндіктерді қолданысқа енгізе білу.

**Креативтілік** – адамның күнделікті өмірінен ажырамайтын жасампаз қуатының, шығармашылық күші әлеуетінің жүзеге асырылуы, жарыққа шығарылуы, жеке тұлғаның шығармашылық өнімді әрекетін көрсететін, оның мотивациялық бағыты мен зияткерлік мүмкіндіктерінің, ізгілік қасиеттерінің бірлігін анықтайтын сапасы.

**Әлеуетті креативтілік** – индивидуумның сыртқа көрінуге бейімді әрекетке дейінгі креативтілігі.

**Көкейтесті креативтілік** – шығармашылықтың жеткілікті субъективтік шарты.

**Педагогикалық креатив** – білім беру үдерісінде мұғалімнің өз қызметінде қалыптан тыс педагогикалық міндеттерді шешуде жаңаны іздеуі, сабақ беруде жаңалықты қолдануы.

**Құзыреттілік** – оқу үдерісінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті.

**Креативті құзыреттілік** – әр түрлі педагогикалық жағдаяттарда педагогтің өзінің білімін тиімді және жемісті әрекетке айналдыра білуі және қол жеткізген нәтижелерінің оны қабылдаған келесі адамға сондай игілікпен ықпал етуі.

**Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру** – студенттің жеке тұлғасының өзіндік мотивтерімен, қажеттіліктерімен сәйкес келіп, барлық оқытушыларымен, басқа да білім субъектілерімен бірге, сондай-ақ, мәдениет арнасында креативті толып-жетілуі, кәсіби маңызды сапаларды өзіне жинақтауы.

**Латералдық ойлау** – жаттанды болып қалған паттерндерді өзгерту немесе жою арқылы жаңа идеяларды тудыруға көмектесетін шығармашылық ойлау тәсілі.

**Латералдық ойлаудағы креативті үдеріс** – креативті қадамдар арқылы қатқан бір үлгіге түсіп қалған ойлауды жеңу.

**Динамикалық жүйелер** – қандай да бір нысанның, үдерістің, құбылыстың белгілі бір күйі сипатталған жүйе ретінде берілген математикалық моделі.

**Комбинаторика** – дискретті нысандарды, жиындарды және олардың қатынастарын қарастыратын математиканың бір саласы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚР МЖМБС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ЖОО – жоғары оқу орны

Абай атындағы ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

БОПӘ – бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

ББСМ – болашақ бастауыш сынып мұғалімі

САҮҮББСМ – сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімі

ОӘК – оқу-әдістемелік кешен

НТӘ – нысандарды тоғыстыру әдісі

ӨТШТ (ТРИЗ) – өнертапқыштық есептерді шығару теориясы

ЭТ – эксперименттік топ

БТ – бақылау тобы

СӨЖ – студенттің өзіндік жұмысы

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Қоғамның өмірінде білім беру саясатында уақыт тынысымен қатар болып жатқан даму бағыттары мен өзгерістер педагогтердің кәсіби қызметінің сипатына әсер ететіні белгілі. Жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық қайта құрулары, білім беру мекемелері қатынастарының нарықтық және бәсекелестік сипаты, білім беру жүйесін ізгілендіруді күшейту туындаған мәселелерді тиімді шешуге ықпал ететін мұғалімдердің креативтілік арқылы инновациялық қызметін өзектендіреді.

XXI ғасырда бәсекеге қабілетті педагог маман даярлауда креативті ойлау – ойлаудың ең күрделі әрі маңызды түрі ретінде бағаланады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі 2021 жылғы 12 қазанда бекіткен «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасында қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеті қойылып, соған сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары білім беру жүйесі қазіргі уақытта болашақ педагогтерді кәсіби даярлауды жақсартудың жаңа жолдарын қарқынды іздеуде [1]. Шәкірттерге педагогикалық тұрғыдан сауатты білім беріп, оларға білім алудың сапалы жолдарын меңгерте алатын педагог маман дайындауда жоғары оқу орындарының дәстүрлі білім беру жүйесін заманауи инновациялық педагогикалық технологиялармен толықтыру міндеті де уақыт өткен сайын күн тәртібіне айқын қойылып отыр.

Бұл болашақ маманның жаңартпалы озық технологияны меңгеріп, жүзеге асыру даярлығының жеткілікті көлемі мен жоғары деңгейінің болуын талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев мұғалімдердің Тамыз конференциясында сөйлеген сөзінде мұғалім даярлаудың күрделі тұстарын қазақ халқының танымымен байланыстырған [2].

Ал бұл болса, болашақ педагогтердің жоғары білім алу барысында келешектегі кәсіби қызметіне инновациялық тұрғыда және ұлттық құндылықтар негізінде бағдарлы даярлануын, яғни практикалық дайындығын күшейту қажеттілігін арттырады.

Осыған байланысты болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жаңартпалы оқу үдерісінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілетін қалыптастыру өзекті болып табылады.

Үкіметтің білім беру саласындағы заңдары мен нормативтік құжаттарында бұл бағыттағы стратегиялар әр уақытта белгіленіп көрсетіліп келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесін дамытудың басымдығы» айқын белгіленіп, «білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістерді, оқыту технологиялары мен зерттеулерді әзірлеуге, сынақтан өткізуге және ендіруге қатысуы» туралы көрсетіліп [3], білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби

даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру белгіленген .

Жоғарыда талданған құжаттарда көрсетілгендей, ЖОО-да болашақ педагогтерді кәсіби даярлау ісінде болашақ бастауыш сынып педагогтерін кәсібии даярлаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі мәселесі мемлекет және қоғам қойып отырған талап пен қажеттіліктерге уақтылы жауап беру екенін айқын көрсетеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудағы ішкі ерекшеліктерінің бірі бастауыш білімнен бірнеше дербес пәндердің әдістемесін меңгеруі, сонымен қатар әр пәннің білім мазмұнын терең түсінуі маңызды. Осы орайда сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қалыптасу мәселесі негізінде зерттеудің өзектілігі айқындалады

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінің тағы бір ерекшелігі студенттердің креативті құзыреттілігінің болуы, дербес пәндерді оқытуда, оқушы тұлғасын тәрбиелеуде маманның креативті қабілеті мен ойлауын қалыптастыру бағытына қарай өзгеруін қажет етеді.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі осы кезге дейін арнайы зерттеу нысаны ретінде алынбаған. Алайда бастауыш мектепте сауат ашуды оқыту әдістемесін, тіл дамыту әдістемесін, жеке пәндерді оқыту әдістемесін зерттеген еңбектерде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жекелеген қабілеттерін дамыту мәселелері қарастырылған.

Тұлғаның креатвиті құзыреттілігі мәселесін біз бірнеше аспектілерде қарастырдық:

- *тұлғадағы креативтіліктің ерекшеліктері мен нақты белгілерін айқындап тану* Дж.Гилфорд [4], К. Роджерс [5], Дж. Рензулли [6], А. Маслоу [7], Р. Стернберг [8], Е. Торренс [9] т.б. сияқты шетелдік ғалымдардың есімдерімен байланысты. Сонымен қатар, қазақ халқының фольклорлық мұрасындағы ұлттық үлгілерінің, оның бер жағында А.Құнанбайұлы [10], Ы.Алтынсарин [11], А.Байтұрсынұлы [12], С.Көбеевтің [13] ағартушылық-дидактикалық, әдістемелік еңбектеріндегі шығармашылық көзқарастар мен қолданған әдістері тұлғаның креативті құзыреттілігін қалыптастырудың негізі болады;
- *болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі* мәселесін Н.Хомский [14], Т.М. Сорокина [15], Н.Ф.Ефремова [16], И.С. Бекешева [17], Ш.Х. Құрманалина [18], Б.Т. Барсай [19], Б.Т. Кенжебеков [20], К.С. Құдайбергенева [21], Т.А. Кульгильдинова [22], А.Д. Рысқұлбековалар [23] және т.б зерттеген;
- *болашақ мамандардың креативтілігін қалыптастыруын* Д.Б. Богоявленская [24], М. Матюшкин [25], Я.А. Пономарев [26], Қ.Б.Жарықбаев [27], Ж.И.Намазбаева [28], Қ.М. Нағымжанова [29], С.А.Нұржанова [30], Швайковский [31], А.Б.Тасова [32] және т.б. ғалымдар зерттеген;
- *бастауыш білім беру* мәселесін Н.В.Бибикова [33], С.Гювен [34], Р.М.Қоянбаев [35], Т.С.Сабыров [36], С.Р. Рахметова [37], Т.Қ.Оспанов [38],

Қ.Аймағанбетова, Ә.М. Мұхамбетжанова, Б.А.Тұрғынбаева, А.С.Амирова, А.Х.Аренова, А.Т.Туралбаева, Б.М.Баймұхамбетов, және т.б. ғылыми еңбектерінде қарастырылады.

- *Сауат ашу мәселесін арнайы зерттеген ғалымдар* М.Қ. Жұбанова [39], Р.О Ізғұттынова [40], Ә.Е. Жұмабаева [41], Г.И. Уайсова [42], Н.Құрман [43], Г.Т. Сәдуақас, [44] т.б.

Талдау нәтижесі сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын көрсетеді.

Оған қоса жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сауат ашуға үйрету үдерісіне ендірілген кешенді тапсырмалар жүйесін көрсетуі және қоғамның креативті педагог кадрларға сұранысы мен олардың кәсіби даярлығында сауат ашуға үйрету үдерісінде креативті құзыреттіліктің қалыптасуын қамтамасыз ететін, сол мақсатқа тірек болатын арнайы әдістемелік жүйенің болмауы мен оның орнын толықтыратын әдістемелік негіздерінің зерттеле қоймағандығы бүгінгі практикадағы сұраныс пен теориялық зерттеулер арасындағы *қарама-қайшылықтарды* туындатады:

–сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі мен оның ғылыми тұрғыда негізделмеуі арасында;

–сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың кешенді креативті тапсырмалар жүйесін практикада пайдалану қажеттілігі мен оның ЖОО болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби даярлануындағы арнайы әдістемесінің болмауы арасында;

Көрсетілген қарама-қайшылықтан туындаған түйіткілдер теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеу мен оның әдістемесін дайындап, тиімділігін тәжірибелі-эксперименте дәлелдеу зерттеудің мәселесін айқындап, бізге, диссертациялық жұмыстың тақырыбын **«Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру»** деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименте тексеру.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орындарындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

**Зерттеу пәні:** сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі.

**Зерттеу болжамы:** *егер* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда негізгі категориялардың мәні нақтыланып, құрылымы анықталса, әдіснамалық тұғырлар басшылыққа алынса, құрылымдық-мақмұндық моделі дайындалып, әзірленген әдістеме ЖОО-да креативті тұрғыдан қолданысқа енсе,

*онда* сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың жоғары деңгейіне қол жеткізу мүмкін болады, *өйткені* креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімі білім берудегі заманауи талаптарды қанағаттандырады.

**Зерттеудің міндеттері:**

- сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау;

- сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасау, оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеру.

- **Зерттеудің жетекші идеясы:** сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігінің қалыптасуы болашақ педагогтердің кәсіби даярлануындағы оқу нәтижелерін нақтылайды, түлектегі атрибуттарды толықтырады және бастауыш оқыту үдерісінде креативті тапсырмалар кешенін ұтымды қолдану жолға қойылады.

**Зерттеу көздері:** Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы; ҚР Білім және ғылым министрлігінің бастауыш білім беру мәселелеріне қатысты көрсеткіш (норматив) құжаттары мен оқу-әдістемелік кешендері (стандарттар, типтік оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқу құралдары және т.б.); зерттеу тақырыбы бойынша философ, психолог, педагогтердің еңбектері; бастауыш мектеп мұғалімдерінің және автордың озық тәжірибелері.

**Зерттеудің әдіснамалық негіздері:** білім беруге құзыреттілік тұрғыдан келу теориясы (И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, М.А.Чошанов т.б.); креативтікті дамыту теориясы (А.Маслоу, К.Роджерс, Дж.ГилфордП.Торренс, Е.Туник, Я.А. Пономарев т.б.); жүйелілік теориясы (Э.Г. Юдин,В.П. Беспалько, Ж.Қараев т.б.); іс-әрекет теориясы (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн т.б.); тұлғалық-бағдарлы оқыту теориясы (И.С. Якиманская, В.В. Краевский т.б.); жеке тұлға теориясы (Д.Я Богоявленская, С.Л. Рубинштейн т.б.); синергетика теориясы (И.В. Блауберг т.б.) және әдіснамалық негіздерінде аксиологиялық тұғыр (Б.М.Бим-Бада, В.А.Сластенина, т.б.), мәдениеттанымдық тұғыр (М.М. Бахтин, В.С. Библер, Ю.М. Лотман, т.б.), антропологиялық тұғыр (Ж.П. Сартр, В. Франк, В.И. Андреев, Б.Г. Ананьев, т.б.), гуманистік тұғыр (Ж.-Ж. Руссо, Н.К. Крупскую, В.А. Сухомлинского.А.С. Макаренко, т.б.), синергетикалық тұғыр (Г. Хакен, Н.М. Таланчук, т.б.), герменевтикалық тұғырлар (В. Дильтей, М. Хайдеггер, Г. Гадамер, М.М. Бахтин, т.б.) басшылыққа алынады.

**Зерттеудің әдістері: -** теориялық әдістер: философиялық, педагогикалық,

психологиялық, әдістемелік зерттеулер мен ғылыми еңбектерге талдау, жинақтау, жүйелеу, салыстыру, контент талдау, педагогикалық модельдеу, құрылымдау, ассоциациялау;

- эмпирикалық әдістер: – сауалнама, бақылау, тестілеу, креативті тапсырмаларды талдау, өзіндік бағалау, алынған сандық, сапалық нәтижелерге математикалық статистикалық талдау жасау.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы.**

– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда «креативтілік», «креативті құзыреттілік» ұғымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігінің мәні нақтыланды, құрылымдалды және әдіснамалық маңызы ретінде басшылыққа алынатын тұғырлары мен ұстанымдары түзілді;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары біртұтас бағыттың жеке тұлғалық және кәсіби қырларының сипатталуымен, креативтік білім берудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерінің меңгерілуімен оның тәжірибемен байланыстылығын, дидактикалық тұрғыдан креативті әлеуетін іске асыруды қамтамасыздандырады;

– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі өлшемдік, технологиялық, тұжырымдамалық блоктардан тұратын мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, праксиологиялық компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштері іріктелген, өте жоғары, жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталған құрылымдардан тұрады;

– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі: «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курс бағдарламасы, «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы, бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешенінен тұрады.

**Зерттеудің теориялық маңыздылығы:**

– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды теориялық-әдіснамалық негіздеуде «креативтілік», «креативті құзыреттілік» ұғымдары мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігі нақтыланып, әдіснамалық тұғырлары және ұстанымдары айқындалады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары түзіліп, білім алушылардың жеке тұлғалық және кәсіби қырларының сипатталуы, креативті білім берудің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, дидактикалық тұрғыдан креативті әлеуеті сипатталады;

– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалып, өлшемдік, технологиялық, тұжырымдамалық блоктардан тұратын мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, праксиологиялық компоненттердің өлшемдері мен көрсеткіштері іріктеліп, өте жоғары, жоғары, орташа, төмен деңгейлері анықталады.

**Зерттеудің практикалық маңызы:** сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі – «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курс бағдарламасы, «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы, бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешенінен тұрады. Зерттеудің нәтижелерін бастауыш білім беру мамандарын даярлайтын педагогикалық колледждерде, ЖОО-да «Әліппені оқыту әдістемесі» пәнін оқытуда және біліктілікті арттыру жүйесінде қолдануға болады.

**Зерттеу жұмысы үш кезеңде жүргізілді.** *Бірінші кезеңде* (2017-2018 жылдары) диссертацияның тақырыбы бойынша философиялық, педагогикалық, дидактикалық, әдістемелік, психологиялық зерттеулер мен әдебиеттердегі зерттеу мәселесінің теориялық және білім беру практикасындағы жай-күйі зерттелді; тұғыр ретінде алынатын теориялық қағидаттар мен негіздер анықталды; зерттеудің болжамы жасалынды; зерттеудің мақсат-міндеттері нақтыланды; сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған педагогикалық шарттар іріктелді және құрылымдық мазмұндық моделі әзірленді.

*Екінші кезеңде* (2018-2019 жылдар) сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау диагностикалық жұмыстары жүргізілді. «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курс, «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы, бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешені тәжірибелік-эксперименттен өткізілді.

*Үшінші кезеңде* (2019-2020 жылдар) дайындалған әдістемелік жүйенің тиімділігі тексеріліп, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері бойынша зерттеудің ғылыми болжамы дәлелденіп, математикалық статистикалық талдау жасалыды. Зерттеу міндеттері бойынша алынған нәтижелер өңделіп, зерттеу нәтижелеріне бағытталған ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді. Диссертациялық жұмыс талаптарға сай рәсімделді

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

– «Креативтілік – жеке тұлғаның шығармашылық өнімді әрекетін көрсететін, адамның мотивациялық бағыты мен зияткерлік мүмкіндіктерінің, ізгілік қасиеттерінің бірлігін анықтайтын сапасы», «Креативті құзыреттілік – болашақ маманның ерекше сенімділікпен жаңашылдық идеяларды ойлап табуы және оларды ерік-жігері арқылы өз тәжірибесінде қолдануы» деп, ал «сауат

ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру – бұл оның жоғары кәсіби білім алу үдерісіне және болашақтағы мамандығына терең жауапкершілік сезімімен қарап, оған дайындық барысында өзінің санасынан резерв-ресурстарды табуы және оларды өмірдегі, кәсібіндегі туындаған жағдаяттарға орнымен, дұрыс шешім шығатындай етіп қолдану траекториясы» деп нақтыланады;

– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда аксиологиялық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық әдіснамалық тұғырлары мен креативті орта, креативті оқу үдерісін құру, креативті өнім алу мақсаттылығы, креативті педагог тұлғасын дамыту, креативті педагогикалық рефлексия, креативті тұрғыдан жайлы атмосфера құру, креативті трансформация және генерациялау ұстанымдары басшылыққа алынады.

– педагогикалық шарттар – «сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру – мотивациялық-тұлғалық, теориялық, әдістемелік, практикалық тұрғыдан қамтамасыздандыратын іс-шаралардың жиынтығы».

– сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық, технологиялық, өлшемдік блоктар мен мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, праксиологиялық компоненттерінің бірлігін, оған сәйкес мотивациялық-ерік-жігерлілік, когнитивтік-интеллектуалдық, оперативті-технологиялық өлшемдерін, оның төмен, орта, жоғары, өте жоғары деңгейлері боп табылатын пассивтік, белсенділік, шығармашылық, жасампаздық түрлерін құрайды.

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталып ұсынылатын әдістемелік жүйе: «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курс бағдарламасы, креативті тапсырмалар кешені, дәстүрлі және инновациялық әдістері студенттердің өз ішкі мүмкіндіктерін, креативті-шығармашылық әлеуетін жетілдіруге, шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға деген ішкі ұмтылысын, мотивациясын дамытуға мүмкіндіктер ашады.

**Ғылыми нәтижелер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігі.** Басылымды дайындау кезінде әдебиеттерге теориялық талдау жүргізілді, сонымен қатар басылымдарда эксперименттік зерттеулердің талдауы ұсынылды. Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны бойынша 9 мақала, ЖОО студенттеріне арналған 1 оқу-әдістемелік құрал, элективті курс бағдарламасы, бастауыш сынып оқушыларына арналған 1 тапсырмалар кешені жарық көрді.

Scopus деректер қорына енетін жарияланымдағы «Professional teaching competence in preservice primary school teachers: Structure, criteria and levels» (World Journal on Educational Technology: Current Issues. Volume 13, Issue 2, (2021) – 261-271. A.Zhumabaeva, S.Nurgaliyeva, G.Saduakas, L.Lebedeva,

S.Zhoraeva) мақаласында докторант ғылыми әдебиеттерді талдап, студенттердің құзыреттілігін бағалауда қалыптасқан тәжірибе негізінде креативті құзыреттіліктің құрылымдық компоненттерінің қалыптасу деңгейін анықтады және «Сауат ашуды оқыту» үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін бағалау және өлшеу тәсілін ұсынды. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 80%-ды құрайды.

«Креативность будущих учителей начальных классов как научный конструкт» (Педагогика и психология. Серия «Педагогика және психологияның әдіснамасы мен теориясы, №4 (37).– Алматы: КазНПУ имени Абая, 2018. – С. 24-31, Жұмабаева Ә.Е.). Мақала болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде өзін-өзі жүзеге асыруға дайын креативтілікті дамыту мәселесін зерттеуге арналған. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі 90%-ді құрайды.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыру» (Хабаршы// «Педагогикалық ғылымдар сериясы, №4 (64).– Алматы: КазНПУ имени Абая, 2019. – С. 283-288). Мақалада ғылыми әдебиеттерге шолу және белгілі міндеттерді нақты шешу, жаңа мәселелерді анықтау және стандартты емес әдістерді пайдалана отырып, оларды шешу қабілеттерінде көрінетін креативті құзыреттіліктің бастауыш буындағы болашақ мұғалімдердің қалыптасуы мен даму үдерісін ұйымдастыру мәселелерін шешуде аналитикалық тәсіл ұсынылған. Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 100%.

««Сауат ашуды оқыту» курсында студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістері» Хабаршы// «Педагогикалық ғылымдар сериясы, №4 (64).– Алматы: КазНПУ имени Абая, 2019. – С. 137-143). Мақалада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Креативті құзыреттілік ең алдымен стандартты емес жағдайларда, жаңа түрдегі жағдайларда, атап айтқанда педагогикалық іс-әрекет осындай жағдайлармен, сипатталады.Мақаланы жазудағы докторанттың үлесі – 90%.

«Креативтілік инновациялық қызметтің негізі ретінде» (Materials of the xv international scientific and practical conference modern scientific potential -2019 February 28 - March 7, 2019 Volume 12. Pedagogical sciences – pp. 72-75). Мақалада креативтілік, шығармашылық және инновациялық қызметтің өзара байланысын қарастылылған. Мақаланы толығымен докторант өзі жазған, үлесі – 100%.

«The formation of creative competence of students in conditions of educational activity» (INNOVATION AND GLOBAL ISSUES CONGRESS V in Multidisciplinary Sciences. May 02-04. 2019 Ankara – pp. 1172-1178). Мақалада болашақ маман – педагогты дайындау кезінде бірқатар жетекші құзыреттіліктерге креативтілік енгізу мәселесі туралы баяндалады. Мақаланы толығымен докторант өзі жазған, үлесі – 100%.

«Научные подходы к развитию креативной компетентности будущих учителей начальной школы в процессе профессиональной подготовки» (Theoretical and practical aspects of modern scientific research: Collection of

scientific papers «ΛΌГOΣ» with Proceedings of the I International Scientific and Practical Conference (Vol. 2), Seoul, April 30, 2021. Seoul-Vinnytsia: Case Co., Ltd. & European Scientific Platform, 2021. -91-94, Tulenova U., Makhmetova A., Daurambekova A., Zulkarnayeva Z.) докторанттың мақаласында шетелдік және ресейлік авторлардың зерттеулерінде ҚР білім берудің жаңартылған мазмұнын жүзеге асыру жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін дамыту мәселелерін шешудің теориялық алғышарттары көрініс табады. Мақаладағы докторант үлесі – 80%.

«К проблеме формирования креативной компетентности будущего учителя начальной школы». (world science: problems and innovations: сборник статей XXXVI Международной научно-практической конференции – Пенза: МЦНС - «Наука и Просвещение». 2019. С. –147-149). Докторант бұл мақалада болашақ мұғалімдердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігіне тоқталды. Мақаладағы - үлесі 100%.

«Жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті ойлауын дамыту» (Б.А.Әлмұхамбетовтың 70 жас мерейтойына арналған «Заманауи жастарды этномәдени тәрбиелеу – ұлттық кодты сақтаудың негізі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция жинағы. Мамыр 2021. 22-26 б., С.Гювен). Авторлар Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті тұлғасы әртүрлі ерекше әдістемені танып, оны қолдана білуі арқылы жаңа деңгейлерге көтерілетіндігі баяндаған. Докторанттың үлесі – 90%.

Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі студенттеріне арналған «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курс бағдарламасы. (Алматы, 2022. – 75 б. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.). Докторанттың қосқан үлесі – 90%.

«Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» оқу-әдістемелік құралы толығымен докторанттың диссертациясының мазмұнына байланысты жасалынды. (Алматы, 2022. – 120 б. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.). Докторанттың қосқан үлесі – 90%.

Бастауыш сынып оқушыларына арналған креативті тапсырмалар кешені. (Алматы, 2022. – 50 б. (Қосалқы автор: Жұмабаева Ә.Е.). Тапсырмалар кешені 1-сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға бағытталған. Докторанттың қосқан үлесі – 90%.

**Диссертацияның құрылымы**. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

# 1 САУАТ АШУҒА ҮЙРЕТУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың мәні мен құрылымы

Креативті құзыреттілікті қалыптастыру үдерісі әрбір студентке өзінің деңгейіндегі шығармашылық әлеуетін одан әрі дамытуға және өзін болашақ кәсіби педагог ретінде тануға ұмтылуына қажетті іргетас болып қалануы тиіс. Студенттің әрдайым өзін креативті тұлға ретінде жетілдіруіне және өзінің креативті құзыреттілігінің әлеуеттік мүмкіндігін өзі бағалай білуіне қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру – жоғары оқу орнында болашақ педагог маман дайындаудың маңызды міндеттерінің бірі.

«Креатив» ұғымы бұрыннан бар ұғымдар мен түсініктерді негіз ете отырып, олардың жаңа мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін табу, тану, жаңа қырынан туындайтын мүмкіндіктерді қолданысқа енгізе білу дегенді білдіреді. «Креатив» ұғымы қазіргі уақытта кең танымал және өмірдің барлық дерлік саласында кеңінен қолданылып келеді. Креативтілік адам өмірінің барлық саласымен тығыз байланысты екендігі белгілі. Көптеген уақыт бойы өнер мен мәдениеттің саласына байланысты қолданылып келген «креатив» ұғымының қазіргі уақытта білім беру саласында кеңінен қарастырылуы – педагогикадағы инновациялық үдерістің тынысын танытады.

«Креативтілік» ұғымы мен «шығармашылық» ұғымын араластыра қолдану немесе бір құбылыстың түрлі қыры ретінде қарау бар екенін зерттеушілер атап көрсеткен. Әрине, бұлар – екі түрлі, өзіндік ерекшеліктері мол, ұқсас тұстары болғанымен, айырмашылықтары жетерлік ұғымдар.

Ағылшынның «create» сөзі – қазақша «жасау» деген мағынаны білдіреді [46]. Сондықтан, «креативтілік» ұғымын қазақтың «жасампаздық» деген ұғымы арқылы да түсіндіруге болады деп ойлаймыз. «Креативтілік» ұғымын оқушылардың шығармашылық деңгейіне өсу қабілетін, шығармашылық ойлау әлеуеті мен деңгейін білдіретін педагогикалық термин ретінде қолдана отырып, білімді сапалы меңгертудің жаңа аспектісін қарастыру мүмкіндігіне ие боламыз. Жасампаздық мағынасында қолдануда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларға хат танытуда сан түрлі айрықша мазмұндағы әдістер мен амал-тәсілдерді сауат ашу үдерісінде оңтайлы және сапалы қолдана білу дағдыларын қалыптастыруы айтылады.

Ғалымдардың айтуынша, креативтілік – адамның күнделікті өмірінен ажырамайтын жасампаз қуатының, шығармашылық күші әлеуетінің жүзеге асырылуы, жарыққа шығарылуы [47]. Креативтілік – дивергенттік ойлау немесе Дж.Гилфордтың анықтауынша, дивергенттік продуктивтіліктің операциялары [4, 57]. Бір ғана өмірлік мәселені шешу үшін адамның түрлі айрықша, қалыптан тыс шешімдерді генерациялай алу қабілеті адамның креативті қабілетін танытады. Сонымен бірге, ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерде адамның

креативтілігі мен шығармашылығы, көп ретте салыстырылып қарастырылғанын көреміз [48]. Алайда, қазақстандық педагогикалық және психологиялық зерттеулерде креативтіліктің табиғаты арнайы терең зерттелмей келеді. Көп еңбектерде креативтіліктің табиғаты мен «креативті құзыреттілік» басқа компоненттермен байланыссыз түрде, жүйеден тысқары бөлініп қарастырылады [49].

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық еңбектерден «креативтілік» ұғымының әрі қарай толыға түскенін аңғаруға болады. Креативтілік жаңа өнім алатын адамның интеллектуалдық қабілеті ғана емес, оның психикасы толысқандығының белгісі ретінде де қарастырылады. Креативтіліктің белгілеріне ғалымдар өнертапқыштық бастамалылық, интуиция, болжай алушылық, прогностикалық ойдың, сезімнің еріктілігі мен еркіндігі, тапқырлықты жатқызады [50].

«Креативтілік» терминін 1922 ж. бірінші қолданған Д. Симпсон, ол жеке тұлғаның ойлауда стереотиптерден бас тарту қабілетін білдіреді деп көрсетеді [51].

Креативтілікті сипаттау үшін 1963 жылы Р.Муни, 1969 жылы А. Штайн ұсынған және бүгінгі күні көптеген зерттеушілер қолданған тәсіл қолданылады. Зерттеуді талдау нәтижелерінен зерттеушілер тіпті креативтілік бар ма, әлде ол ғылыми құрылыс па деген мәселе бойынша келісімге келе алмады ма? Креативтілік үдерісі тәуелсіз бе, әлде креативтілік басқа психикалық үдерістердің жиынтығы ма?

Креативтілікті түсінудің бірі – қарапайым үдерістердің ерекше көріністері, яғни шығармашылық үдерісінде оның жақтастары тәуелсіздіктен бас тартады [52].

Л.Б. Ермолаева-Томинаның зерттеулерінде де шығармашылық үдерістің құрамына барлық әрекет түрі енетіні аталып көрсетілген [53]. Креативтілік тұлғалық сапа ретінде жоғары психикалық функцияларды тірек етеді және оның қалыптасуы әлеуметтік ортаның ықпалымен, оның құндылық бағдарларымен, адамға қойылатын талаптарымен, ақпараттар ағыны ұйымдасуымен, оқып-білім алудан бастап барлық іс-әрекеттерінің мақсатты бағытталуымен жүзеге асады. Креативтілік өз бетімен мәселелерді көре білуімен және мәселені күн тәртібіне қоя білуімен танылады, сонымен бірге, сол мәселелерді шешу жолын, тәсілдерін таба алуымен, нәтижені нақты шығармашылық болмыстан туған өнімге айналдыра білуімен танылады.

Е.П. Варламова мен С.Ю. Степановтың креативтілікті «шығармашылық», адамның шығармашыл мүмкіндіктері тұрғысынан қарастыра келе [54], оның адам бойынан табылатын, әлеуметтік маңызы зор шығармашылық белсенділік түріндегі тұрақты ерекшелік екеніне де терең назар салу керек деп санаймыз. А.В. Морозов зерттеуінде Креативтілік мотивациялық, интеллектуалдық компоненттермен бірге, гуманистік бағдар ұстанатын шығармашылық өнімділігі ретіндегі жеке тұлғаның сипаты түрінде де анықталады [55].

Сонымен бірге, креативтілік түрлі психологиялық түзілімдермен салыстырыла қарастырылатыны да талдау барысында анықталып отыр, атап

көрсетсек, когнитивтік сипаттармен салыстыра қарастыру (Д.Б. Богоявленская, В.Н. Дружинин, С.А. Медник, Я.А. Пономарев, М.А. Холодная), мотивациялық құрылымдармен салыстыру (Л.С. Выготский, А.М. Матюшкин), жеке тұлғаның белгілерімен салғастыра қарау (Т. Амабайл, К. Мартиндейл, Е.Е. Туник). Қазіргі кезде креативтілік ұғымының көпқырлы болмысын ескере отырып, осы ұғымды тануға жүйелік тұрғыдан келу жолдарын ұстанған зерттеулер де белгілі (Т.А. Барышева, А.Н. Воронин, М.М. Кашапов) [56].

Ю.Р. Вагинның пікірінше, креативтілік дегеніміз – ерекше психикалық үдеріс, ол шынайы болмысты қабылдай отырып, өзінің танымдық жүйесінде оны сындыра қолданып, басқаша көре алады [57].

Креативтіліктің дамуына, әсіресе, жеке адамның тұлғалық ерекшеліктері ерекше әсер етеді, атап айтқанда, эмоциялық және мотивациялық факторларының ықпалы зор болып келеді. Креативтіліктің мотивациялық сипаттамасы туралы түрлі көзқарасты талдай келе, ғалым Л.С. Подымова креативті адамдарға тән болып келетін келесі ерекшеліктерді атап көрсетеді: өзінің ішкі мүмкіндіктерін өте дұрыс және жақсы бағытта жүзеге асыруға ұмтылу; өзінің мүмкіндіктерін қолы жеткен жерге дейін жұмсау; іс-әрекеттің жаңа түрлерін әрдайым іздеп тауып, оларды қолдануға дағдылану және игеру [58]. Креативті адамдардың мотивациясы да әрдайым тәуекелге бел бууға, өз мүмкіндіктерінің шегін біліп отыруға ұмтылуы арқылы анықталады.

Сонымен жоғарыдағы ғалымдардың «креативтілік», «шығармашылық» түсініктерін талдай отырып, олардың креативтілікті адамның ойлауында, сезімінде, қарым-қатынас жасауында, жекелеген іс-әрекеттерінде байқалып, тұлғаның болмысын тұтастай сипаттауға негіз қалайтындығы тұрғысынан қарастырғанымен, олар креативтіліктің бір мезгілде адамда іс-әрекеттің жемісі және сол жемісті жасаушы үдеріс ретінде танылатынын жоққа шығармайды.

Атап өтетін тұсы – креативтіліктің тұжырымдық болмысы жеке тұлғаға бағдарланады, ал шығармашылық болса – жеке тұлғаның іс-әрекеті мен нәтижесіне бағдарланады. Креативтілік адамның ойлауын күнделікті күйбең тіршіліктен жоғары деңгейге, яғни күнделікті іс-әрекетке жаңа тұрғыдан қарай білуге жетелейді, бірімен-бірі мүлде сәйкес келмейтін сияқты көрінген нәрселердің өзара байланысын тудырып, жаңа шынайылық тудыруға негіз қалайды. Шығармашылықтың мәні бұрын болмаған, құнды және пайдасы зор, мүлде ерекше жаңа туынды жасауға арналуымен танылады.

Креативтіліктің басты белгісі оның басқалардан мүлде айрықшаланған болмысында жатыр. Адамның өмірі бойына креативтілік және шығармашылық қасиеттері жетіліп, дамып отырады, өйткені, «шығармашылық – адамның ойлауына және адамның өмірлік тәжірибесіне тән, ол адамның терең интеллектуалдық және тұлғалық іс-әрекетін танытады».

Зерттеулер мен еңбектерді талдай отырып, креативтілік пен шығармашылықты тануда мол материал жинақталғанына, олардың белгілі бір деңгейдегі теориялық және практикалық нәтижелерге қол жеткізгеніне қарамастан, осы кезге дейін креативтілік туралы бірізді, бірдей анықтама

жасалмағаны және ондай қабілетті диагностикалайтын бірізді әдістемелік жүйенің де ұсынылмағаны анықталып отыр.

Талдаулардан байқап отырғанымыздай, көптеген зерттеушілердің «креативтілік» пен «шығармашылық» ұғымдарын өзара тепе-тең мағынада деп санайтынын көреміз. Ал біздің ойымызша, бұл ұғымдар синонимдік қатар болып табылмайды, дегенмен түйісер нүктелері бары анық. Ол түйісу нүктесінің нәтижесі ретінде өзара ортақ болып келетін *айрықша болмыс, қайталанбас қасиет, бірегей нәтиже өнімін жасау* деген сипаттарын атап көрсетуге болады. Осы ретте тағы да «креативтілікті» жеке тұлғаның тұрақты сипаты болып келетінін және адамның шығармашылық әлеуетінің жоғары формасы ретіндегі шығармашылық қабілет қабілеттің мазмұнында танылатынын атап өтеміз.

Креативтілік пен шығармашылық – өзара байланысты және ол байланыс екеуінің түйіскен нүктесінде көрініс табатын екі түрлі сападағы қасиеттер.

Біз теориялық талдауларға сүйене отырып, креативтілік ұғымын келесідей нақтылаймыз: «**креативтілік** – *жеке тұлғаның шығармашылық өнімді әрекетін көрсететін, адамның мотивациялық бағыты мен зияткерлік мүмкіндіктерінің, ізгілік қасиеттерінің бірлігін анықтайтын сапасы»*.

Бастауыш сынып мұғалімінің келбеті – ізгілікті білім беруші тұлға. Осылай танылған және мойындалған модель арқылы ғана білімге аяқ басқан бүлдіршіндердің сауатын ашудан бастап, білімнің теориялық негіздеріне дейін меңгертетін мұғалім мен дидактикалық үдерістің нәзік тетіктерін креативті үдеріс ретінде анықтай аламыз.

Қазақстандық бастауыш білім жүйесіндегі әдіскер не ғылыми ізденуші осы саланың қыр-сырын теориялық және практикалық тұрғыдан заманның даму деңгейінде қол жеткізген нәтижелерін танып меңгеруі тиіс. Бұл ретте бастауыш сынып мұғалімі құзыреттілігінің жалпы жүйесін іргелі білім мен дағдылар дайындығы және кәсіби келбеті деп екі қырынан карауға болады.

Ал осы екі қырдың ерекшеліктерінен бастауыш сынып мұғалімінің құзыреттілік жүйесін құрайтын болсақ, коммуникативтік-мәдени-тілдік компонент, жалпығылыми-дидактикалық компонент, әлеуметтік-тұлғалық компонент, ақпараттық компонент, реттеушілік компонент, интеллектуалдық-педагогикалық компонент, операционалдық компонент, шығармашылық компонент, рефлексивтік компонент деп тануға болады. Әрбір компоненттің өзін әрі қарай терең талдайтын болсақ, үлкен құзыреттілікті құрайтын, кіші жүйелер ретінде берілген құзыреттілік екенін көреміз. Бұл аталған компоненттер бірқатар ғалымдардың, атап айтсақ, В.А. Сластенин [59], Т.Г.Браже, Н.М.Борытко [60] еңбектеріндегі пікірлерді синтездеу арқылы жүйеленіп отырғаны белгілі.

Жоғарыда аталған компоненттер қатарына креативтілік компонентті қосып қарайтын болсақ, заманауи бастауыш сынып мұғалімінің келбетінің жаңа сапалы деңгейге өскені айқын білінеді. Әрине, креативтілікті адам бойында туа біткен қасиет пе немесе өсу, даму барысында қалыптастырылуы керекті қасиет пе деген сұраққа біржақты жауап беру қиын екенін ғалымдар осы күнге дейін

айтып келеді. Бұл сұраққа жауаптан гөрі, жалпы, креативтіліктің болмысы неден тұрады, дидактикалық үдерістің ең күрделі тұсы – бастауыш мектептің, оның ішінде сауат ашу кезеңінің ерекшеліктеріне қатысты креативтіліктің орны мен қажетті тұстары қандай деген сұрақтарды қарастыру педагогика үшін пайдалы болмақ.

Дж.Келлидің пікірінше, адам – зерттеуші, ғалым, өзін қоршаған әлемде тиімді, шығармашыл қарым-қатынас жасай алатын, сол арқылы әлемді түсініп, түсіндіріп, қол жеткен нәтижелерді талдай отырып, келешекке болжам жасаушы. Сонда адамның тұтас өмірі – өзінің өмір сүріп отырған ортасын әрдайым зерттеп, танып-білуі, әруақыт болжам жасап, сол болжамын тексеріп отыруы, қолынан келсе, ақыл-білімі жеткенше, оқиға мен жағдайларды реттеп, басқарып, бақылап отыруы [61].

Осы тұста К.Роджерстің «тәжірибе өрісі» немесе «феноменалдық өріс» ұғымы туралы айтып кету орынды болады деп ойлаймыз. Өйткені, К.Роджерстің айтуынша, адам баласы күнделікті өмірде тек өзіне «керек болады» деген ұстаныммен өмір сүреді, оны саналы түрде өзі де айқын түйсіне алмайды. Бұл теория бойынша адамдар санасында өзінің ақпарт қабылдауын, сезінуін, ықпал етуін тек «керек болады» ұстанымы бойынша өткізіп жатады. Осы ұстаным арқылы адам өзіне берілген күш-жігер мен мүмкіндіктерді іске асыруға ұмтылады. Мұндай жағдайда адам өткен шақтағы жинақтаған тәжірибесін, қазіргі мүмкіндіктерін және келешектегі жасай алатындарына саналы түрде қарай алады. К.Роджерс адам өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға туғаннан бастап ұмтылыс жасайтынын, ал оның шын мәнінде жүзеге асуына тұлғаның креативті ұстанымы ерекше ықпал ететінін атап көрсетеді [62].

Ал қазіргі заманауи қоғамның даму барысы креативті адамдарды аса қажет етуде екенін көріп отырмыз. Ол, бір жағынан, ғылым мен технологияның дамуы болса, екінші жағынан, адам баласының мына әлемде сақталып қалуы үшін мәдени-рухани кеңдікке ие болу қажеттілігі күн сайын өзекті мәселе айналып отырғандығымен анықталады. Білім – жай дамудың емес, ізгілікті дамудың құралына айналуы тиіс, ғылым да тек адамзаттың Жер бетіндегі өмірінің ұзаруына қызмет етуі керек. Өйткені С.Д. Юдина бойынша адамның креативті қызметі  дегеніміз – жасампаздық, яғни өз бойындағы мүмкіндіктері мен ерік-жігерін, өз тәжірибесін іске асыруға ұмтылысы. Бұл қасиет және қабілет барлық индивидте болады, бірақ көп жағдайда, адамның психологиялық қорғаныс қабаттарының артында жатады [63].

Педагогикалық креатив дегеніміз білім беру үдерісінде мұғалімнен өз қызметінде қалыптан тыс педагогикалық міндеттерді шешуде жаңаны іздеуі, сабақ беруде жаңалықты қолдануын білдіреді. Ал педагогтің креативті құзыреттілігі дегеніміз – түрлі болып келетін педагогикалық жағдаяттарда өзінің білімін тиімді және жемісті әрекетке айналдыра білуі және қол жеткізген нәтижелері де оны қабылдаған келесі адамға сондай игілікпен ықпал етуі. Сонымен қатар педагогтің  өзін әрдайым жетілдіру үстінде болуын қадағалауы және ойға алған ізгілікті педагогикалық ойларының іске асырылуына мүдделі болуы да креативті құзыреттіліктің келбетін танытады. Болашақ бастауыш

сынып мұғалімдерінің сауат ашуға үйрету үдерісін жүйелі-әрекеттік негізде ұйымдастыра отырып, дәріс пен семинар сабақтарда таныған жаңа білімдік ақпаратты өзінің даму траекториясына серпін беретін рухани қуат ретінде қабылдауға дағдыландыру маңызды бағыт болып отыр.

Бастауыш сынып мұғалімін даярлауда студенттің кәсіби келбеті қалыптасуын ерекше траектория ретінде анықтау арқылы оның дамуын жүйелі, дидактикалық қатынас ретінде тануға болады. Студенттің болашақ педагог ретінде кәсіби дамуына ішкі серпін болатын күш ғалымдардың [64] анықтауына сүйене отырып және өзіміздің тарапымыздан талдау жасай келе, төрт арнадан туындайды деп ойлаймыз. Нақты атап көрсететін болсақ, ол арналар:

– студенттің жас ерекшелігіне сай есею, даму кезеңдерінде туындайтын саналы күш-қуат;

– жоғары оқу орнындағы жүйелі құрылған білім беру үдерісінің қуатты дидактикалық жүйесі;

– бастауыш сынып мұғалімі моделіндегі тұлғалық-бағдарлы бағытта қалыптастыру технологиясының серпіні;

– педагогтің елдік сана деңгейіне өсуі арқылы жас ұрпаққа білім берудің жауапкершілігін терең түсінген азаматтық рухани қуат.

Айтылған бұл ойымыз келесі суретте модельденіп берілді.




Сурет 1 – Студенттің болашақ педагог ретінде кәсіби даму траекториясының серпін күштері

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде креативтілікті қалыптастыру дегеніміз, талаптары тез өзгеріп отыратын білім беру үдерісінде мұғалімнің өзін

әрдайым жетілдіру үстінде ұстауына және өзгерістерге бейімделе алуына дағдыландыру. Тұлғаның тұтастық ретінде дамуына және ішкі әлеуетті мүмкіндіктерін ашуына негіздер қалайды.

Бастауыш сынып мұғалімі үшін креативті құзыреттіліктің маңызды орны, әсіресе, бірінші сыныптағы оқушыларға әлемді таныту, жаңа ұғымдар жүйесін бүлдіршіндердің санасында қалыптастыру сияқты аса маңызды кәсіби міндетті сапалы шешу үдерісінде керек. Өйткені креативті құзыреттілігі арқылы ғана мұғалім ойлаудың ерекше түрін тиімді игеріп, заманауи қоғамдағы бүлдіршіндердің санасына білім мазмұнын меңгертудің алғашқы баспалдағы – сауат ашудың сапалы және оңтайлы жолдарын білетін және орнымен қолданатын болады. Бұл, тіпті десек, өнертапқыштық қабілет пен жаңа өнер туындысын жасаумен пара-пар келетін ерекше креативті синтез жемісі болмақ.

Креативті құзыреттілік, Т.А. Макаренконың пайымдауынша, маманның тек жұмыс жасауын емес, ерекше сенімділікпен жаңашылдық идеяларды ойлап табуын және тәжірибесінде қолдануға ерік-жігерінің жеткілікті дәрежеде болуын танытады [65].

Креативті құзыреттілік жеке тұлғаның қозғалмалы, әрдайым дамып, жетіліп отыратын айрықша бір құрылымы ретінде мынадай ерекшеліктерге ие болып келеді:

– бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі, шығармашылық әлеуеті зор болады;

– креативтілігі, шығармашылық белсенділігі дамыған және әрдайым әрекет үстінде болады;

– сабақтары мен мектептен тыс оқу-тәрбиелік жұмыстарының барлығында креативті бағыты айрықша көрініп тұрады;

– креативтілігі әр мұғалімнің дербес болмысынан туындап жатқанын танытатын белгілері болады;К

– креативті істерге ұйытқы, бастамашыл болады;

– ойлап табу, импровизациялық шеберлігі көзге ұрып көрініп тұрады;

– жас болса да, шығармашылық жетілгендігі анық танылып тұрады;

– қандай жағдаят болса да, оны тез игеріп алатын қабілеті болады;

– өзін өте тәртіптілікте, барлық жағдаятқа дайын күйде ұстай алады;

– дербестігін жоғалтпайды, бірақ ерекшеленуден бойын аулақ ұстайды:

– берілген тапсырманы немесе мойнына алған міндеттемені дұрыс әрі креативтілік танытып орындайды.

Студенттің болашақ педагог ретіндегі кәсіби шеберлігі – оның өмірлік қажеттілігі. Сондықтан заман талаптарына сай, бастауыш сыныпта, оның ішінде бірінші сыныпта сауат ашу кезеңдерін оқытуда мұғалімнің креативті құзыреттілігі айқын танылатын кезең және нақ осы кезең үшін аса қажетті құзыреттілік. Жоғарыдағы ғалымдар креативті құзыреттілікті студенттің кәсіби дамуына ішкі серпін болатын күш тұрғысынан қарастырғанымен, барлығы да болашақ маманды креативті құзыреттілік тұрғысынан даярлау қажеттілігін жоққа шығармайтынын байқадық.

Сонымен ғалымдардың «креативті құзыреттілік» ұғымы мен «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігінің мәнін, құрылымын талдай келе, біз «**креативті құзыреттілік** – *болашақ маманның ерекше сенімділікпен жаңашылдық идеяларды ойлап табуы және оларды ерік-жігері арқылы өз тәжірибесінде қолдануы*», ал «**болашақ бастауыш сынып мұғалімінің, яғни қазіргі студент тұлғасының креативті құзыреттілігін қалыптастыру** – *бұл оның жоғары кәсіби білім алу үдерісіне және болашақтағы мамандығына терең жауапкершілік сезімімен қарап, оған дайындық барысында өзінің санасынан резерв-ресурстарды табуы және оларды өмірдегі, кәсібіндегі туындаған жағдаяттарға орнымен, дұрыс шешім шығатындай етіп қолдану траекториясы*» деген анықтамаларды беруге тырыстық. Ендігі кезекте педагогикалық еңбектерде терең қарастырылған *құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, креативті құзыреттіліктердің* өзіндік құрылымына талдау жасаймыз.

Бірінші кезекте, «құзыреттілік» терминінің мәнін ашып алайық. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде» «құзыр» ұғымына «қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деген анықтама берілген болса [66], ал С.И.Ожегов сөздігінде «құзыреттілік – белгілі бір мәселені жан-жақты білу» делінген [67].

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н.Хомский. Құзыреттілік бұл – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, ерік күш-жігердің болуы.

Құзыреттілік – алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Бұл жайлы Б.Тұрғынбаева «…өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаса, Ғалым Ш.Таубаева, «құзырлылық дегеніміз – педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлылығы» деп пайымдады. Ал Б.Т.Кенжебаев өз зерттеуінде «құзырет» бұл тұлғаның белгілі бір пәндер шеңберіне қатысты білім, іскерлігі, дағдысы мен іс-әрекеттері тәсілінің өзара байланысқан сапаларының жиынтығы деп көрсетті [68].

И.Е. Брякова «Филолог-педагог студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі» атты еңбегінде креативті құзыреттілікті кәсіби-шығармашылық, әдеби-шығармашылық, жеке басының шығармашылығы сияқты қасиеті бар тұлғаның интегралдық көпфакторлы сапасы деп анықтайды [70].

Әрбір құзыреттілік, ғалымдардың пікірінше, одан әрі, кем дегенде, бес компоненттен құралады [71]. Олар келесідей:

–кез келген әрекетте немесе мінез-қылықта құзыреттілікті танытуға дайын болу немесе мотивациялық қыры;

– іс-әрекетті орындаудың құралдарын, тәсілдерін, бағдарламасын білу, әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шеше алуы, өзін-өзі ұстау ережелері мен нормаларын білу немесе когнитивтік аспект;

– түрлі қалыпты немесе қалыптан тыс жағдаяттарда өзінің құзыреттілігін көрсете білу тәжірибесі болуы немесе өзін ұстау, мінез-қылығы қыры;

– құзыреттіліктің мазмұны, өту барысы мен нәтижесіне деген қатынасы (тұлғаның құндылық қатынасы);

–құзыреттіліктің нақты әрекет барысында көрініс беру үдерісі мен нәтижесінің эмоциялық-еріктік реттелуі.

Креативтіліктің табиғатын зерттеп-зерделеген ғалымдардың, атап айтсақ, Д.Б.Богоявленскаяның [24, 115], Э. де Бононың [72], И.Е.Брякованың [73], В.Н.Дружининнің [74], А.Маслоудың [75], К.Роджерстің, Р.Стернбергтің [76], М.А.Холоднаяның [77], А. Уолш, М. Веббтің [78], И.С.Егорова, Е.А.Михалкинаның [79] т.б. ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, олардың адамның креативті қабілетін арнайы ұйымдастырылған сабақтар мен арнайы креативті орта арқылы «ынталандыруға және жақсартуға болады» деген пікірін ұстанамыз.

Ғылыми еңбектерді талдауда, құзыреттіліктің құрамында екі компонент ерекше тұратыны анықталды, олар: жалпы құзыреттілік, яғни құндылықтар, мотивация, өзін ұстау және кәсіби қызметтен тысқары әлеуметтік ортада өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құзыреттілік [80].

Осы ретте Н.Л. Дмитриеваның бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін құраушы компоненттерін көрсету орынды болады деп ойлаймыз, олар келесі компоненттер:

–мазмұндық компонент, яғни білім;

–іс-әрекеттік компонент, яғни дағдылар;

–жеке тұлғалық компонент, яғни өзіндік санасының жоғарылығы;

–әлеуметтік компонент, яғни кәсіби қызметінің қоғамдық маңызын биік деңгейде түсінуі [81].

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі мәселесін зерттеген ғалым Н.В. Колпакова әдіснамалық, психологиялық-педагогикалық және пәндік компоненттерді атап көрсетеді [82]. Осы бағыттағы зерттеу авторы М.В. Шустова келесі компоненттерді ұсынады: психологиялық-педагогикалық, пәндік, әдістемелік және жеке тұлғалық [83].

Ал Т.М. Сорокинаның пікірінше, болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің құрамы келесі компоненттерден тұрады: 1) мотивациялық компонент, ол бастауыш сынып оқушысы тұлғасын дамыту мақсаты басымдық орында қойылған студенттің оқу-кәсіби әрекетінің ерекше бағытының біртіндеп дамуы арқылы танылады; 2) кәсіби-іс-әрекеттік компонент, оның құрамында келесі оқу-кәсіби әрекеттер болады: а) педагогикалық жағдаяттарды көпөлшемді, әрдайым инновациялық түрде болып келетін педагогикалық шынайылық ретінде қабылдауға және бағалауға мүмкіндік беретін арнайы талдау дағдылары, ә) болашақ педагогке оқу пәні материалын ерекше диагностикалау материалына өзгерте алатын дағды қалыптастыратын ерекше

кәсіби-диагностикалық әрекеттер, б) жобалау әрекеттерінің негіздері, ол арқылы оқушының өмірлік әрекет ортасын, немесе ғалымның шартты атауынша, педагогикалық кеңістіктегі оқушының ортасын икемделген жүйе ретінде құруға қажетті дағдылар, ол педагогикалық кеңістікте бастауыш сынып оқушысы үшін мұғаліммен, сыныптастарымен, ата-аналарымен өзара байланыс жасау жүйесі қалыптасады [15,76]. Дж. Равен ұсынған модельге сай қарастырар болсақ, кейбір құзыреттілік түрлері басқа құзыреттіліктің компоненті ретінде танылa алады және керісінше. Оларды Дж. Равен когнитивтік, аффективтік, ерік-жігерлілік компоненттер деп атап көрсетеді [84].

Ал креативті құзыреттіліктің құрылымы туралы қарастыруда «құрылым» табиғаты туралы қысқаша айтар болсақ, бұл ретте, С.В. Гиннэнің құрылымды нысанның көптеген компоненттерінің арасындағы тұрақты байланысы және оның негізгі қасиеттерінің сақталуының көрінісі деп сипаттауын ұстанамыз. Оның айтуынша, жүйенің ішіндегі байланыстардың конфигурациясы және сипаты осы құрылымы болып табылады [85]. Ал Н.Ф.Ефремова [86] мен И.С. Бекешеваның [52] зерттеулеріне сүйенсек, құзыреттіліктерді жобалауда оған негіз болатын «дайындық» белгілерін тану маңызды болмақ. Яғни, 1) білім, білік, дағдыларды меңгеру (когнитивтік қыры), 2) білімін, дағдыларын қолдануға дайындық (мотивациялық қыры), 3) түрлі жағдаяттарда өзінің құзыреттілігін қолдануға дайындық (мінез-қылық қыры), 4) өз әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілік (этикалық қыры).

Осы бағытта зерттеулер жүргізген ғалымдардың, М.М. Кашапованың, Т.Г. Киселеваның, Т.В. Огородованың рефлексивтіліктің жоғары деңгейіне шыға алған педагог өз әрекетін де, білім алушылардың жауап ретіндегі қылықтарын да дәл және нақты талдай алады деген пікірін қолдаймыз. Өйткені осындай мұғалімдер арқылы дарынды балаларды дамыту нәтижелі жүзеге асырылады [87].

Креативті құзыреттілікті кең қарастырған И.Е.Брякованың көзқарасын қолдай отырып, келесі компоненттерді көрсетіп өтеміз: аксиологиялық, мотивациялық, когнитивтік, операционалдық, рефлексивтік [88].

Жоғарыдағы ғалымдар зерттеулеріне сүйене отырып, креативті құзыреттіліктің ішкі құрылымын келесі сапалы құраушылардан тұрады деп анықтауға болады:

1) креативті құзыреттіліктің *когнитивтік құраушысының* мазмұны: студенттер өздерінің болашақ мұғалім мамандығы бойынша теориялық білім мазмұнын меңгеру үдерісінде талдау, жинақтау, салыстыру, болжам жасау әдістері арқылы кәсіби базалық білім алу, түрлі педагогикалық жағдаяттарға байланысты қалыптан тыс мәселелерді шешу, білім және дағды бойынша проблемалық мәселелердің шешімін іздеп табу, дивергенттік ойлау, сауат ашу әдістемесінің тиімділігін жоғарылату мақсатында түрлі әдістемелік жүйелерді іздеу, салыстыру, таңдай білу, қажетті ақпаратты тез және оңтайлы әдіс арқылы таба білу, семантикалық және бейнелі бейімділік икемді болу, тәжірибе жинақтау және басқа тәжірибелерді есінде сақтау, латеральды ойлауға бейімді болуы (жаңа идея тудыру үшін қалыптан тыс жол іздеу);

2) креативті құзыреттіліктің *мотивациялық құраушысының* мазмұны: студенттің білім алу барысындағы психикасының белсенді жұмыс жасауы, алдағы өзінің бастауыш сынып мұғалімі кәсібіне қажетті, оның ішінде бірінші сынып оқушыларының сауатын ашуға аса қажетті нәзік те күрделі дидактикалық іс-әрекет жүйесін ұйымдастырып, жүзеге асыруға керекті әдістемені іздеп табу, қолдану дағдысы, әрбір кәсіби қадамында шығармашылық әрекет жасап және оның нәтижесінде оқушылардың көңіл-күйі мен қол жеткен табыстары қуаныш пен жаңа қуат көзіне алып келетіндей болуы керек; құндылық бағдарлары білімге ғана емес, тәрбиеге де бірдей көлемде бағытталуы керек, ол үшін мұғалім мен оқушының бірге өткізетін дидактикалық қарым-қатынастарында жоғары адамгершілік ұстанымдар орын алуы тиіс;

3) креативті құзыреттіліктің *ерік-жігерден құралған* бөлшегінің мазмұны: студент кезінен бастап, бастауыш сынып мұғалімінің бойынан ата-аналар, әріптестер, қоғам іздейтін асыл қасиеттерді қалыптастыруға кедергі болатын ішкі және сыртқы психологиялық, әлеуметтік т.б. кедергілерді жою; педагогикалық рухы жоғары болу, дұрыс педагогикалық мәселеге байланысты көзқарасында тәуелсіз болу, қажырлы, қайсар, табанды болу, қатып қалған догмалық идеялар мен тәжірибелерді ысыруға тайсалмау, ақпараттық технологияның жаңалықтарын дер кезінде игеру, әрдайым жаңа интеллектуалдық биіктерге ұмтылу;

4) креативті құзыреттіліктің *эмоциялық құраушысының* мазмұны: студент жоғары оқу орнында болашақ мұғалім мамандығын меңгеру үдерісіндегі әрбір дәрісті тыңдау әрекетін, семинарға дайындалу және қатысу, сұраққа жауап беру және өз ойын дәлелдеу әрекетінде, лабораториялық жұмыстарда, педагогикалық практикада атқаратын әрбір әрекетін әрдайым саналы бақылап және реттеп отыруы; яғни орнықты, бірқалыпты сезімталдық, эмоциялық тұрақтылық, жаңалықты жан-тәнімен сезетін сезімталдық, басқаның сезіміне аса байқампаздықпен аялап қарау, қайырымдылық, ал қарама-қайшылықтарға толеранттылық таныту;

5) креативті құзыреттіліктің *іс-әрекеттік-операционалдық құраушысының* мазмұны: студенттік шақта білім алу және педагогикалық практика өту үдерісінде, ал кәсіби қызметін бастаған күннен бастап педагогикалық еңбегінде өзінің білімін, дағдылар жүйесін, шығармашылық тәжірибесін, жеке тұлға ретіндегі болмыс ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін дұрыстықпен пайдалана отырып, жүзеге асыру; яғни өзінің саналы түрде таңдаған бастауыш сынып мұғалімі қызметінде алға қойған ірілі-ұсақты мақсаттарына қол жеткізу; ойлау мен сөйлеуде, түрлі жағдаятта көрінетін мінез-қылықтарының икемді болуын бақылау және дағдылану; бейімділік, сонылық/оригиналдылық/, мылжыңдыққа, көпсөзділікке әуес болмауы; жаңа идеялар ұсынушылық; бірінші сынып оқушыларының сауатын ашу әдістерін талдай білу, оқушылардың дыбыстардан буын және сөз құрау, ойлаған жаңа баламаларын айтуға құлшынысын дамыту; оқушылардың әрбір жаңа қадамдарын қолпаштап отыру;

6) креативті құзыреттіліктің *рефлексиялық құраушысының* мазмұны: өзін және өз іс-әрекетін шынайы бағалай білу; өзін-өзі қатаң бақылай білу; қол жеткен нәтижелеріне сыни тұрғыдан қарай білу; өзін-өзі сыйлау; болжағыштық қасиетін дамыту; өзіндік сананың биік деңгейде дамыған болуы, бақылаудың ішкі локусы дамыған болуы; өз іс-әрекетінің нәтижелерін болжай алу.

7) креативті құзыреттіліктің *аксиологиялық құраушысының* мазмұны: бастауыш сынып мұғалімінің оқушының сөзі мен тұлғасына деген шығармашылық-құндылық қатынасы [89].

Сонымен, зерттеулерде қарастырылған креативті құзыреттіліктің ішкі құрылымдық құраушыларының моделін келесі суреттен көруге болады.




Сурет 2 – Креативті құзыреттіліктің ішкі құраушы компоненттері

Бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың мектептегі алғашқы кезеңіндегі сауат ашу үдерісін тиімді ұйымдастырып өткізуде кәсіби барлық маңызды құзыреттермен бір жүйеге енуі тиіс деп, қарастырылып отырған креативті құзыреттіліктің ішкі құрылымын осылай анықтауға болады. Жаңа мыңжылдықтағы мұғалімнің креативті құзыреттілігі – кәсіби құзыреттілік моделіндегі аса маңызды компонент. Өйткені өмір бойы білім алуға бағыт ұстанып отырған адамзат қоғамындағы жаһандық білім стратегиялары оқушылардың креативтілік, шығармашылық әлеуетін ашып, пайдалануды үйретуге және өз бетімен сол әлеуетті толтырып отыруға дағдыландыруды аса қажет етуде. Адамзат қоғамында және қоршаған ортада өте тез болып жататын

шынайы болмыстар оқушылардың, болашақ азамат, болашақ ересек адам ретінде тез бейімделгіш қабілеттерінің әлеуетін дамытудың маңызды орынға қойылғанын көрсетіп отыр.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық негізінің болмауы, сондай-ақ « креативті құзыреттілік» терминін пайдаланудың жаңашылдығы біздің зерттеуіміздің логикасын анықтайды. Біз осы тармақшада категориялық аппаратты қалыптастыруға және сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру ұғымын нақтылауға, креативті құзыреттіліктің ішкі құраушы компоненттерін айқындауға мән бердік.

## 1.2 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті динамикалық жүйе ретінде

Бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті туралы қарастыру үшін, ең алдымен, оның болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаумен байланысты нормативтік құжаттармен сәйкестігін негіздеп алу қажеттігі туындайды.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті Қазақстан Республикасының Конституциясындағы [90] 30-бапта берілген жоғары білім алу құқығына сүйенеді және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңындағы [91] «Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру» деп аталатын 29-бабында «1. Білім мен ғылымды интеграциялау, оқу-тәрбие процесін қаматамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу...» деп көрсетілген баптарды тірек етеді.

Сонымен бірге, зерттеу жұмысымыздың дидактикалық әлеуеті болашақ бастауыш сынып мұғалімін дайындаудың Мемлекеттік стандартындағы «30. Жалпы білімділікке қойылатын талаптар: 1) ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық пәндері саласында базалық білімінің болуы; 2) заманауи техниканы қолдану дағдысының болуы, кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды қолдана білуі, 3) күнделікті кәсіптік қызметке және магистратурада білім алуды жалғастыруға қажетті жаңа білімді меңгеру дағдысының болуы» деп көрсетілгендей келбетте қалыптастыруға қажетті теориялық негіз қалайды [92].

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.К.Тоқаев өзінің 2020 жылғы қыркүйек айындағы Жолдауында: «Сонымен бірге біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанымыз жөн», – деп атап көрсеткетін белгілі [93].

Осымен де байланысты, сауат ашуға үйрету үдерісінде («Әліппені» оқытумен байланыстыра) болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті заманауи және еңбек нарығында болашақ маманның өз орнын табуға сенімді тірек болатын оқыту әдістері мен формаларын, ұстанымдарының жүйесі болуы керектігін нақтылай түседі.

Креативті және шығармашылық құзыреттіліктерді кәсіби құзыреттің жоғары деңгейіне жатқыза отырып, оның дидактикалық әлеуетін анықтап жүйелеуде сол деңгейдің ерекшеліктерін үзбей назарда ұстау керек. Бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі – қазіргі және әсіресе келешек жылдардағы педагогтен өз қызметінде талап етілетін маңызды құзырет. Өйткені креативті құзыреттілік заманның күнделікті тірлігіндегі қажетті істің барлығына қатысты болатыны анық.

Ал білім беруде, оның ішінде 1-сынып оқушыларының сауатын ашудың маңызды іргетасын қалауда ақпараттық технологияны қолдану мәдениеті 1 жастан бастап, күн санап жетіліп отырған жас балаға мұғалімнің 100 жылдан бері келе жатқан сауат ашу әдістерін қолдануы дамуды тежеумен бірдей болатынын да ойлауымыз керек. Ал университетте қалыптастырылған креативті құзыреттіліктің ерекшелігі болашақ мұғалім әр оқушының бітім-болмысының ерекшелігіне лайықты әдіс-тәсілдерді икемділікпен және оңтайлы қолданудың кәсіби дағдысын игеруімен анықталады.

Сонда педагогтің жалпы кәсіби қызметінде креативті құзыреттіліктің орнығуы сауат ашу үдерісінің дұрыс ұйымдастырылып, сапалы оқытылуының кепілі сияқты танылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі қалыптасуы дегеніміз оның сауат ашуға үйретудегі біртұтас оқу-тәрбие үдерісіне қатысты дидактикалық құзыреттілігінің жеткілікті дәрежеде, заманауи толыққанды екенін білдіретіні белгілі.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуетін белгілі бір педагогикалық мақсатты көздеген динамикалық жүйе ретінде қарастырамыз. Негізінде, ғалымдардың айтуынша, динамикалық жүйелер дегеніміз – қандай да бір нысанның, үдерістің, құбылыстың белгілі бір күйі сипатталған жүйе ретінде берілген математикалық моделі [94].

Сонда динамикалық жүйе белгілі бір үдерістің болмысын бір күйден екінші күйге ауысу бірізділігі ретінде сипаттайды. Педагогикалық үдеріс динамикалық педагогикалық жүйені білдіреді, онда жүйеқұраушы басты элемент – барлық құраушы элементтердің вертикалды субординациясын қамтамасыз ететін мақсат, оқу мақсаты [95].

Ал горизонталды жағынан жүйені үйлестіруші болып табылатындар – педагогикалық үдеріске қатысатын субъектілердің, яғни біздің жағдайымызда, студенттер мен оқытушының дайындық деңгейі. Сауат ашуға үйрету үдерісінің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуетінің динамикалық жүйе бола алуы,

дидактикалық категориялардың бір-бірімен және іштей өзара сабақтаса байланысып біртұтас педагогикалық үдерісті құрауынан танылады.

Ол ерекшеліктерді дидактикалық категориялардың, атап айтсақ, *оқу мақсаты, оқу мазмұны, оқу формалары, оқу әдістері мен оқу құралдары, студент пен оқытушының оқу іс-әрекеттері, оқу нәтижелерінің* нақты педагогикалық үдеріске, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты қарастырамыз. Сауат ашуға үйрету үдерісінің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды динамикалы дидактикалық жүйе ретінде анықтау арқылы дидактикалық әлеуеттің өзара үйлесімді қызметін көрсететін келесі модельдегі үлгіні анықтау мүмкін болады.




Сурет 3 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің (ББСМ) креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуеті

Педагогикалық үдеріс педагогикалық ықпал ету және өзара ықпалдасу ретінде өзінің белгілі бір *мақсатын* анықтап, соған бет алуы тиіс екендігі белгілі. Заманауи педагогика қағидаттарында білім беру адамның ойы мен санасын, іс-әрекет жүйесін жақсылыққа қарай өзгертуге қызмет етуі керек деген идея бел алып келеді. Бұл ретте В.В. Краевскийдің және т.б. ғалымдардың [96] білім беру үдерісін оқу мен тәрбиенің бірлігі деп қарастыру арқылы оқу мақсатына ерекше орын беріп отырғанын атап кетеміз. Осындай

идеялардың негізінде оқу мақсатын білім берудің іргетасын құрайтын басты тірегі деп тану дұрыс деп ойлаймыз.

*Білім мазмұны* – адам баласының өмір жолында сенімді деп жинақтаған мәдени құндылықтарының зор жиынтығы. Сонымен бірге осы жиналған білімнің әлеуметтік мәнісін танытады, динамикалық және тұтас педагогикалық үдеріске қатысатын субъектілердің индивидуалдық ерекшелігіне байланысты болатын дидактикалық категория [97]. Біздің жағдайымызда, білім мазмұны сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің мазмұнына да тығыз байланысты екені белгілі.

Дидактикалық ұстанымдар мен категориялар сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың *педагогикалық шарттарының жүйесін* білдіреді.

Ал сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың *технологиялық жүйесін* құрайтындар:

– оқыту формалары, яғни инновациялық, интерактивтік дәрістер;

– инновациялық семинарлар;

– әдістер (креативті құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту әдістері, шығармашылық әдістер, проблемалық әдістер, инновациялық әдістер және дәстүрлі әдістер);

– оқу-әдістемелік құралдар, мультимедиалық құрал-жабдықтар, оқу бағдарламалары, дидактикалық материалдар.

Білім мазмұнын студентке меңгерту үдерісінде қолданылатын *оқу әдістері* және *оқу құралдары* оқытушы мен студенттің біріккен оқу-танымдық әрекетіне тікелей байланысты болады және соған негізделіп анықталады. Жоғары оқу орындарында оқыту әдістері тек білім беруді ғана емес, студентке ғылымның өзегін тануға ұмтылуына, ғылыми тақырыпты зерттеуге дағдыланып, оның әдіснамалық негізін айқындауға дағдыландырады [98].

Дидактикалық әдістер білім берудің мақсатын, психологиялық және гносеологиялық қырларын танытатыны белгілі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда оның үлкен жетістіктерге қол жеткізуі көзделетіні анық. Ол үшін студенттің жалпы дүниетанымдық, жеке тұлғалық, кәсіби қабілеттерін дамыту қажет. Студенттердің бойындағы кәсіби шеберлікке деген ұмтылысы мен қабілеттерін дамытудың міндетті шарты студенттің өзін белсендіру болып табылады. Белсенділік, алға, жетістікке ұмтылушылық студенттің болашақ кәсіби тұлға ретіндегі базалық қасиеті болып келеді.

Креативті құзыреттіліктің қалыптасуында белсенді әрекет белді орынға ие болып келеді. Студенттердің креативті қабілеттерін жетілдіру, креативті ойлауын дамыту педагогикалық үдерісте оқу-танымдық белсенді әдістерді қолданумен тығыз байланысты [99].

Жоғары мектеп педагогикасында қолданылатын белсенді оқу әдістерінің ерекшеліктерін зерттеген ғалымдардың айтуынша, белсенді оқу әдістері

студенттің кәсіби тұлға ретінде дамуының, оқу мақсатына қол жеткізудің игілікті жолдары ретінде қызмет етуі тиіс. Белсенді оқу әдістері мен интерактивті оқу әдістерін қолдана отырып, оқыту үдерісінде барлық студент тақырыпты тануға, талдауға қатысып отырады.

Әр студент өзінің түсінігі мен ұғымы деңгейінен алға қойылған оқу тапсырмасын шешуге ұмтылады. Белсенді оқу әдістері мен интерактивті оқу әдістерінің комбинаторикасы түзілуі арқылы студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін сапалы және қарқынды ету мүмкіндіктері молаяды. Комбинаторика – дискретті нысандарды, жиындарды және олардың қатынастарын қарастыратын математиканың бір саласы. Дидактикада оқу әдістерінің комбинаторлық тізбекте орналасуы арқылы жаңа мүмкіндіктерді анықтау туралы қарастыруға болады деп ойлаймыз. Белсенді оқу әдістерін қолданудың өзіндік ерекшелігі сонда, бұл дегеніміз – тек білім мазмұнының көлемін ұлғайту емес. Оның орнына, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі қалыптасуына игі ықпал ететін дидактикалық және жайлы психологиялық жағдай жасау [100]. Бірқатар еңбектерде арнайы қарастырылған жоғары оқу орнында болашақ мамандардың [101-102], педагогтердің [103], соның ішінде бастауыш сынып мұғалімінің [104] құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық [105] қырларын талдау барысында креативті құзыреттілікті қалыптастыру әдістерін жүйелі түрде қарастыру – болашақ маман дайындаудағы жаңа бағдар екені анықталды.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістерінің негізгі сипаттамасы оқу-танымдық үдерісте ол әдістердің жаңа өнім немесе жаңа идея жасауға бағытталатынымен анықталады. Студенттердің дамыған қиялдауы олардың сенімді мотивациясына және жаңа идея, жаңа өнім жасаудағы тұлғалық қасиеттеріне сүйенеді. Студенттің еркіндік сезімі және пәндер бойынша жүйелі жинақтаған білімі мен универсалды дағдылары – креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістерінің дұрыс және мақсатқа сай қолданылуының нәтижесі.

Студенттің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістерін, ғалымдар:

–ақпаратпен жұмыс жасау барысында қолданылатын креативті әдістер;

–мәселені/ проблеманы шешу барысында қолданылатын креативті әдістер;

–шешімді талдаудағы креативті әдістер;

–зерттеу барысында қолданылатын креативті әдістер деп бөліп қарастырады [106].

Жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістерді сапалы және оңтайлы қолдануды талап етеді. Креативті әдістерді қарастырған зерттеулерге сүйене отырып [107], олардың ізімен біз де келесі әдістер жүйесін қолданамыз. Олар: «Миға шабуыл» әдісі, синектикалық әдісі, ассоциация әдісі, рефлексия әдісі, «Сократ диалогы» әдісі, накты жағдаятты талдау әдісі (кейс-

стади әдісі), жоба әдісі, SWOT-талдау әдісі, құрылымдық-логикалық модельдеу әдісі.




Сурет 4 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістері

Бұл әдістердің өзіндік ерекшеліктерін сипаттау арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінде қолдану жолы мен орнын анықтау мүмкін болады.

*«Миға шабуыл» әдісі* – креативті-шығармашылық ойлауды белсендіру әдісі, оның негізі топпен біріге отырып, мол қуатты танымдық мүмкіншілікті күрделі түйінді шешуге бағыттайтын әдіс. «Ми шабуылының» міндетіне келесілер жатады:

– креативті шешімді іздеу үдерісін екіге бөліп қарастыра отырып, яғни идеяны генерациялау кезеңі және ол идеяларды бағалау кезеңіне бөле отырып, психологиялық инерцияның кедергілерін жою үшін;

– сапасы жағынан төмен түсіп кететін болса да, жаңа идеялардың санын көптеп генерациялауға және ізденіс алаңын кеңейтуге жол ашу.

– «Ми шабуылы» әдісі педагогикалық еңбектерде былайша сипатталады:

– қолданыстағы қарапайымдылығы мен қолжетімділігі;

– белгісіздік жағдайында осы әдісті қолдану арқылы бір шешім табу мүмкіндігі;

– байыпты шешім іздеуге негіз болатын идеяларды генерациялау жеделдігі;

– тәрбиелік қызметі үлкен екендігі [108].

«Миға шабуыл» әдісінің логикалық жалғасы іспетті әдістің бірі – *синектикалық әдіс*. Бұл әдісті Дж.Гордон ұсынғаны белгілі. Синетикалық әдіс,

оның айтуынша, проблемаларды шешудің тиімді әдісі ретінде бағалайды. Өйткені «синектика» деген сөздің өзі «түрлі тектес элементтердің үйлесімді тіркесімі» деген мағынаны білдіреді. «Миға шабуыл» сияқты, мұнда да топтық шешім маңызды орын алады. Аналогия арқылы синектика технологиясын қолдана отырып, студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру міндеттері шешіледі.

*Ассоциация әдісі* – жекелеген анықтамалардың, деректердің, заттардың, құбылыстардың өзара байланысы. Сол байланыстың нәтижесінде, бір ұғым аталған кезде, онымен тығыз байланысқан екінші ұғым туралы естелік туындайды. Ассоциациялар түрлі белгілер бойынша туындауы мүмкін, атап айтқанда, сан, түр мен түс, дәм мен иіс, дыбыс пен іс-қимыл белгілеріне байланысты. Ассоциация әдісі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда студенттердің креативті-шығармашылық белсенділігі мен логикалық ойлауын дамытып, сөздік қорын жетілдіреді.

Студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда *рефлексиялық әдісті* қолдану көптеген тиімді мүмкіндіктер туғызады. Рефлексия әдісі студенттердің өздері таңдаған мамандығы бойынша жан-жақты меңгерген біліміне сүйенетін рефлексивтік-бағдарлы білім беру ортасын құруға тірек жасайды. Рефлексия студенттің өз бетімен орындайтын шығармашылық продуктивті оқу-танымдық әрекеті арқылы игерген білімін санасында терең түйсіне отырып, ұжымдық және индивидуалдық субъектіге айналдырады. Рефлексия әдісі арқылы студенттің өзінің болашақ педагогикалық қызметінің құндылығы мен мәнділігін терең түсінеді. Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі продуктивті оқытудың құрылымын, мазмұнын, рефлексия әдісінің қолданылу орындылығын анықтайды.

*«Сократ диалогы» әдісі* – екі адамның бірі сұрақ қойып, екіншісі жауап беретін сұхбатқа түсу тәсілі. Сұрақ қоюшының мақсаты – жауап берушіні өз біліміне сыни көзқараспен қарауға үйрету, бірақ дұрыс сұрақ қоя отырып, оған дұрыс жауапты іздеп табуына көмектесу. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда «Сократ диалогын» қолдануда оқытушы мен студент немесе студент пен студент өзара белгілі бір рөл бөлісіп алады және «Сократ диалогының» бес кезеңін жүріп өтеді. Олар:

–оқытушы студентке сұрақ қояды;

–студент өзінің идеясын – болжамын айтады;

– оқытушы студенттің болжамына күмән келтіріп, сыни көзқарасын білдіреді; студент ол сұрақтарға жауап бере отырып, өзінің ұсынған болжам-теориясын қорғауға ұмтылады;

– студент ендігі кезеңде өзінің болжамын қабылдайды немесе ойынан қайтады;

–сұхбатқа қатысушылар қорытындыны талқылап, бір ойға келеді.

Заманауи педагогикалық технологияларды қолдану тәжірибесінде тиімді әдістердің бірі – *кейс стади (case study) әдісі.* Аталған әдіс студенттердің оқып

тәжірибе жинауы үшін мәселені анықтау және шешу, шешімдерді сұрыптауы үшін оқу ақпаратымен жұмыс жасау, атап айтқанда: кейс-жағдаяттағы оқу міндетінде берілген әр детальдың мәнін түсіну үшін, ақпарат пен аргументтерді талдау және жинақтау үшін, болжамдар мен қорытындылармен жұмыс жасай білуі үшін, балама шешімдерді бағалау үшін, шешім қабылдау үшін, басқа адамдарды тыңдау және түсіне білуі үшін өте қажет болып табылады.

*Жоба әдісі* студенттің өз бетімен білім алуына мол әлеует береді. Жоба орындау барысында студент практикалық міндеттерді, проблемаларды шешуге өзінің түрлі пәндерден алған білімін интеграциялай отырып ақыл-ойы саналылықпен жұмсауға дағдыланады. Жоба әдісі – мазмұнында студент өз бетімен орындайтын зерттеу, ізденіс, проблемалық жағдаяттарды шешу сияқты креативті әдістердің жиынтығы бар болып келетін тұтас бір педагогикалық технология. Оқытушы болса, бұл әдісті орындау үдерісінде әзірлемеші, үйлестіруші, сарапшы, кеңесші рөлдерін орындайды. Жоба әдісінің негізі студенттің танымдық дағдыларын қалыптастыру, ақпараттық-білімдік кеңістікте өз бетімен дұрыс ізденіп, білім қорын өз бетімен жинақтау, сол арқылы өзінің сыни және шығармашылық ойлау үдерісін қалыптастыруға бағыттайды.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне *SWOT-талдау әдісін* үйрете отырып, өзінің университетте білім алу жолы мен болашақтағы педагогикалық кәсіби жолын стратегиялық жоспарлауда факторлар мен құбылыстарды төрт категорияға бөліп қарастырады. Ол категориялар: strengts (күшті жақтары), weaknesses (әлсіз жақтары), opportunites (мүмкіндіктері), threats (сын-қатерлер).

Жоба әдісіне жақын келетін *құрылымдық-логикалық модельдеу әдісі* сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінде студенттерге өзінің креативті әдістемелік жобасының сызбасы мен жүйесін анықтай алуына көмектеседі. Креативті құзыреттілігі қалыптасқан студент өзінің креативті оқыту жүйесін, креативті білім алу кеңістігін құра алуы үшін болашақтағы педагогтік кәсібінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды белгілі бір логикалық модельге түсіруі үшін құрылымдық-логикалық әдісті қолдана білуінің қажеттілігі үлкен.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық әлеуетінің тағы бір саласын, яғни педагогикалық үдерісін ұйымдастыру формаларына кеңірек тоқталу керек. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру педагогикалық үдеріс болғандықтан, белгіленген оқу мазмұнын сапалы деңгейде жүзеге асыратын, алға қойылған дидактикалық міндеттерді шешуде тиімді және сапалы әдістерді оңтайлылықпен қолдануға мүмкіндік беретін, сапалы нәтижеге жеткізетін оқу формаларын жүйелеу қажет. Жоғары оқу орындарындағы дәстүрлі оқу формалары мен студенттердің оқу-танымдық әрекетін басқару формаларына және инновациялық оқу формаларына келесілер жатқызылатыны белгілі:

–дәрістер (оның заманауи мол түрлері);

–семинарлар; просеминарлар, арнайы семинарлар;

–практикумдар; арнайы практикумдар;

–педагогикалық практика;

–оқу конференциялары;

–кеңес беру; жеке сабақтар; коллоквиумдар;

–экскурсиялар;

– студенттің өзіндік жұмысы; студенттің жоба жұмысы; студенттің ғылыми-зерттеу жұмысы;

–интерактивтік оқыту; іскерлік-оқу ойындары; кейс-технологиясы; қашықтан оқыту.

Заманауи кәсіби педагогикалық білім беру жүйесінің алдында еңбек нарығын құзыретті мұғалімдермен толықтыру міндеті ғана қойылмаған. Ең бастысы, қазіргі заманның және келешек уақыттың талабы – әрбір жоғары білімді мұғалім, оның ішінде бастауыш сынып мұғалімі кәсіби өсу жолын танитын және тұлғалық даму арналарын айқындаған, сол жолмен жүруге бет алып, кәсіби педагог маман, кең айтсақ, Ұстаздық деңгейге өсуге бағдар ұстанған тұлға болуы тиіс. Мұндай өсу жолын қалауға дәстүрлі оқу формаларының қаншалықты әлеуетті қуаты бар деген мәселе бойынша, креативтіліктің табиғаты қолда бар жақсы жүйенің догматикалық дәстүрлі қатып қалған түрінен өзгертіп, жаңа комбинаторлық модельдер құру мүмкіндіктерін ашуды қажет ететінін атап кету жеткілікті деп ойлаймыз. Нақтырақ айтқанда, жоғарыда тізбектеле көрсетілген дәстүрлі және ішінара инновациялық оқу формаларын педагогикалық үдерістен алып тастау мақсат емес. Креативті құзыреттіліктің қалыптасуы осы оқу формаларының жаңа, ерекше комбинаторлық тізбекте келіп, оқу-танымдық жаңа мүмкіндіктерін ашуы арқылы мүмкін болады.

Жоғары оқу орнында қолданылып келе жатқан дәстүрлі дәріс, семинар сабақ т.б. жоғарыда аталған оқу формаларының қолданылу орындарын өзгерте қолдануға болады. Сол арқылы студенттердің кәсіби педагогтік қасиеттерге ие болуына аз уақыттың ішінде көптеген мүмкіндіктер беріледі. Мұның барлығы жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісін жетілдіру үшін жасалынады [109].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру барысын кәсіби қызметке дайындайтын күрделі және көпқырлы үдеріс деп қарай отырып, студенттің болмысында жаңа қабілеттер мен қасиеттер түзілетініне, оның кәсіби-креативті-шығармашылық көзқарасы қалыптасатынына, сол арқылы болашақ кәсібі арқылы өмірде жақсы орнын табатынына сенімді болатындай оқу формалары мен оқу әдістерін іріктеу – басты міндет. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын оқу формаларын жүйеге түсіріп, біріздендіру үшін, оқу формаларының атауына ғана емес, олардың атқаратын қызметі мен шешетін міндетіне қарай анықтап, жіктеп алу керек.

Оқу формаларын ұйымдастырудың сыртқы формасы, ішкі формасы, жалпы формасы деп жіктеу бар екені белгілі. Сол арқылы сауат ашуға үйрету

үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын оқу формаларының композициясын құрып, олардың өзара комбинаторлық алмасуын ұйымдастыру арқылы кең аяға шығу қажет. Жоғары оқу орындарында ұйымдастырылатын оқу формаларының өзіндік ерекшеліктеріне қарай біртұтас композициясын келесідей модельдеуге болады деп ойлаймыз.




Сурет 5 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда қолданылатын оқу формалары

Жоғары оқу орындарындағы оқу формаларының ішінде дәріс – көпқабатты, көпөлшемді, дидактикалық мүмкіндіктері мол оқу формасы. Дәрістің көпқабатты көпөлшемділігі сөйлеу, тыңдау, түсіну, ұғыну, сұрақтар, пікір таласу, келісу, қабылдау сияқты көптеген опреациялардың бір мезгілде өтіп жатуымен анықталады. Оқу формасының бірінде қолданылатын әдістер тобының комбинаторикалық орналасуы дәл солай келесі оқу формасында нәтижеге алып келмеуі де мүмкін немесе керісінше болуы мүмкін. Заманауи инновациялық дәріс түрлерін анықтау және олардың дидактикалық әлеуетін талдау арқылы ұсынылатын сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесін жүзеге асыруға қажетті дәріс түрлерін, семинар, практикум, өзіндік жұмыс

түрлерін жүйелеу міндетін алға қоя отырып, олардың дидактикалық болмыс-мазмұнына талдау жасалынады.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесіне келесі дәріс түрлері іріктелінді.




Сурет 6 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесіндегі дәріс түрлері

Дәрістердің орналастырылу желісіне қарай отырып, олардың бірінен соң екіншісін қолдану логикасы көрсетілгені белгілі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінде осы дәрістердің орындары мен өзіндік ерекшеліктері талданады.

*Проблемалық дәріс* – дәстүрлі, яғни оқытушының дайын ақпаратты студенттерге жеткізуге арналған дәрістен мүлде өзгеше дәріс түрі. Проблемалық дәрісті оқытушы студенттерді ізденімдік, зерттеушілік әрекетке ұмтылдыру мақсатында, студенттермен ынтымақтаса отырып, алға қойылған проблемалық мәселені шешуге дағдыландыру мақсатында қолданады. Проблемалық дәрістің құраушы компоненттері – таным объектісі, дәріс

материалдары және таным субъектісі, яғни студенттер және таным үдерісі [110].

Көрнекілік ұстанымның дәріс оқудағы орнын көрсетудің айқын көрінісін танытатын *визуалдық дәрісте* оқытушы студентті ауызша және жазбаша меңгерген оқу ақпаратын, білім мазмұнын визуалды кескінмен түрлендіре өзгерте отырып, кәсіби педагогикалық ойлауын қалыптастыруға тірек болады. Бұл дәрістің міндеті түрлі бейнелік, яғни слайдтар, суреттер, фотосуреттер және символдық, яғни сызбалар мен кестелер сияқты көрнекі тәсілдерге сүйене отырып, оқу мақсаттарын шешу болып табылады. Дәріс тақырыбына қатысты барлық оқу материалын визуалдық-дәріс түрі етіп қайтадан құрып, әрбір көрнекіліктің дәріс мазмұнын берудегі ерекше қызметі нақтылануы тиіс. Осындай дәріс түрі болашақ педагогтің өз қызметінде дидактикалық құралдарды қолдану шеберлігі дамуына да үлкен тірек болады [111].

*Мультимедиалық дәріс*_– болашақ студенттерге берілетін оқу материалы әр студент өзінің оңтайлы білім алу траекториясын құра алуы үшін, мультимедиалдық құралдарға алдын ала орналастырылады. Мультимедиалық дәріс, әсіресе, қашықтан оқыту технологиясы үшін аса тиімді. Түрлі мультимедиалық құралдарға орнатылған білім мазмұны, бір жағынан, студенттерге өздерінің жеке бас ерекшеліктері мен оқу қарқынына сай қолдануына мүмкіндік тудыратын болса, екінші жағынан, студенттердің креативті әдістемені меңгеруге керекті білімдік ресурстары ақпараттық технологияға жүктеледі [112].

Студенттер меңгеруі тиіс теориялық материалдар мультимедиалық дәріс мазмұны орналастырылатын ақпараттық құралдар түрлері – электрондық оқу құралы, аудио материалдар, бейне материалдар, шешуі керек болатын креативті жағдаяттар түсірілген оқу фильмдері, youtube.com, kaztube.com, радио сабақ үлгілері, тест үлгілері, түрлі виртуалдық педагогикалық жағдаяттар берілген оқу тапсырмалары т.б.

*Бинарлық дәріс* немесе екі оқытушы бірігіп дәріс оқуы. Бинарлық дәріс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің осы пәнге дейінгі меңгерген білімін креативті оқытуды жүзеге асыру әдістерін игеруге қолдануына көмектеседі. Студенттерге екі оқытушы дәріс оқу арқылы диалог-дәріс түрінде пікір алысып, студенттердің пікір алысуға араласуына мүмкіндік болады. Бинарлық дәріс барысында проблемалық жағдаят көрсетіліп, оны шешу туралы студенттерге әрқайсысы өз болжамын жасауы ұсынылады. Ал екі оқытушы өз тұрғысынан дәлелдемелер айтып, соңында бірігіп шешімге келу логикасы көрнекі түрде студенттерге көрсетіледі [113].

*Әңгімелесу дәрісі* – дәрістің ерекше түрі. Әңгімелесу дәрісі немесе студенттермен болатын диалог оқытушының өз шәкірттерімен белсенді оқу үдерісіне айналып, өзара еркін танымдық пікір алысу, пікір алмасу алаңын құруға тірек болады. Өйткені оқытушы дәріс оқу барысында әр студентпен тікелей диалогке түседі, сөйтіп, дәріс тақырыбының өзекті тұсына назар аударуларына мүмкіндік туғызады. Бұл әдіс – Сократ дәуірінен келе жатқан әңгімелесу әдісі. Дегенмен, студенттер тобында әңгімелесу әдісі әрдайым дәріс

тақырыбы мен мазмұнын ашуға тиімді бола алмауы да мүмкін екенін ескеру керек. Өйткені топтағы студенттердің барлығымен бірдей әңгіме құруға уақыт жетпейтіні белгілі. Алайда әңгімелесу дәрісі студенттердің ойлау өрісін кеңейтіп, ұжымдық білім мен тәжірибені тақырыпқа қарай тартып пайдалануға мүмкіндік береді. Оқытушы студенттер тобына өте мазмұнды сұрақ қою арқылы ойлауға және ойласуға жетелейді. Студенттер жеке немес өзара ақылдаса келіп, табылған ой шешімін еркін түрде әңгімелесе отырып, оқытушыға баяндайды. Оқытушы өзінің назарынан бір де бір студентті тыс қалдырмай, әңгімелесу барысына барлығын қатыстырып отыруды, сонымен бірге оқытушы өзі қойған сұрақтың жауапсыз қалмауын және жауап беруге студенттердің ықыластана жауап беруіне керекті әдістерді қолдануды көздейді [114].

*Зерттеу дәрісі* – дәрістің ерекше түрі, өйткені мұнда оқу-танымдық міндет студенттердің алдына тұтастық күйде ұсынылып, оларды сол проблеманың себебін іздеуге, шешімін табуға ұмтылыс жасау ұйымдастырылады. Дәрістің бұл түріне оқытушы кең де жан-жақты дайындалады. Дәріс басталған біраз уақыттан соң оқытушы 4-6 түйінді мәселені студенттердің алдына жайып көрсетуі керек. Ол түйінді мәселенің әрбірі – басты мәселені шешуге алып келетін баспалдақтар. Олардың арасында мәнді байланыстар мен белгілі бір жүйелік қатынастар болады. Студенттерге алғашқы мәселені шешу әдісін оқытушы арнайы ұсынып, шешімге келудің логикалық жолына түсіреді. Келесі сатыға көтерілгенде, студент белгілі бір зерттеу жолында жетістікке жеткенін сезінуі тиіс. Әрбір түйін – тұтас проблеманы шешудің деңгейі, тұтас проблеманың шешімін тапқан бір аспектісі.

*Нақты креативті-шығармашылық жағдаяттарды талдау дәрісінің* пікірталас-дәріске сәйкес келетін тұстары бар. Бірақ өзгешелігі – дәрісте бір сұрақ емес, накты креативті педагогикалық жағдаят қойылатындығы. Дәріс басталарда оқытушы белгілі бір креативті-педагогикалық микрожағдаятты бейнефильмді көрсетуге болады. Қысқа болғанымен, берер мазмұн-мағлұматы мол болып келуін оқытушы алдына ала ойластыратыны белгілі. Бейнефильмнен креативті педагогикалық жағдаят көрсетілген соң, оқытушы студенттермен біріге отырып талдау жасайды және мәселені талқылайды. Студенттердің барлығы белсенділікпен қатысуы оқытушының назарында ұсталынады. Бірақ әр студент өзінің өмірлік тәжірибесінен ұқсас жағдаяттарды келтіріп, негізгі тақырыпты басқа жаққа аударып кетпеуі үшін оқытушы негізгі тақырып арнасына бұрылып отыруын қадағалайды. Сондықтан бұл дәріс түрін қолданғанда, қарастырылатын мәселелер өте нақты болуын көздеу керек [115].

*Пресс-конференция дәрісінің* ерекшелігі – оқытушы дәрістің тақырыбымен студенттерді таныстырып, соңынан оларға жазбаша түрде осы тақырып бойынша сұрақ жазып беруін тапсырады. Оқытушы студенттер берген сұрақтарды реттеп болған соң, оларды топтап, дәріс оқуды бастайды. Алайда, дәрісті оқу үлгісі студенттер сұрағына жауап бергендей болмауы керек, дәріс мазмұны тұтас мәселені логикалық байланысын сақтай отырып оқылуы керек.

Пресс-конференция түріндегі дәріс курстың бас жағында немесе аяғына қарай оқылады. Өйткені бұл дәрістің көздейтін мақсаты – егер бас жағында орын алса, студенттердің курс бойынша қаншалықты дайындық білімі бар екенін анықтайды, соңынан орын алса, курс мазмұнын қаншалықты меңгергенін анықтау және белгілі бір қорытындылар жасау.

*Пікірталас дәрісінің* түрі оқытушы мен студенттердің өзара бірігe отырып, дәріс тақырыбында қойылған мәселе туралы пікір алысуына негіз қалайды. Студенттер оқытушымен және өзара пікір алмаса отырып, дәрістің түйінді мәселелерін шешуге бірге атсалысады.

Оқытушы бұл дәрісте тек сұрақтарды дұрыс сұрыптап, пікірталастың бағыты басқаға ауып кетпеуіне басшылық ету керек. Бұл дәрістің ұтымды тұсы сонда, студенттер басқа дәріс түріне қарағанда, осы пікірталас дәрісте оқытушының пікіріне аса зер сала қарайды, құлақ салады. Студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінде инновациялық оқыту формалары маңызды орын алады. Жоғары оқу орындарының дидактикасы оқу-танымдық үдерістің тиімді ұйымдастырылып өткізілуіне керекті жағдайларды ұтымды пайдалануды талап етеді [116].

Сонымен бұл тармақта қарастырылған дидактикалық категориялар (оқу мақсаты, оқу мазмұны, оқу әдістері мен оқу құралдары, оқу формаларының композициясы) сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды мүмкін етеді. Демек бізбен таңдалған динамикалы дидактикалық жүйе зерттеуіміздің мақсаттарына сай деп есептейміз.

### 1.3 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда зерттеу жұмысымыздың тіректері ретінде талданып, танылатын әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдарды да жоғарыда талдау жасалған оқу формалары сияқты ерекше композицияға түзілген құрылым ретінде қарастырамыз. Ол композицияны құраушы қағидалар:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық тұғырлары;

–болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың жалпыдидактикалық ұстанымдары;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Әліппені оқыту әдістемесін» меңгерту үдерісінің ұстанымдары;

– сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің ұстанымдары.

Бұл айтылған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың деңгейлерінің кеңдігі мен қолданылу аясын келесі суреттегі модельден көруге болады.




Сурет 7 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдарының деңгейлік жүйесі

Студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алынып отырған осы әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар иерархиясына қысқаша тоқталып өту керек болады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың әдіснамалық негізіне ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, аксиологиялық, мәдениеттанымдық, антропологиялық, гуманистік, синергетикалық, герменевтикалық тұғырлар алынады [117].



Сурет 8 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлар зерттеу жұмысымыздың философиялық, дидактикалық құндылығы мен маңызын тануда сенімді бағдар және теориялық жүйені негіздейтін тұғырлы тірек болып саналады. Қазақстандық қоғамды түрлі дағдарыстардан алып шығу үшін барлық деңгейдегі білім беру үдерісіндегі құндылық бағдарлар жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін, оның мәдениетін, зияткерлігін дамытуға және өзіндік дамытуға қарай ауысуы керек.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде *аксиологиялық тұғыр* танымдық және практикалық тұрғылардың байланысын танытуға қызмет етеді. Сонымен бірге жеке тұлға мен құндылықтардың, әлеуметтік, мәдени факторлардың арасында өзара байланыс орнауын көздейді.Қазақ халқының дүниетаным, білім беру, ұрпақты тәрбиелеу үдерісіндегі арқау еткен материалдық және рухани мәдени мұрасын бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тірегі етудің маңызы зор. *Мәдениеттанымдық тұғыр* қазақтың ұлттық, әлеуметтік-мәдени портретін, тілі мен тарихын құндылық-мәнділік тұрғыдан игеруіне жол қалауда, студенттердің қазақ ұлттық этникалық жадысы мен қазақ менталдылығын мәдени мұрасын игеру тұрғысынан танып-білуінде және болашақ оқушыларына жеткізуге дағдылануында негізгі бағдар бола алады.

Б.Г. Ананьевтің айтуынша, бүгінгі күні *антропологиялық* парадигма жалпығылымдық орынға ие болып отыр. Ғалым адами мәселелер барлық ғылым салаларына, мейлі ол нақты не техникалық ғылым болсын, не олардың ішкі салалары болсын, тегіс ортақ проблема болып отырғанын атап көрсетеді. Барлық ғылым салалары іштей дифференцияланып, адам тануға бет бұруда. Екінші жағынан, көптеген ғылымдар интеграцияланып, бірігіп, адам дамуының синтетикалық сипаттамасын құруға бағдар алғаны байқалады [118].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің гуманистік потенциалын дамыту сауат ашуға үйрету үдерісінде креативті құзыреттілікті қалыптастырудың аса қажетті шарты болып табылады. Студенттің болашақ педагогтік кәсібінің негізі болып табылатын гуманистік құндылықтар жүйесі креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің өзегі деп танылады. Студент – адам ретінде де, болашақ педагог ретінде де құнды тұлға. Зерттеу барысында ұсынылатын әдістемелік жүйедегі білім мазмұны мен әдістер жүйесі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың *гуманистік тұғыр* негізінде қолданылуы көзделеді [119,120].

Қазіргі кезеңде синергетика әдістері ғылымның көптеген салаларына еркін ендеп дамып келеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда *синергетикалық тұғыр* ерекше әдіснамалық жетекші орынға ие болады. Өйткені тым ұсақталып, бөлініп кеткен ғылым салалары ендігі ретте біртұтастыққа қарай бет қойып, интеграциялық үдерісті қарқындатуда. Адам өзі өмір сүріп отырған әлем туралы біртұтас жинақталған білім алуы қиындап бара жатқан осы заманда синергетикалық тұғырдың

қажеттілігі күн санап айқындала түсуде. Синергетикалық тұғырға сүйене отырып, студенттің, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі болашақ маманды даярлау үдерісімен біртұтас педагогикалық жүйеде қарастырылады. Синергетикалық тұғырдың негізінде тұтас педагогикалық үдерістің интегралды моделі өз құрамында студенттің жеке тұлғасының моделі, сауат ашуға үйрету үдерісінде студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің моделі сияқты дербес, бірақ өзара байланысы мықты дербес модельдерге бөлінеді [121].

Заманауи ғылым түсінігінде герменевтика – мәтіннің түпмәнін түсіну туралы ғылым және мәтінді түсіндіру теориясы. Ал педагогикалық үдеріске, оның ішінде біздің зерттеу тақырыбымызға қатынасы, қазіргі кезеңде «мәтін» деген герменевтикада тек көркем әдеби шығарма емес, адамның жасап шығарған, түрлі формада берілген, адамның рухани дүниесінен ақпарат берілетін бұйымы деген тұрғыдан келу орын алып отыр.

*Герменевтикалық тұғыр* педагогика үшін жалпы алғанда жаңа аспект болып табылады. Ғалымдардың айтуынша, герменевтикалық тұғыр жаңа заман педагогикасына, креативті педагогикаға жақын, үндес болып келеді. Өйткені герменевтикалық тұғыр креативті педагогикада болашақ мұғалімнің моделін тек рационалды оқу-танымды ұйымдастырушы ретінде ғана емес, есесіне, ішкі шығармашылық интуицияны алдыңғы орынға шығаратын, білім беру мен білім алу үдерісін ұстаз бен шәкірттің дүниетанымдық рухани диалогы ретінде түсінетін, дидактикалық үдерісті жасампаз қуаты зор, эвристикалық мүмкіндіктері тамаша үдеріс ретінде танитын мазмұн маңызды болып табылады [122].

Келесі қарастырылатындар – жоғарыда айтылған әдіснамалық тұғырлармен сабақтастықта танылатын жалпыдидактикалық ұстанымдар. Олардың атаулары мен саны суретте беріліп отыр.

Көрсетілген жалпыдидактикалық ұстанымдар барлық дерлік педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде сипатталып келгені белгілі. Бұл жерде өз зерттеу жұмысымызда осы тірек ұстанымдардың басшылығы қандай болатыны туралы талдау жасалынады.

Біріншіден, *оқытудың ғылымилылық ұстанымы* қарастырылады. Бұл ұстаным бойынша оны зерттеген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, болашақ педагог маман ретіндегі студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты ғылымилылық ұстанымының жаңа қырларын да қосу қажет. М.Н.Скаткин [123], И.Я. Лернер [124], В.И. Загвязинский [125] т.б. көптеген ғалымдардың еңбектерінде ғылымилылық ұстанымның мазмұнына қойылатын талаптардың қатарына қосымша көзқарастарды қосу керек деп ойлаймыз. Яғни классикалық түрде беріліп келген шәкірттерге берілетін білімнің ғылыми нақты болуы, сипатталатын құбылыстардың түпмәнін ашу, құбылыстарды өзара байланыста көрсету, құбылыстарды даму үстінде көрсету, маңызды теориялармен таныстыру, шәкірттерде дұрыс дүниетанымдық түсінік қалыптастыру, ғылыми зерттеу әдістерімен таныстыру сияқты талаптардың

қатарына: а) заманауи ғылым дамуына сәйкес білім мазмұнын сұрыптап қосу; ә) берілетін ғылыми білім мазмұны мен ғылыми әдістерді өзара тығыз бірлікте ұсыну жолдарын қолдану; б) жаңа ғылыми мәліметтерді ұсыну алдында шәкірттердің болжау, ғылыми болжам жасауға дағдыландыру; в) шәкірттерге ғылыми мәліметті баяндап қоймай, сол ғылыми логика жолын арнайы креативті тапсырмалар орындау арқылы өздері жүріп отырып, «жаңалық ашу» және сол арқылы ғылыми жеңістерге жету сезімін қалыптастыру сияқты қырларын қосу керек деп ойлаймыз.




Сурет 9 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың жалпыдидактикалық ұстанымдары

Екіншіден, *оқу мен өмірдің байланысы ұстанымын* ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінің мазмұны қазіргі қазақстандық қоғам мен мемлекетіміздің әлеуметтік сұранысы мен қажеттіліктеріне сай келіп, болашақ педагогтерді креативті қырынан дайындау арқылы сол талаптарға үндесуін мақсат етіп отырғандығы атап көрсетіледі. Бастауыш сыныптың ең алғашқы баспалдағы «Әліппе» пәні арқылы бірінші сынып оқушыларының білім алу үдерісі басталады. Сондықтан болашақ

бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуды осы «Әліппені оқыту әдістемесімен» байланыстырудың себебі, студенттердің өздерінің кәсіби және әдістемелік шеберлігін креативті тұрғыдан жаңа заман талаптарына бейімдеу қажеттілігі түсіндіріледі. Бірінші сыныпқа келген балаларға сауат ашу жолын креативті жолмен ұйымдастыру оқушылардың өмірлік маңызды білім алу қадамдарын бірден жоғары деңгейге көтерумен тең болады. Осындай маңызды міндеттер студенттің білім алу барысын өмірлік қажеттіліктермен байланыстыра алу дағдыларын қалыптастыру арқылы шешіледі [126].

Келесі қарастырылатын – *қолжетімділік ұстанымы* оқытушыларға оқу бағдарламасы мен оқу үдерісіне студенттердің дайындық деңгейі жетпейтін оқу материалын беруге болмайтынын ескертеді. Біздің жағдайымызда, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған білім мазмұны мен қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі, оқу құралдары заманауи ғылыми және дидактикалық мазмұнмен толықтырылып, бірақ, студенттердің игеру деңгейіне лайықты болуын ескеру маңыздылығы осы ұстаным арқылы жүзеге асырылады. Қолжетімділік – студенттердің креативі құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің мазмұнын іріктеудегі басты критерий. Қолжетімділік ұстанымы арқылы оқыту формалары, әдістері, оқу материалының көлемі, оқу құралдары анықталады. Қолжетімділік ұстанымының жүзеге асырылуы жолдары, яғни салыстырулар жасату, аналогия құрғызу, пікірталастар ұйымдастыру, әңгімелесулер жүргізу сияқты әдістер біздің тарапымыздан ұсынылатын әдістеме жүйесінде орнымен қолданылады. Қолжетімділік ұстанымы тек оңай оқу материалын меңгерту дегенді білдірмейді. Өйткені креативті құзыреттілік қалыптастыруда студенттерде психологиялық, шығармашылық, логикалық-танымдық тапсырмалар эмоциялық жүктемелер салуы мүмкін. Бұл жерде студенттердің жоғары деңгейдегі физикалық, психофизиологиялық, жүйке-эмоциялық жүктемесінсіз креативті құзыреттілікті игеруі мүмкін еместігі анық болуы керек. Бірақ, оқытушы белгілі бір шектеулерді алдын ала белгілеп, студенттердің оқу-танымдық үдерісте шектен шықпауын басқарып отыруы тиіс екендігі белгілі [128].

Жалпыдидактикалық ұстанымдар жүйесіндегі тағы бір ұстаным – *мақсаттылық ұстанымы*. Бұл ұстаным педагогикалық үдерістің арнайы жүйеленген модельге сай күтілетін нәтижеге, қойылған мақсатқа сәйкес ұйымдастырылып жүргізілуі ретінде түсініледі. «Әліппені оқыту әдістемесін» студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мақсатына лайықтау арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің келешек заманның талаптарына лайықты жауап бере алатын деңгейде қалыптасуына қажетті жағдай жасалынады [129].

*Жүйелілік ұстанымы* дидактикалық үдерісте студенттердің санасында көпдеңгейлі, бірақ біртұтас дүниетаным картинасын құраудың ең тиімді тетігі деп саналады. Жүйелілік ұстанымы студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда «Әліппені оқыту әдістемесінен» бастап, бастауыш сыныпта

оқылатын барлық пәндер әдістемесін кең ауқымды бір жүйеге жинақтауға дағдыландыратын әдістерді қолдануға жетекшілік жасайды. Яғни «Әліппе» пәнінен бастап, оның жалғасы болып табылатын барлық басқа пәндердің логикалық құрылымын білім мазмұны арқылы бір жүйеге түсіруді мақсат етеді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Әліппені оқыту әдістемесін» креативті тұрғыдан оқытуға дағдыландыру үдерісінде оқу материалдарын жүйелі және ішкі үйлесімділікпен, тақырып, оқу формасы және оқу әдістері мен оқу құралдары тұрғысынан өзара орайластыра орналастыру талаптары орындалуын осы жүйелілік ұстанымы талап етеді. Нақты айтқанда, білім мазмұнын да, оны оқыту үдерісін де қалыпқа түсірілген логикалық құрылымда болуын талап етеді [130].

Жалпыдидактикалық ұстанымдар жүйесіндегі *сабақтастық ұстанымы* дидактикада түрлі қырынан қарастырылып келеді. Осы дидактикалық ұстанымды кең тұрғыдан қарастырған ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып [95], студенттердің креативтілікті болашақ мамандығының өзекті қажеттілігі ретінде терең түсінуі арқылы, креативті құзыреттіліктің қалыптасуы олардың болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде кәсіби мәртебесін өсіріп, тұлғалық деңгейі биіктейтініне көзін жеткізу арқылы, ол үшін студенттерге креативті құзыреттіліктің компоненттерін дидактикалық сабақтастықпен қалыптастыру арқылы сабақтастық ұстанымның жүзеге асырылуы мүмкін болады деп айтуға болады.

Келесі қарастыратын *сенімділік ұстанымы* студенттердің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесін жүзеге асырудағы оқу материалы мен оқу әдістерінің сенімді болуын білдіреді. Студенттер дәріс немесе семинар, өз бетімен жұмыс немесе ғылыми жоба орындауда меңгерген білімін жадында тұтып, қажетті жағдаятта ол білім мазмұны мен дағдыларды есіне түсіруге, қолдануға дағдылануы керек [131]. Яғни білімнің сенімділік ұстанымы дегеніміз тек жаттауға негізделген білім емес, оның қолдана білуге де басшылық жасайтын ұстаным болып табылады. Репродуктивтікке негізделген дәстүрлі оқудан ерекшелігі, бұл жерде сенімділік ұстанымының студенттің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда продуктивті деңгейге, одан креативті, шығармашылық деңгейге өсуін талап етуінде деп түсіну керек. Білім мазмұны мен оқу-танымдық әдістерді креативті дағдыларды орындаудың көзі ретінде есінде сақтау – болашақ педагог маманның кәсіби шеберлігін өз бетімен жетілдіре алу көзі.

Оқытудың *белсенділік ұстанымы* студенттердің өз бетімен білім алуға және қажетті дағдыларды өз бетімен қалыптастыруға деген ұмтылысына басшылық етеді. И.А. Зязюннің айтуынша, белсенділік ұстанымы білім алуда алға қойған мақсатқа жетудің маңызды шарты, және сондықтан да оны дидактиканың негіз қалаушы категориясы деп тануға болады [132]. Студенттердің білім алудағы белсенділігі оқу мақсатын айқын түсінуі арқылы, өздері жоспар құра білуі арқылы, өзінің білім алуын өзі ұйымдастыруға дағдылануы арқылы, бақылай және бағалай білуі арқылы анықталады.

Келесі ұстаным – *көрнекілік ұстанымы*, оның білім алу мен тәрбиелеу үдерісінде алатын маңызы орны туралы Ян Амос Коменскийден бері жазылып келеді. Біздің зерттеу жұмысымызда осы көрнекілік ұстанымының «Әліппені оқыту әдістемесін» меңгертуде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде көрнекіліктің алатын орны, көрнекіліктің түрі мен мазмұны қандай екені анықталады. Оқу формаларының яғни дәріс, семинар, өз бетімен жұмыс жасау, жоба орындау үдерістерінде көрнекілік ұстанымының нәтижеге қол жеткізудегі қызметі, креативті құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде студенттердің «Әліппе» пәні бойынша креативті көрнекіліктер дайындау дағдыларын қалыптастыру мәселелері осы, яғни көрнекілік ұстанымының жүзеге асырылуын білдіреді. Бұл жерде мультимедиалық құралдар арқылы көрнекіліктерді пайдалану мәселесі де осы ұстанымға негізделеді [133].

Дидактикадағы *бірізділік ұстанымы* дегеніміз – тақырыптың, пәннің логикалық негіздемесі, яғни алғашқы келген тақырып келесі тақырып туындауына тірек болады және оқушылардың келесі танымдық сатыға көтерлуіне дайындық жасайтындай болып өткізіледі [134]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Әліппе» пәнін оқытуда креативті құзыреттілікті осы бірізділікті шебер де орынды және оқушылардың сауат ашу үдерісін желілік біртұтастықта сақтай отырып меңгертуі арқылы танылады. Оқушының сауат ашу дағдыларының жүйесінде эмпирикалық қарапайым таным әдістерінен біртіндеп, бірізділікпен орындайтын түрлі әдістерді орындауға, сөйтіп креативті-шығармашылық деңгейге өсуіне керекті дағдылар қалыптастыру басты орында болады. Бірізділік ұстанымының маңыздылығы сол, дербес тақырыптарды оқытуда болашақ мұғалім ортақ желіден бөлініп қалмай, тұтас педагогикалық үдерістің буыны ретінде жалғастырып отыруға дағдыланады.

*Тәрбиелік ұстанымы* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісінде олардың рухани-адамгершілік, патриоттық, азаматтық, кәсіби шебер тұлғасын қалыптастыруды көздейді және «Әліппе» пәнінің тәрбиелік потенциалын болашақ мұғалім толығымен түсінуіне ықпал етеді.

Студенттің рухани-адамгершілік, бай мәдени қазыналы тұлғасы оқушының үлгі алуына тірек болады [135]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үдерісін, оның:

– дүниетаным көзқарастарының адамгершілікке негізделген болуын;

– өз шәкірттеріне сауат ашу дағдыларын меңгертуде бастапқы орынды білім мазмұнының тәрбиелік қырларына берілуін;

– сабақ беру барысында болашақ мұғалім өзінің жан-дүниесінің, рухани байлығын ашып, шәкірттерінің тәрбие бастауларын табатын көзіне айналуын, үлгі болуын;

– адамзатты, Жерді, табиғатты, Отанын, отбасын, әрбір адамды шынайы жақсы көруге баулуын, Абайдың «Адам баласын сүй, адам баласы – бауырың» қағидасын ұстануын;

– барлық дерлік педагогикалық жағдаяттарда өзінің ұстаздық болмысын сақтап, шектен шықпауға қалыптасуын басты назарда ұстай отырып ұйымдастыру міндетті болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда басшылыққа алынатын тағы бір ұстаным – оқытудың *дамыта оқыту ұстанымы* [136]. Оқытудың барлығы, әрине, студентті дамытуға бағытталғаны белгілі. Дамытушылық ұстаным студенттің кәсіби тұлға ретінде жетілуіне және креативті құзыреттіліктің қалыптасуына қажетті білім мазмұны мен әдістерін жүйелеуді талап етеді. Аталған ұстанымның басшылыққа алынатын тұсы студенттердің өзінің болашақ кәсібіне байланысты білім мазмұнын меңгеруде кәсіби ойлау, креативті ойлау, шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастырумен байланысты. Дамытушылық ұстаным студенттің болашақ мұғалімдік кәсібінде «Әліппе» пәнін оқытуда креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың өзегі болып табылады. Аталған ұстанымның көрінісін болашақ бастауыш сынып мұғалімін «Әліппе» пәнін оқытуда шығармашылық-креативті әдістерді өз шәкірттерінің гуманистік және креативті қасиеттерін өз Отанының нағыз патриоты болуға қолдануға дағдыландыру арқылы тануға болады.

Студенттерге «Әліппені оқыту әдістемесін» креативті тұрғыдан оқытудың негізгі мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мектептегі алғашқы сабақтан бастап бірінші сынып оқушыларының гармониялық жан-жақты дамыған тұлғасын шығармашылық-креативті бағытта қалыптастыру үшін ұлттық және жалпыадамзаттық озық дидактикалық әдістерді тануға, іріктеуге және қолдануға дағдыландыру. Осы мақсатқа лайықталған әдістемелік жүйенің моделін әзірлеу және оның тәжірибеде нәтижелі сыналуы оқытудың дамытушылық ұстанымының басшылығымен іске асырылады.

Қарастырылып отырған дидактикалық ұстанымдар иерархиясында енді

*«Әліппені оқыту әдістемесінің» ұстанымдары* талдап өтіледі. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Әліппені оқыту әдістемесінің» осы кезге дейін қалыптасқан белгілі бір өзіне тән ұстанымдар жүйесі бар екені белгілі.

Сауат ашу әдістемесі – әдістеме ғылымының ежелден келе жатқан сүрлеуі бар бір саласы. Қай халықтың білім алу жүйесін барлап қарасақ та, сауат ашу әдістерінің түрлі тарихи және әдістемелік болмыстары танылатыны анық. Осы бағытта жүргізілген зерттеулер қазіргі «Әліппені оқыту әдістемесінің» теориялық негізін құрайтын материалдар болып саналады. Бастауышта «Әліппені оқыту әдістемесінің» өзіне тән ұстанымдары әлі де болса бір жүйеге келтірілмегендігі осы бағыттағы зерттеу еңбектерін талдау барысы көрсетіп отыр. Мұның себебі, біздің ойымызша, қазақстандық «әліппетану» деген арнайы саласының қалыптаспауында жатыр.

«Әліппетану» саласының қалыптастырылып, арнайы зерттеу саласы болуы керек екендігі қазіргі кезде қазақстандық тіл білімі саласындағы қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру барысындағы түрлі қиындықтардың туындауынан да анық көрініп отыр. Мысалы, ресейлік бастауыш мектепте орыс тілін оқыту әдістемесінде «алфавит», «азбука», «букварь» ұғымдарының жеке

қарастырылатынын көріп отырмыз. Ол ұғымдардың пайда болуы мен дамуы дербес «азбуковедение» және «буквароведение» өз алдына сала болып қарастырылуда. Олардың оқытылу ұстанымдарында да, сөзсіз, өзіндік ерекшеліктер болады. Осындай жаңа тұрғыдан келген тәсілдемелері бойынша қазақ бастауыш сыныбында әліпені оқыту әдістемесінде де зерттеулер жүргізу керек деп ойлаймыз.

Сауат ашу әдістемесін зерттеген еңбектерді қарастыру бізге келесі «Әліппені» оқыту ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік берді. Олар: *интеграциялық ұстаным, дыбыс пен әріпті оқытудың жеңілден күрделіге қарай ұстанымы, заманауи талаптарға сай қолданылатын дәстүрлі аналитикалық-синтетикалық ұстаным, аналитикалық-синтетикалық оқудан синтетикалық, автоматтыққа ауысу ұстанымы, дыбыстық ұстаным, дыбыстық талдау ұстанымы, бірізділік ұстанымы, ауызша тілдің жазба тілден бұрын келетіндігі, графикалық позициялық ұстаным, коммуникативік-тілдік ұстаным, тілге назар аудару және тіл бірліктерінің мағынасын түсіну ұстанымы, тілдік және сөйлеу материалдарын минималдандыру ұстанымы, функционалдық ұстаным, тіл мәнерлілігін бағалау, тілдік сезімін дамыту ұстанымы, сауат ашу арқылы оқушының тілін дамыту ұстанымы, мәтінді орталық әдіс деп санау ұстанымы, оқылым қарқынын біртіндеп күшейту ұстанымы*. Бұлардың қатарында жалпыдидактикалық ұстанымдар да көп айтылған, оларды жоғарыда қарастырғандықтан, бұл жерде көрсетілмеді.

Көрсетілген «Әліппені оқыту әдістемесінің» ұстанымдарын жүйелей келе, оларды келесі модельде көрсетілген төрт негізгі ұстанымға жинақтап синтездеуге болады деп ойлаймыз.




Сурет 10 – «Әліппені оқыту әдістемесінің» ұстанымдары

Бұл ұстанымдардың ішкі құраушы мазмұнын қарастырып өтейік.

*«Әліппені оқыту әдістемесінің» интегративтік /кіріктірілген ұстанымы (І топтама).* Бұл ұстаным бойынша сауат ашуға үйрету үдерісінде қазақ тілінің барлық дерлік қырлары, атап айтқанда, дыбыстары, әріптері, буындары,

сөздер, сөз тіркестері, сөйлем, көркем жазу, сапалы оқу қамтылады. Сонымен бірге, оқушылардың оқу-танымдық сөздік минимумы дамытылады, фразеологиялық тіркестерді танып-біле бастайды, қарапайым грамматикалық конструкцияларды өзінің сөйлеу тәжірибесіне енгізе бастайды, біртіндеп, ана тілі болып табылатын қазақ тілінің бай мүмкіндіктерін түсінуге қадамдар жасайды.

«*Әліппені оқыту әдістемесінің» коммуникативтік ұстанымы (II топтама).* Осы ұстаным бойынша оқу мен жазу дағдылары оқушының қарапайым дағдыдан жоғары тұратын түсініп оқуға, жазбаша ойын білдіруге аса қажетті және маңызды дағды ретінде қалыптасып, дамуы көзделінеді. Ауызша мәтін болсын, жазбаша мәтін болсын, ол – сөйлеудің туынды өнімі деп түсінілуі қамтамасыз етіледі. Қазақ тілінің адамдар өзара қарым-қатынас жасайтын қатынас құралы екені саналылықпен түсінуіне қажетті дағдылар қалыптастырылады. Өзара сөйлесу барысында қандай сөздерді және қалай дұрыс қолданған дұрыс екенін түсініп, коммуникативтік жағдаяттарға сай меңгереді. (Мысалы, коммуникативтік жағдаят өлең арқылы беріледі:

–Апаң сенің базардан,
Алма сатып әкелді,
Ең үлкенін, дәмдісін,
Саған таңдап әперді.
Не деп барып жеу керек?
– Рахмет Сізге – деу керек.)

*«Әліппені оқыту әдістемесінің» танымдық/когнитивтік ұстанымы (III топтама).* Бұл ұстаным сауат ашуға үйрету үдерісінде бірқатар дидактикалық талаптарды орындауға мүмкіндік береді. Атап айтсақ, оқушылар өзінің ана тілін, яғни қазақ тілін мәдени-тарихи үдеріс ретінде оқып-меңгере алады, тілдің ауызша формасынан жазбаша формасына қарай жүру логикасы қолданылады, ойыннан, ымдау, сурет қолдану, пиктографиядан әліпбидегі дыбыстық-әріптік жүйеге қарай жолды жүріп өтеді. Сонымен бірге, оқушыларға тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, дүниетаным құралы ретінде де қолданытын таным құралы ретінде игерту желісі басталады. Сауат ашуға үйрету үдерісінде оқушылардың бейнелі, креативті-шығармашылық, дерексіз логикалық ойлауы, түйсігі (интуициясы) қалыптасуы көзделінеді. Сонымен бірге 1-сынып оқушысының таным әрекетінің ерекшелігін назарда ұстай отырып, көрнекі-тәжірибелік, бейнелі-символдық, дерексіз-логикалық ойлау түрлерін дамыту арқылы иллюстративті-бейнелі тілдік-сөйлеу ұғымдарын кезеңмен меңгерту жұмыстары жүргізіліп отырылады. «Әліппені оқыту әдістемесінде» оқушылардың тілдік ойлауын дамыту оқушының тіл бірліктерінің (дыбыс пен әріптен басталатын) формасы мен мазмұнын саналылықпен түсінуі және үйлесіммен тіркестіре алуы дағдысы қалыптастырылады.

*«Әліппені оқыту әдістемесінің» таңбалық/семиоталық ұстанымы (IY топтама).* «Әліппені оқыту әдістемесінде» осы ұстаным өте көлемді оқу-танымдықдық міндеттерді шешуде басшылыққа алынады. Нақтырақ айтқанда, оқушы, алдымен, біржақты тіл бірлігі болып табылатын дыбыстан буын,

буыннан барып, екіжақты тіл бірлігі болып табылатын сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді құрай бастағанда, оқушылардың санасында «тіл белгілі бір таңбалар жүйесі» деген ұғымдардың қалыптасуының алғашқы сатылары орнығa бастайды. Осы тіл бірліктерінің енді адам үшін сырттағы өмірдің бейнесі ішкі санасындағы «орынбасарлық» ерекше қызметін де біртіндеп аңғарып, түсінуі басталады. Мұғалімнің «Әліппені оқыту әдістемесінде» дамытушылық, креативті бағытты ұстануы оқушылардың тілдік таңбалардың мағынасын алғашқы күннен бастап түсінікпен, саналы түрде қабылдауына керекті әдіс-амалдар мен құрал-жабдықтарды қолдану жолдары молынан қамтылуы керек. Жазылған сөзді оқып, сөз арқылы шынайы болмыста өмір суретін, бар болып отырған затты түсінуі – оқушының санасында тілдік таңба арқылы дүниені тану тетігі жұмыс жасауын білдіретін көрсеткіш. Ендігі ретте оқушы сөз арқылы **таңба** – **мағына, мағына – дыбыстық айтылуы** деген таным логикасын орнықты түрде қалыптастыруға өзі де саналылықпен қосыла бастайды. Мұғалімнің білім деңгейі мен көлемі, сабақтан тыс уақыты мүмкіндік беретін жағдайда, 1-сынып оқушыларына түрлі таңбалық жүйелері мен құралдары туралы қосымша білім берсе игі болады. Балаларға ойын түрінде (сабақтан тыс болғанын ұсынар едік) адамдар арасында ым тілі бар екенін, ежелде оның негізгі болуы да мүмкін екенін, таңба-белгі тілдерін, қазіргі бағдаршам, көше жолдарындағы белгілер, өзен жағалауындағы белгілер, ескерту таңбалары, жеңісті білдіретін таңбалар (лавр және кубок) т.б. осындай бағдардағы мазмұнда қосымша білім беру оқушыларға әріптер мен олардың дыбысталуы және дыбыстық тілдің шынайы өмірдің таңбасы екенін түсінуіне саналылықпен жол қалыптастырады.

Келесі сатыда сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің ұстанымдары, яғни зерттеу жұмысымыздың өзекті ұстанымдары қарастырылады. Бастауыш сынып мұғалімін жоғары оқу орындарында даярлау – кәсіби білім беруде толыққанды және жан-жақты біліммен қамтамасыз ететін өркениет дамуы сатысындағы жаңа ойлау типінің жүзеге асырылуы. Өйткені университет оқыту мен зерттеудің орталығы ретіндегі тұлғаның, яғни оқытушының білім беру сапасының оның зерттеу жұмысымен де айналысатыны себепті жоғары болуын білдіреді, ал студент сол зерттеу жұмысының қатысушысы болып табылады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда олардың өз мамандықтарына заманауи даму тұрғысынан қарай алу дағдыларын қалыптастыру – университеттің міндеті. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Әліппені оқыту әдістемесін» меңгеруде осы пәнді оқыту ерекшлігіне сай, түрлі креативті әдіс-тәсілдерді іздеп, танып, игеріп, қолануға дағдылануы – кәсіби талап. Сондықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін университетте қалыптастыру студенттерді келешектегі кәсіби жеңісті де жемісті жолды таңдай білуіне дайындау деп анықталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі оның индивидуалды өзіндік ерекшеліктері мен ерекше қабылдау қабілеті болуы, өзін қоршаған әлемді, дидактикалық барлық

мүмкіндіктерді ерекше көркем-шығармашылықпен түсініп, дәстүрден басқа қолдану мүмкіндіктерін аша білуден танылады. Сондықтан студенттерде креативтілік туралы арнайы білім мазмұны болуы да қажетті. Креативті құзыретті мұғалім айналасындағы шаңның тозаңындай нәрсеге, құбылысқа сезімталдықпен қарап, оларға зор мән беріп, олардан үлкен нәрселер жасау мүмкіндіктерін болжай алады, тани алады.

Сонымен, жоғарыда талданған әдіснамалық тұғырлардың, жалпыдидактикалық және «Әліппені оқыту әдістемесі» ұстанымдарының негізінде және бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты еңбектерді [137-138] талдау арқылы келесі ұстанымдар анықталды:

–оқытудың продуктивтілігі ұстанымы;

–жағдаяттық оқыту ұстанымы;

–білімдік рефлексия ұстанымы;

–жайлы оқу атмосферасын, жағымды микроклимат орнату ұстанымы;

–оқытудың ресурстық мүмкіндіктерін барынша кеңейту ұстанымы;

–интеллектуалдық мазмұн мен шынайы сезімдік-эмоциялық қатынасты басты назарда ұстау ұстанымы;

–көзқарастарды міндеттемеу ұстанымы;

–құндылық ұстанымы, яғни студенттер ұсынған барлық идеяларды қабылдау;

–икемділік ұстанымы, яғни оқытушы студенттердің өзіндік ойлауын дамытуға барынша мүмкіндіктер жасау, бірақ асыра сілтемеуін қадағалау;

–шыдамдылық ұстанымы, оқытушы студенттің өз шешімін тауып, білдіруіне кететін уақытқа сабырлылық таныту;

–«жаңа өрістерге шыға білу» ұстанымы, яғни студенттің ойтолғаулар жасауында жаңа, бұрын қолданылмаған тың ой өрістерінен ақпарат табуына, пәнді оқытуға қатысты басқа пәндерден алған білімдерін синтездеуіне мүмкіндіктер тудыру.

Зерттеу жұмысында М.М. Зиновкинаның пікіріне сүйене отырып іріктеген ұстанымдар бастауыш сынып мұғалімі атқаратын функцияларының екі тобын да мүмкіндігінше қамтып, басшылық етуіне баса назар аударылады. М.М.Зиновкина педагогтің креативті оқыту функцияларын екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топ «мақсатты функциялар» деп аталады, оған оқыту, тәрбиелеу, дамыту мақсаттары кіреді. Екінші топты ғалым «операциялық/орындаушылық функциялар» деп атайды, оның құрамына жобалық, конструкторлық-құрастырушылық, технологиялық, ұйымдастырушылық, диагностикалық, коммуникативтік, өндіріс-технологиялық функцияларды жатқызады [139].

Анықталған ұстанымдар топтамасын синтездей отырып, зерттеу жұмысымызға қатысты сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру ұстанымдарын жинақылап жүйелеу мүмкін болды. Аталған ұстанымдардың функциясы ішкі

мазмұнынан табылатын толыққанды мазмұндағы ұстанымдары жүйесін келесі модельден көруге болады.




Сурет 11 – САҮҮББСМ креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің ұстанымдары

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің ұстанымдарына қысқаша жекелеген сипаттама беріледі.

*Креативті орта мен креативті оқу үдерісін құру ұстанымы* қоғамның заманауи инновациялық дамуының негізгі ресурстарының бір көзін білдіреді. Университеттерде креативті оқу ортасы мен оқу ұстанымын құру арқылы болашақ мамандардың ерекше сапалы қасиеттерін, жоғары интеллектуалдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Еліміздің экономикасына, әлеуметтік барлық салаларына ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияларды енгізу үшін және ел пайдасына жарату үшін, жас мамандар универсиеттегі бірінші күннен бастап креативті білім ортасына кіруі керек. Университетте оқыған жылдардың әр күнінде болашақ маман, болашақ мұғалім креативті жеке тұлға ретінде қалыптасуға бір қадам алға басып, тұтастық болмысының бір кірпішін қалауға дағдылануы керек. Креативті білім ортасы мен креативті оқу үдерісі студентті біртіндеп білім объектісінен алға қарай өз бетімен ізденіп, жаңа идеяларды генерациялай алатын креативті субъектіге, толыққанды тұлғаға дейін көтерілуі күтіледі. Нақтырақ айтқанда, болашақ

бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда креативті-шығармашылық бағытқа қарай бет бұрып, жаңа білім беру үдерісін құру әдіснамасы қажет болады.

*Креативті өнім алу мақсаттылығы ұстанымы* болашақ маман даярлаудың тек нәтижеге қол жеткізуін ғана көздемейді, есесіне, қалай да креативті өнім алуға міндеттейді. Студенттерге «Әліппені оқыту әдістемесін» оқыту үдерісі олардың креативті қабілеттері мен әлеуетті танымдық мүмкіндіктері дамуын қамтамасыз ету көзделінеді. Ол қамтамасыз ету барысында дидактикалық оқу материалдары студенттің интеллектуалдық, эмоциялық, мотивациялық ресурстарын кешенді түрде ала отырып, креативті құзыреттілігін дамытуға игі ықпал ететін түрлі жағдаяттар, тапсырмалар, проблемалар түрінде құрылады. Студенттің болашақ мұғалім ретіндегі кәсіби міндеттерін шешуге креативті тұрғыдан келуге дағдылануы оның креативті әлеуетін белсендіру арқылы мүмкін болады. Оқу-танымдық әрекеттерінде эмоциялық-сезімдік ынталандырулар жасап отыру арқылы студенттің белгілі бір оқу міндетін креативтілікпен шешу жолына әкелуге болады. Мұның барлығы оқытушының студентке арналған креативті оқу-таным әрекетінің стратегияларын дұрыс құра білуін талап етеді.

*Креативті педагог тұлғасын дамыту ұстанымы* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің педагогикалық және «Әліппені оқыту әдістемесі» (және барлық пән бойынша) пәндік білімін, жаңалықты танудағы жоғары мотивациясын, бастауыш сыныптарда оқыту практикасын шығармашылықпен игеру тәжірибесін интеграциялайтын кәсіби жеке тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді. Креативті педагогтің тұлғасын зерттеуде, ғалымдардың айтуынша, олардың төрт қыры қарастырылады: креативті тұлғалардың мінездері мен мотивтерін зерттеу, креативті тұлғаның «Менін» креативтілікпен байланыстыра қарастыру, креативтілікті тұлғаның өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру контексінде зерттеу, креативті тұлғаларды психологиялық тұрғыдан зерттеу [139]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің шығармашыл тұлға екендігіне сенімді болуы тиіс және белсенділік, өз бетімен жұмыс жасау және шешім қабылдау, оқу-таным үдерісін ұйымдастыру, еңбектену, шығармашылық қарым-қатынас жасау қабілеттері айқын дамыған болуы тиіс. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімін креативті құзыреттіліктің даму көзі болып табылатын инновацияларға ұмтылып, әрдайым ізденіс үстінде болуын дағдыландыруға болады. Әдістемелік креативті-шығармашылық – бастауыш сынып мұғаліміне әрбір сабақты, таным үдерісінің әрбір үзігін жобалауда қажетті қабілет, кәсіби дағды. Сондықтан креативті тұлға деңгейі – болашақ мұғалімнің даму дәрежесінің биігі.

*Креативті педагогикалық рефлексия ұстанымы* – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ең өзекті сапалық қасиетін қалыптастыруға басшылық ететін ұстаным. Рефлексивтілік компонент – креативті құзыреттіліктің бір құраушысы болып табылатыны айтылды. Мұғалімнің онтологиялық қиындықтарды еңсеруде күш беретін маңызды қасиеттердің бірі – рефлексиялық қабілеті. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін рефлексия

жасауға дағдыландыруда оның жеке тұлғалық және кәсіби түрлері бар екенін түсіндіру маңызды. Рефлексияның осы екі түрін саралап ажырата алмаған мұғалім кәсіби қызметінде өзін жегідей жеп тынуы мүмкін екенін ғалымдар атап көрсеткен [140]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің, қазіргі студенттердің рефлексиялық әрекеттерін ынталандырып отыру арқылы олардың өмір құндылықтарына бағдар алу, креативті идеяларды тудыру дағдылары қалыптастырылады. Психолог ғалымдардың айтуынша, креативтік көріністер динамикасында рефлексивтіктің анықталуының негізгі тетігі – жеке тұлғаның рефлексивтік өзін-өзі диагностикалауы болып табылады, сол арқылы тұлғаның өзіндік санасының тұтастығы мен тұрақтылығы сақталады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің студенттік кезден қалыптастырылған рефлексивтілігі кәсіби қызметке кірген кезде дамып-жетіледі. Ол өз кезегінде қызметінде өзіндік сананың рефлексивтік құраушыларын іске қоса отырып, нәтижелі креативтік параметрлерді белсендіреді.

*Креативті тұрғыдан жайлы атмосфера құру ұстанымы*. Тұлғаның креативтілігін дамыту мәселелері бойынша зерттеген ғалымдардың пікірінше, креативтілікті дамыту үшін белгілі бір жайлы жағдайлар жасау қажет, ерекше шығармашылық орта құру керек. Өйткені заманауи генетикалық зерттеу мәліметтері креативтіліктің, көп жағдайда, қоршаған ортаға тәуелді екенін айтады [141]. Талдау жасалынған психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде креативті құзыреттілікті қалыптастырудың алды оған қажетті жағдайлар туғызудан басталу керек екендігін атап көрсетеді. Мысалы Дж.Гилфордтың кітабында шығармашылық белсенділікті дамытудың мынадай тәсілдері көрсетілген:

– жайлы, жағымды атмосферамен қамтамасыз ету. Оқытушы тарапынан студенттерге деген жылы шырай, мейірімді және шынайы достық қарым-қатынас, студентті бағалау мен сын айтудан аулақ болу – студенттердің дивергенттік ойлауын еркін көрсетуге тірек болады;

– студенттің креативті түрлі амал-тәсілдер мен оқу құралдарымен және ынталандырудың түрлеріне түсуі арқылы оның танымдық белсенділігі ерекше дами түседі;

– студенттің ерекше идея айтуы, ерекше ой білдіруін оқытушының қолпаштап- қолдау жасауы оны ынталандыра түсетіні.

*Креативті трансформация және генерациялау ұстанымы.* Университетте болашақ мамандарды даярлау үдерісінде жаңа оқыту технологияларын пайдаланудың маңызы зор екені белгілі. Бірақ шынайы өзгеріс пен даму тек технологияға ғана тәуелді емес, жаңалыққа қарай бет бұрып, өзгерістер жасалуына да және қайта түрленуіне де көптен-көп байланысты. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру әдістемесінде трансформация ұстанымы студенттердің санасында дүниетаным картинасын кеңейтуге басшылық етеді. Трансформация ұстанымы білім мазмұнын өзгертуде басшылық етеді, әрине, білім мазмұнын түбегейлі өзгерту жиі қолданылмайтыны белгілі. Генерациялау ұстанымы туралы зерттеген ғалымдардың айтуынша [142], креативті идеяны

генерациялаудың келесі кезеңдері бар: бағдар ұстау кезеңі, яғни проблеманы анықтау және накты мақсатты анықтау; дайындық кезеңі, яғни анықталған проблеманы шешу үшін ақпарат жинау; талдау кезеңі, яғни ақпаратты өңдеу және проблеманы шешу тәсілдерін іздеу; фильтрациялау /електен өткізу/ кезеңі, яғни оңтайлы идеяларды сұрыптау; инкубация кезеңі, яғни көрегендік қабілетін қарқындататын мезгілдік үзіліс; синтездеу, жинақтау кезеңі, яғни «мозаика бөлшектерін біріктіру»; бағалау кезеңі, яғни әзірленген идеяларды сыни тұрғыдан талдау.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың ұстанымдар иерархиясы жүйеленді. Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастырудың ұстанымдары мен әдіснамалық тұғырларының молдығы өзінің мол мүмкіндігімен, жаңа технологияларды оқу-танымдық үдеріске енгізудегі тиімділігімен тағы бір қырынан анықталды. Теориялық, әдістемелік зерттеулерге жүргізілген талдау барысы мен қол жеткен нәтижелер осы ойымызды дәлелдеді деп айта аламыз.

Біздің зерттеуімізде сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру қарастырылатындықтан, оның жеке тұлғалық және кәсіби қырларын біртұтастықта қарастыру қажеттілігі туындайды. Сондықтан да зерттеу жұмысында болашақ мұғалімнің жеке тұлғалық креативті құзыреттілігін қалыптастыруға және болашақ маманды сауат ашуға үйрету үдерісінде оқушылардың креативті қабілетін дамыту жолдарын оқытуға басым көңіл бөлінеді.

Осыған байланысты біз келесі тарауда сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруды модельдеуді зерделейміз. Соның ішінде креативті тапсырмалар кешенінің жіктемесі мен сипаттамасын беріп, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттіліктері қалыптастырудың педагогикалық шарттарын, өлшемдері мен көрсеткіштерін, оларға сәйкес деңгейлерін айқындаймыз.

# 2 САУАТ АШУ ҮДЕРІСІ БАРЫСЫНДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МОДЕЛЬДЕУ

## 2.1 Креативті тапсырмалар кешенінің жіктемесі мен сипаттамасы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі оның жеке тұлға ретіндегі интегративтік динамикалық қасиетін танытады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі белгілі оқу міндеттерін шешуде ерекше, өзіндік айрықша жаңа жол таба алатын қабілеті арқылы көрініс табады.

Әрине, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін құрайтын мотивациялық-мақсаттылық, аксиологиялық, гносологиялық, праксиологиялық, жеке тұлғалық негізгі құрылымдық компоненттердің әрқайсысы үшін жеке және барлығын біртұтас қасиеттің түрлі қыры ретінде қалыптастыру үшін біртұтас арнайы тапсырмалар кешені әзірленуі керектігі белгілі.Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруға ұсынылатын креативті тапсырмалар кешені, біріншіден, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық болмысының креативтілігін дамытуға арналады; екіншіден, сауат ашуға үйрету үдерісінде креативті құзыреттілігі қалыптасу логикасының мазмұнына сәйкес үйлестіріледі; үшіншіден, жалпы педагогикалық креативті қасиеттерін дамытуға арналады.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған креативті тапсырмалар кешені ұсталынатын жалпы әдістемелік қағидаттарымыздың негізінде нәтижелі болады және ұсынылатын креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімінің үшқырлы моделінің компоненттеріне сәйкес келеді.

Бірінші қыры – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық креативтік қасиеттері, екінші қыры – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативтілік деңгейі, үшінші қыры – жалпы педагогтің креативтілік деңгейі. Осы атап көрсеткен қырларының ішіндегі басты қарастыратынымыз, әрине, *екінші қыры – болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің креативтілігі деңгейі*. Дегенмен, әдістемелік жүйеде бірінші қырына, яғни студенттің жеке басының креативтілігіне қатысты тапсырмалар және үшінші қырында көрсетілген жалпы педагогтік креативтілігіне қатысты арнайы тапсырмалар да беріледі.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үшін көзделген мақсатқа орай белгілі бір міндеттер тобы беріледі. Ол міндеттерді шешудің дұрыс жолы кешенді тапсырмалар жүйесін орындату арқылы студенттердің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі креативті құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Ғалымдардың анықтауынша [143], креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ мұғалімдердің ойлауы креативтікке бағытталып, келесідей белгілерге сәйкес келеді:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдері жаңа идеяларды ойлап тауып, оларды дұрыс бағалап, креативті тұрғыдан жетілуге дағдыланады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдері «Сауат ашу әдістемесі» пәні бойынша алдына қойылған оқу міндеттерді шешуде инновациялық және тиімді шешімдер тауып, қолдана алатын болады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдері «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту барысында сауат ашудың креативтік аспектісі туралы жаңа білімдерді қабылдайды, ізденеді, жүйелейді, қолдануға дағдыланады;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өзінің алдағы уақыттағы кәсібіне қатысты қиялын меңзеуін меңзегенінше тиімділікпен қолданады;

– студенттер шығармашылық тапсырмаларды мол орындау арқылы пәнді терең біліп алады, оған қоса, «Сауат ашу әдістемесі» пәнінің әр сабағына, әрбір қадамына продуктивті шығармашылық тұрғыдан қарау тәсілдерін меңгереді;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті ойлау механизмдері қалыптасып, мұғалімдік кәсібінің әрбір сәтіне сапалы нәтижеге қол жеткізетін креативті әдісті қолданудың «өзіндік жүйесін» қалыптастырады;

– қалыпты дәстүрдегі оқыту шаблондарымен басталған «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту біртіндеп студенттердің тікелей қатысуымен креативті тапсырмаларды орындау барысында қабылдауында өзгерістер пайда болып, креативті «өсу жолы» пайда болады, сол арқылы студенттерде шығармашылық нәтижеге баратын жаңа шешім (жол) табылады. Студент оның пайда болуын рефлексивті тапсырмалар арқылы өзінде байқап, өзінде шығармашылық шешімге келу дағдысы қалыптасқанына сенімді бола бастайды.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруға арналған кешенді тапсырмалардың сипаттамасы мен жіктемесінің жалпы сипаттамасына тоқталайық.

Ең алдымен, тапсырмалар кешеніндегі «жабық» және «ашық» сипаттағы тапсырмалардың ерекшеліктерін қарастырамыз.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалардың өте аз түрде «жабық» емес, көп жағдайда «ашық» түрде болуы, тапсырмалардың кешенді болып келуі, кері тапсырмалар орындату, тапсырмалардың вербалдық, көркем, проблемалық болып құралуы – маңызды талап [144].

«Жабық» және «ашық» тапсырмалардың өзіндік ерекшеліктері келесідей түрде келеді.

Студенттерге берілетін «жабық» креативті тапсырмалардың кейбіреуін талдау арқылы бұл форманың көзделген креативті құзыреттілікті қалыптастыруда жеткіліксіз екеніне көз жеткізе аламыз. Өйткені «жабық» креативті тапсырмалар конвергенттік ойлау тетіктерін қалыптастыру мен дамытуды көздейді. Өкінішке орай, осы күнге дейін білім беру бағдарламаларында қамтылатын оқу тапсырмалардың дені «жабық»

тапсырмалардан тұратынын атап кетуіміз керек. Үлгерімі жоғары студенттердің өзі, көп жағдайда, өмірлік жағдаяттарға бейімделе алмай қалып жататыны да «жабық» тапсырмаларды орындау логикасына ғана бейімделгеннен болуы мүмкін.

«Жабық» типтегі креативті тапсырмаларды орындатуда студенттерге бәрібір тура шешімге келетін жолды көрсетіп қою қажет болады. Тест алудың өзінде де, көп ретте жабық тестілер қолданылып жүргені белгілі.

Бірақ «жабық» тапсырмалардың маңызды орнын жоққа шығаруға болмайды. Мұндай типтегі тапсырмалар белгілі бір шешім логикасын қалыптастыруда, үйретуде, дағдыландыруда аса қажет болып саналады. Сонымен қатар, жаңа тақырыпты меңгертуде «жабық» тапсырмаларды қолдану орынды және дәстүрлі білім беру парадигмасында «жабық» тапсырмалар негізгі болып табылады.




Сурет 12 – Креативті «жабық» тапсырманы орындау логикасы

***Жабық тапсырма үлгісі***

*Құрметті студенттер, өздеріңізге таныс немесе оқып-үйренген дидактикалық әдістерді естеріңізге түсіріп, «Әліппені» оқыту үшін тиімді болып табылатын әдістер мен тәсілдерді жазыңыздар. Тапсырманы орындау үшін келесі оқулықтар мен оқу құралдарын қарап, естеріңізге түсіріңіздер. (Дидактика кітаптарының тізімі беріледі.)*

Жабық тапсырмаларда соларға сүйеніп, шешім қабылдайтын берілген мәлімет өте көп болады. Тапсырманы орындау шартында да артық мәліметті іздеу қажеттілігі туындамайды.

Студент өзі үйренген білімінен артық ізденім жұмыстарына еш алаңдамастан, берілген тапсырманы орындай алады. Конвергентті ойлау типінің иелері «зияткер тұлғалар» деп аталады. Зияткер тұлғалар психолог ғалымдардың айтуынша, өте күрделі деген міндеттерді шеше алады.

Ал дивергентті, яғни ашық шығармашылық ойлау иелері «креативті тұлғалар» деп аталады. Мұндай тұлғалар алдарына қойылған міндеттерді шешуде ғана емес, сондай міндеттерді көріп-біліп, өзі шешу қажеттілігін

түсінеді. Сол міндетті шешуде бұрынғы әдістер шеңберінен шығу жолын іздеп, жаңа мүмкіндіктер шеңберінің түйісер нүктесін табуға тырысады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойында осындай қабілеттердің қалыптасуы мен дамуы және болашақ кәсібінде дағдыға айналуы үшін арнайы «ашық тапсырмалар» жүйесі орындатылады.

«Ашық» тапсырмалардың сипаттамасын келесі белгілер арқылы көрсетуге болады:

–«ашық» тапсырмалар алға қойылған міндетті шешудің әдістері және жолдары көпнұсқалы болуын керек етеді;

–«ашық» тапсырмаларға түрліше қырдан түсініктеме берілуі мүмкін;

–«ашық» тапсырмалар өз ішінен жаңа бір міндеттің не топшылаудың көзін ашып көрсететін болады;

–«ашық» тапсырмалардың жауабы бірнешеу болуы мүмкін, өйткені түрлі қырдан танылған құбылыстың біріне екіншісі ұқсамай тұруы қалыпты мәселе болып саналады.

Ғалымдардың ізімен, «ашық» креативті тапсырмаларды студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мақсатына орайластыра, *когнитивті, креативті, ұйымдастырушылық* деп бөліп қарастырылды [145].

Бұлардың барлығы, өз кезегінде, оқу тапсырмаларының, дәрістер мен семинар, өзіндік жұмыс т.б. шығармашылық сабақтың құрылымы мен мазмұнына сәйкес болуы көзделеді.




Сурет 13 – Креативті «ашық» тапсырманы орындау логикасы

Сонда креативті тапсырмаларды орындау барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері «оқу проблемасы» – «шешімді табудың көпнұсқалы ізденім жолы» – «көпнұсқалы жауап немесе оңтайлы шешімді дәл табу» жолын таниды, оны анықтауға және құрауға үйренеді, өз тәжірибесінде қолдануға дағдыланады.

Ендігі ретте креативті «ашық» тапсырмалардың берілу ерекшелігіне тоқталайық. Мұнда да бірқатар әдістемелік талаптар сақталынуы керек:

– әр тапсырмада болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Әліппені» оқытуды креативтік тұрғыдан ұйымдастыруға қатысты белгілі бір әдістемелік міндетті шешу керектігі көрсетіледі;

– «Әліппені» оқытуды креативтік тұрғыдан ұйымдастыруға қатысты түрлі ұсыныстар мен ой-пікірлерді бір арнаға тоғыстырып, солардың негізінде белгілі бір түйін ой жинақтау талабы қойылады;

– «Әліппені» оқытуды креативті тұрғыдан ұйымдастыруға қатысты ұсынылған «әдістемелік мәтіннің» негіздемесін жасау тапсырылады;

– осы негіздемеге сүйене отырып, «Әліппені» оқытудың креативтік визуалдық композициясын құру тапсырылады;

– «Әліппені» оқытуды креативтік тұрғыдан ұйымдастыруға қатысты «практик-мұғалімнің тәжірибесі» ұсынылып, оның креативтік ерекшеліктерін анықтау және дәлелдеу тапсырылады;

– элективті курстың дәрістерінің мазмұнына сүйене отырып, соның негізінде «Менің сауат ашуды креативтік тұрғыдан оқытуды ұйымдастыру туралы көзқарасым» тақырыбында эссе жаздыру;

– элективті курстың семинар сабақтарының жалпы мазмұнына талдау жасатып, «Әліппені» креативтік тұрғыдан оқытуды ұйымдастырудың тиімді әдістері» атты әдістемелік карта әзірлеуді тапсыру;

– студенттерге «Әліппені» креативтік тұрғыдан оқытуда психодрамалық жағдаяттарды қолдану және оның қаншалықты орынды болғанына талдау жасату;

– ««Әліппені» креативтік тұрғыдан оқытуда ойын формаларын тиімді қолдану әдістері» атты семинар ұйымдастыруды және семинардың ішкі қарастыратын проблемалық тақырыптарын әр студент өзі анықтауды тапсыру;

– студенттерге дәстүрлі оқу тапсырмалары мен шығармашылық тапсырмалар беріп, олардың өзара айырмашылықтарын және сапалы ерекшеліктерін белгілеуді тапсыру;

– элективті курстың дәрістері, семинар сабақтары, өзіндік жұмыстары мазмұны бойынша түрлі проблемалық оқу тапсырмаларын құрауды тапсыру;

– ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (біреуінің негізінде) қолдану арқылы «сауат ашуды» креативтендіру үдерісі туралы жоба орындауды тапсыру;

– Әліппе сабақтарында оқушылардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған түрлі мазмұндағы тапсырмалар әзірлеуге дағдыландыру;

– студентке қалыпты әдістемелік тапсырмалардың бірнешеуін ұсынып, оған креативтік оқу жағдаятында қолдануды тапсыру, нәтижесінде, «қалыпты» деп саналып жүрген әдістердің қандай жаңа қырларын танығанын сипатттауды тапсыру.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне элективті курс оқытып, үйретпейінше, мұндай дағдылардың өздігінен қалыптасуы оңай емес.

Сондықтан «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» элективті курсы әзірленді.

Элективті курстың мақсаты – сауат ашуға үйрету үдерісін ұйымдастырып жүргізе алатын креативті құзыретті маман ретінде қалыптастыру үшін студенттерді теориялық және әдістемелік жағынан дайындау. Осылай дайындалған студенттің «Әліппені» оқытуда креативті құзыреттілігі қалыптасуына деген сенім болады.

Элективті курсты оқыту барысында студенттердің «креативтілік» туралы ұғыммен танысуынан бастап, оқып шығатын барлық дәріс, семинар сабақтар, орындайтын өзіндік жұмыстары – олардың шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруіне және өзінің ішкі білімдік, кәсіби, рухани болмысын жүзеге асыруына мүмкіндіктер жасалынады, қажетті дағдылары қалыптастырылады.

Креативтілік міндеттерді тани білуге ғана емес, қарапайым, дәстүрлі оқу тапсырмаларының өзінен креативтіліктің «дәнін» танып, соны өркендете алатындай дағдылар қалыптастыру арқылы студенттердің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде кәсібінен рухани сенімділікке жетуіне, сөйтіп акмеологиялық шеберлікке жетуіне қажетті дидактикалық мүмкіндіктерді элективті курстың бойына жинақтаймыз.

Болашақ бастауыш мектеп мұғалімдеріне «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту бойынша арнайы құрылған креативті тапсырмалар кешені келесідей сипатқа ие болуы тиіс деп анықталды:

– проблемалық оқыту талаптарына жауап беретін;

– студенттерге «Әліппені» оқыту бойынша жаңа педагогикалық, дидактикалық, әдістемелік білім мазмұнын меңгертетін;

– студенттердің тапсырмаларды орындау барысында жаттанды қалыптан еркін күйде болуына мүмкіндік беретін;

– тапсырманы орындау барысында жаңа шешімдер таба алуына ұмтылдыратын;

– қалай да креативтік іс-әрекетке енуіне жетелейтін;

– тапсырманың шешімі студент үшін маңызды болып саналатын;

– әрбір тапсырма креативті құзыреттіліктің бір немесе бірнеше қырын қалыптастыруға бағытталатын сипаттарға ие болуы керек.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған креативті тапсырмалар кешенін құруда, оның әдістемелік ерекшеліктерін айқындауда осы құзыреттілік қалыптасу деңгейі жайлы динамикасына бағдар ұсталынды, нақты айтқанда, креативті құзыреттілікті қалыптастырудың ұстанымдары тірек ретінде ұсталынды:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың негізгі мектептегі пән мұғалімдерін дайындаудан өзіндік ерекшеліктері ескерілді;

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің университеттен соң да уақыт талабымен үндескен жаңа креативті құзыреттілік компоненттерін игере алатынына, соның негізінде үздіксіз білім алу үстінде болатыны, сөйтіп

креативті құзыреттелігі сабақтастықпен толыға, дами түсетіні назарда ұсталынды;

– жалпы, креативті тапсырмаларға қойылатын әдістемелік талаптардың сақталуына, креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімінің моделіне қойылатын талаптармен тығыз байланыста болуына назар қойылды.

Студенттерге арналған креативті тапсырмаларды жүйелеуде біз барлық педагогикалық жүйелердің мақсаты динамикалық түрде келетінін ескере отырып, оның даму логикасы жалпы педагогикалық үдеріс дамуының объективтік үрдістерін білдіретінін басшылыққа алдық.

Сонымен бірге, педагогикалық жүйенің мазмұнын, формасын, әдістерін және амал-тәсілдерін болашақ педагогтердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттіліктерімен сәйкестендіреді, сөйтіп, алға қойылған басты мақсатқа қарай жүру жолы анықталады. Креативті тапсырмалар кешенінің болмысын келесі сызбадан көруге болады.




Сурет 14 – Креативті тапсырмалар кешені

Ұсынылатын креативті тапсырмалар кешенінің мақсаты белгілі, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру. Осы мақсатты жүзеге асыруда құрылымдық компоненттерді жүзеге асыру керек болатыны анықталды.

Студенттердің креативті ойлауы, шығармашылық қиялдауы, тапсырмаларды орындауда креативті әдістер мен тәсілдерді қолдануы арқылы өздерінің креативті қабілеттерінің жеке деңгейлерін тануы креативті құзыреттілігі қалыптасуының үдерісін көрсете алады. Креативті тапсырмаларды орындату барысының өзіндік «ішкі кіші деңгейлері» немесе операционалдық мақсаттары болады және студенттер оларды біртіндеп өткеріп отырады. Ол операционалдық кіші мақсаттар келесідей болып келеді:

1) студенттердің қандай да бір жағдаяттарды белгілі бір негіздерге сүйеніп, жіктей білуі;

2) студенттердің ұсынылған креативті тапсырмадағы себеп-салдарлық байланысты таба алуы;

3) креативті тапсырма мазмұнындағы өзара байланыстарды көре білуі және жаңа байланыстарды анықтауы;

4) студенттердің тапсырма мазмұнын дамыта алуы;

5) тапсырма мазмұнындағы кездесетін қарама-қарсылықтарды тани білуі;

6) тапсырмадағы қарама-қарсылықтарды кеңістік пен уақыт бойынша бөле алуы;

7) көз алдына кеңістіктегі нысандарды келтіре білуі;

8) қиялындағы кеңістікте түрлі бағыттарды келтіре алуы;

9) ойлаудың психологиялық инерциясын жеңе алатын болуы;

10) тапсырманың шешімін ұсынуда ерекше ойлау ұшқынын тез бағалай алатын болуы;

11) шешімді табу аясын тарылта алатын болуы;

12) тапсырманы орындау үшін нысандарды, жағдаяттарды, құбылыстарды қиялмен өзгерте алатын қабілеті болуы;

13) берілген тапсырманы орындау үшін нысандарды, жағдаяттарды, құбылыстарды ойша өзгерте, басқа формаларға ендіре алатын қабілеті болуы;

14) креативті тапсырмаларды өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйеніп орындайтын болуы;

15) креативті тапсырмаларды орындауда эвристикалық шығармашылық әдістерін қолдана алатын болуы;

16) креативті тапсырмаларды орындауда шығармашылықтың алгоритмдік әдістерін қолдану қабілеті болуы.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды көздейтін креативті тапсырмалар жүйесі осы мақсаттар аясында құрылып, жүйеленді.

Көрсетілген операционалдық деңгейдегі тапсырмалар өзара бірігіп ірілене келгенде, оларды екі топқа бөлуге болатыны анықталды, олар:

- бірінші топ – белгілі бір керативті, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру үшін орындайтын тапсырмалар;
- екінші топ – қалыптасқан, меңгерген дағдысын тексеру үшін жаңа мақсатқа пайдалана білуін үйрететін тапсырмалар.

Бірінші топқа енетін тапсырмаларды орындау барысында студенттер креативті дағдылар қалыптастырып, креативті тәжірибе жинақтайды.

Екінші топтағы тапсырмаларды орындау үдерісінде студенттер креативті тәжірибе жинақтауын жалғастырады, түрлі өзгертулер жасап үйренеді, бұрыннан белгілі әдістер мен амал-тәсілдерге жаңаша тұрғыдан қарап, басқа қырларынан танып-біледі, оларға қияли-фантастикалық мазмұн беруді үйренеді, бір құбылыстың функциясын басқа құбылысқа ауыстырып пайдалануға дағдыланады.

Бұлай шартты болса да екі топқа бөліп жүйеленген креативті тапсырмалар осы жүйені өзара байланысты креативті тапсырмалар ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ол екі топ та дамытушылық, танымдық, тәжірибелік мақсатты орындайды, соның негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға қызмет етеді.

Осы ретте дамытушылық мақсаты анықтаушы, бағдар беруші қызмет атқарып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға оң ықпалын тигізеді. Танымдық мақсаты туралы айтсақ, ол студенттердің креативті тәжірибесінің кең арналы болуына қызмет етіп, «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқытудың жаңа креативті тәсілдерін танып-білуге бағыт береді. Тәжірибелік мақсат тұрғысынан алатын болсақ, ол болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқытудың түрлі ішкі тақырыптары негізінде жаңа креативті нәтижелерге қол жеткізіп, «креативті әдістемелік өнім» жасап дағдылануына бағытталады.

Атап кететін мәселе, барлық тапсырмалардың мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімінің «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту барысында креативті құзыреттілігінің қандай да бір қырын қалыптастырудың жолына қызмет етеді.

Креативті тапсырмалардың тақырыптары мен жұмсалу мақсаттары төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Креативті тапсырма тақырыптары мен мазмұны

| Креативті тапсырмалардың тақырыптық топтары | Мазмұны | Элективті курс тақырыбымен байланысы |
|---|---|---|
| **«Миға шабуыл»** | Креативтік пен шығармашылық-қа негізделген идеялар тудыру (генерациялау); барлық кемшіліктерді анықтап алу. | Дәріс – 1,2,4.5.6,7,8.<br>Семинар –1,2,3. |
| **«Алты қалпақ»** | Креативтік, шығармашылық міндеттерді психологиялық рөлдік ойын арқылы түрлі қырдан шешу әдісі | Дәріс– 1,3,4,5,67,8,9.<br>Семинар – 4,6, |
| **«Шығармашылықты дамыту жүйесі»** | Жаңа, айрықша идеяларды тудыру, шешім іздеудің қалыптан тыс жолдарын қолдану | Дәріс – 1,4,5,6,7,8.<br>Семинар -5,6. |
| **«Open Space» креативтілікті дамыту технологиясы** | Мәселенің шешімін шұғыл шешу үшін аз уақытта көптеген пікір жинау | Дәріс–<br>1. 3.4.5.6.7.8.<br>Семинар -1,6. |
| **ТРИЗ/ӨТШТ** | Болып жатқан үдерісті айқын түсіне отырып, жүйелі ойлай білу | Дәріс –1,3<br>Семинар - |
| **4К** | Студенттердің сыни, креативті ойлауын дамытып, тапсырмаларды топта талқылап, өз ойларын еркін жеткізуге баулу | Дәріс –1,5,6,9.<br>Семинар -2,3,5. |
| **«Менталды карталар»** | Студенттердің ойлауын белсендіру мақсатында когнитивтік визуализацияның жарқын тәсілін қолдану | Дәріс –1,3,4,5,6,7,8,9.<br>Семинар -1.6. |

1-кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| **«Синектика»** | Аналогияны (ұқсату) бірізділікпен қолдана отырып, білімнің түрлі қырынан алынған мазмұндарынан мәселенің шешімін табу | Дәріс –1,6,8,9. Семинар -1. |
| **«НТӘ - Нысандарды тоғыстыру әдісі» («МФО -метод фокальных объектов»)** | Белгілі нысанға кездейсоқ нысандарды тіркестіру арқылы жаңа идеялар тудыру | Дәріс –1,8,9. Семинар – 5,6,7,8. |
| **«Креативті жобалау технологиясы»** | Өзінің және басқалардың тәжірибесін сыни бағалай білу; инновациялық шешім қабылдаудың креативті жобасын құра білу | Дәріс – 3,4,5,8,9. Семинар – 3,4,5 |
| **Морфологиялық жәшік әдістемесі»** | Қарастырылатын тақырыптың барлық құраушы элементтері жазылған матрица (кесте) құрау арқылы оларды өзара вариациялау, соның негізінде мүлде жаңа шешім таба білу | Дәріс – 1,9. Семинар -1,6,7,8. |
| **«Креативті ойын технологиясы»** | Креативті ойын технологиялары арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің шығармашылық ойлауын дамыту, оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруда педагогикалық шеберлігін жетілдіру | Дәріс – 3,4,5,8,9. Семинар -3,4,8,9. |

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған креативті тапсырмалар кешенін орындатудың ішкі логикалық құрылымы келесідей болады:

1. Студенттер алдымен берілген тапсырмамен танысып, ол тапсырманың өзектілігі бойынша талдау жасайды. Яғни бұл тапсырманың мақсатын, қойылған оқу міндетін, тапсырманың креативтілігін анықтайды.

2. Келесі қадамда берілген тапсырманың мазмұнындағы қарама-қайшылықты анықтайды, сол арқылы тапсырманың қалыптан тыс креативтілігін нақтылайды. Одан туындайтын жаңа мәселелерді белгілейді. Оқытушы кеңес беруші ретінде студенттерге қосымша жетекші сұрақтар қойып, қажетті білімдерін естеріне түсіріп отырады.

3. Студенттер келесі қадамда «Әліппені оқыту әдістемесі» моделінің немесе оның компонентінің белгілерін талдайды. Тапсырманы орындайды. Осы кезеңде студенттер маңызды креативті әрекеттер орындайды, атап айтқанда, жаңа идеялар ойлап табу (генерациялау), бұрынғы білімін мүлде жаңа жағдаятқа қатысты пайдалана алу, шығармашылық әдістемелік «өнім» жасау, соның нәтижесінде әдістемелік жаңа идея жасалынады.

4. Қол жеткен нәтижеге талдау жасалынып, оның жаңа мазұндық ерекшеліктерін талқылайды. Бұл кезеңді рефлексиялық деп те атауға болады. Өйткені студенттер өзара топ болып талқылау барысында болашақ мұғалім

ретіндегі креативті құзыреттілігінің белгілі бір компоненттері қалыптастырылып жататыны анық.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесі мазмұнындағы арнайы креативті тапсырмалардың кейбір үлгілерін көрсетіп өтеміз.

*Тапсырмалар.*

*Қияли, шынайы және сыншы*

Рөлдік ойын. Қатысушылар – Қияли, Шынайы, Сыншы.

Алға қойылған мәселе – сауат ашуға үйрету үдерісін креативті технология негізінде ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін табу».

*Ойын барысы.* Бұл рөлді әр студент жеке орындайды.

•Студент алдымен Қияли адамның рөліне еніп, миға қонбайтын идеяларға дейін айта береді (алдын ала жазып дайындалуына да болады).

•Одан соң Студент Шынайы адамның кейпіне еніп, прагматикке айналады. Алға қойылып отырған мәселенің нақты жоспарын құрады, қайта-қайта ойланып барып, шешу жолдарын ұсынады.

•Үшінші рет Студент Сыншының кейпіне енеді. Жақсысына да, жаманына да сын көзбен қарап, сынамаған жерін қалдырмайды, барлығына сын айтады, қателерін айтады, дұрыс емес тұастарын қолмен ұстағандай етіп көрсетеді.

Бұл ойынды бір сабақта 4-5 студент ойнап шығады. Егер қалаушылар көп болса, әр сабақта қайталап отыруға болады.

*«АЛТЫ ҚАЛПАҚ» ӘДІСІ.* Бұл әдісті де әр студентпен дербес орындату керек болады. Әр студент 6 түрлі шляпаны кезекпен киіп, әр шляпаның қасиетіне байланысты алдына қойылып отырған *«Әліппені» креативті тұрғыдан оқыту»* тақырыбындағы мәселе жөнінде өзінің пікірін ашық та айқын айтып береді.

Ақ қалпақты киіп, мәселеге бар зейінін шоғырландыра қарайды, түсінуге тырысып, деректердің барлығын салқынқандылықпен тексереді.

Қара қалпақты киіп, мәселенің тек негатив, теріс жағын көруге тырысады, барынша дұрыс емес екенін дәлелдейді.

Сары қалпақты киіп, мәселенің оң және оңтайлы тұстарын жақтап, соларды көтермелеуге, қазақша айтқанда «жақсысын асыруға тырысады».

Жасыл қалпақты киіп, қосымша жаңа бірнеше идея қосады.

Қызыл қалпақты киіп, мәселеге соншалықты қызуқандылықпен қарауға тырысады, «не бұл, неліктен бұлай, басқаша болмас па?» т.б.эмоциясын еркін білдіреді.

Көк қалпақты киіп, жасалған жұмыстың нәтижесін анықтап, қорытындысын беруге ұмтылады.

*КЕЗДЕЙСОҚ БАЙЛАНЫСТАР.* «Әліппені» қолыңызға алып, көзіңізге түскен ең бірінші екі сөзді таңдап алыңыз. Олар өзара байланысты болмауы да мүмкін.

*Тапсырма:* екі сөзді біріктіретін мазмұндағы сөйлем құрап жазыңыз.

Тапсырманы бір студентке бірнеше рет орындатуға болады.

*КЕЗДЕЙСОҚ БАЙЛАНЫСТАР+2.* «Әліппені» ашып қарап, кез келген екі сөзді таңдап алыңыз. Ол сөздер мүлде өзара байланысты болмауы мүмкін.

Тапсырма: осы екі сөздің өзара 3 айырмашылықтарын және 3 ұқсастығын табыңыз. Олармен сөйлем құраңыз.

Тапсырманы әр студентке орындату керек болады.

*ӘЛІПБИ АССОЦИАЦИЯСЫ.* Студенттер, берілген кестеге зейініңізді шоғырландырып қарап алыңыздар. Көзіңізге түскен сөзді есіңізге сақтап алыңыз. Сосын сол сөзбен байланысты тез ғана 5 түрлі ассоциация атаңыз (*мысалы, ӘЙ: әй, қызық екен, әй, бұл кім, Әйгерім т.б.).*

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| а | ә | б | в | г | ғ | д | е | ж | з |
| и | й | к | қ | л | м | н | ң | о | ө |
| п | р | с | т | у | ұ | ү | ф | х | һ |
| ц | ч | ш | щ | ъ | ы | і | ь | э | ю я |

Бұл тапсырма студенттердің идеяларды ізденіштігі мен шешуі қиын міндеттерді шешуге деген мүмкіндіктерін оятатын жақсы импульс болып табылады.

*Әріптердің қызықты формалары.* Студенттер, әліпбидегі барлық әріптердің формасына зейін қойып қарап алыңыздар. Ішінен 6 әріпті таңдап алып, олардың формасының қызықты, қияли, басқа формаға айналу мүмкіндігі бар әлеуеті туралы айтып беріңіздер. (*Мысалы, А әрпі. Жоғары айналдырып қойсақ, мүйізі бар өгізге ұқсайды. П әрпі –есікке ұқсайды т.б.)*

*Әріптердің қызықты формалары+2.* Студенттер, әліпбидегі барлық әріптердің формасына зейін қойып қарап алыңыздар. Ішінен 5 әріпті таңдап алып, олардың формасын өзгерте отырып, басқа сурет етіп салыңыздар.

*100 сөзге сыйдыр.* Студенттер, «Әліппені» жақсы оқыту туралы ойларыңызды 100 сөзден тұратын эссеге сыйдырып жазыңыздар. Бір сөз артық, бір сөзі кем болмасын.

*Қарама-қарсылықтар немесе хамелеон.* Студенттер, кестеде берілген пайымдауларды оқып, оларды Қолдау және оларға Қарсы болу ойларыңызды жазыңыздар.

| **Пайымдаулар** | **Қолдау** | **Қарсы болу** |
|---|---|---|
| Балаларды **бастапқы оқуға үйретудің** креативті әдістері | | |
| Балаларды **бастапқы жазуға үйретудің** креативті әдістері | | |
| «Әліппені» оқытуда балалар **тілін дамытудың** креативті әдістері | | |

*Барлық сөздер бір әріптен басталсын.* Студенттер, барлық сөздері бір ғана (А, Р, Қ, Ү) әріптен басталатын 4 сөйлем құраңыздар. Ертегі, қияли мәнді болса да жарайды. Мағынасына аса терең мән беріп қажеті жоқ. Бастысы – сөйлем құру.

*400 сөзбен.* Студенттер, бастауыш сынып мұғалімінің адамзат үшін маңызды орны туралы ойыңызды 400 сөзбен білдіріңіз.

*Коллаж құрау.* Студенттер, «Әліппені» оқытудың оңай және қиын жақтарын қағазға жазып, оларды қиып, парақтың бір жартысына ОҢАЙ, екінші жартысына ҚИЫН деп жазып, оңай және қиын әдістемелік мәселелердің атауын немесе қысқа мазмұнын орналастырыңыздар.

Осылай дұрыс және мақсатты жүйемен ұйымдастырылған оқу үдерісінде студенттердің әлеуетті креативті ойлауы мен қабілеті біртіндеп өзекті креативтікке өтеді де, өзінің игілікті нәтижесін береді. Оқу диалогы нәтижесінде креативті оқыту әдістері мен оларды қолдану сценарийлерінің мәтінін құрған студенттер өзара пікір алыса отырып, «Әліппенің» жаңа қырларын анықтайды. Соның негізінде, біртұтас топ болып әзірлеген «ұжымдық» креативті оқыту әдістемесінің өркендері түзіле бастайды, оның ішінде «Сауат ашу әдістемесінің» бір мәселесі туралы оқытушының да, әрбір студенттің де көзқарастары, пікірлері орын алып, сыни көзқарастан өткен, жаңа бағытта түзілген креативті әдістемелік мәтін жасалынады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзырыттелігі қалыптасуының бір өлшемі осылай танылады, яғни креативті әдістеме мәтінін құра білу және ұжым болып біртұтас креативті әдістемелік сценарий мәтінін құрау білуі арқылы танылады. Осы үдеріс барысында А.Маслоу атап көрсеткеніндей, «өзін актуалдандыра алатын адам» («самоактуализирующийся человек») қалыптасады. Бұл жерде жеке тұлғаның көпфакторлы қасиеттерінің кірігуі негізінде студенттердің кәсіби негізде шығармашылық қабілеттерінің дамуын, яғни креативті құзыреттілігі қалыптасуы үдерісінің бір сәті деп анықтауға болады.

Осы сәттің әрі қарай біртіндеп жалғасын таба отырып, сабақтастырылған кешенді тапсырмалар арқылы тұтас элективті курсты оқыту үдерісіне айналуы студенттердің келесідей қажеттіліктерін тудырады:

1) Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде өзінің кәсіби-шығармашылық қызметі арқылы өзінің шығармашылық-креативтік мүмкіндіктерін жүзеге асыруы, сол арқылы өзін-өзі дамытуға атсалысу қажеттілігі туындауы.

2) Студенттердің әдістемелік-шығармашылық тапсырмаларды анықтай білуі, құра білуі, орындай білуі арқылы өзіндік креативті әдістемелік жүйе түзе алуға қабілетті болуы. Студенттердің «Әліппенің» әр сабағы үшін әдістемелік сценарийін құра білуі және оны әріптестеріне талқылауға ұсынуға мүдделі болуы.

3) Студенттердің әріптес-мұғалімдер үшін креативті тапсырма жасау әдістерін сипаттай білуі.

4) Студенттердің «Сауат ашу әдістемесі» пәні бойынша оқушылар үшін, әріптестеріне арналған семинар үшін, тәжірибе алмасу үшін креативті оқу-әдістемелік құрал жасау туралы баяндама әзірлей білуі.

5) «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту барысында оқушылардың креативті-шығармашылық қабілетін дамытатын әдістемелік құрал-нұсқаулықтарды игеріп алуы.

6) «Сауат ашу әдістемесі» пәні оқытуда оқушыларға оқудың, жазудың креативті әдістерін үйрететін әдістемелік қабілеті болуы.

7) «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқытуда студенттердің креативті оқу тапсырмаларын әзірлеу қабілеті болуы.

8) «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқытуда студенттердің креативті жазба тапсырмаларын әзірлеу қабілеті болуы.

9) «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқытуда студенттердің креативті тіл дамыту тапсырмаларын әзірлеу қабілеті болуы.

10) Студенттердің «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту барысында кейде туындайтын ойламаған белгісіздік жағдайларда креативті шешім қабылдай алу қабілеті және ол міндетті шешуде тиімділігі жоғары шешім қабылдай алу қабілеті болуы.

Осындай ізденістерден соң біздің тарапымыздан Сауат ашуға үйрету үдерісін оқытуда студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған элективті курстың бағдарламасы әзірленді. Ол элективті курс болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби креативті құзыреттілігін қалыптастыру мақсатын ұстанып, алғашқы сауат ашудың креативті технологиясын меңгертуді және сол ізбен студенттердің барлық бастауыш сынып пәндерін креативті оқытуға бет ұстануына тірек болуды көздейді. Бұл ұсынылып отырған бағдарламаны жоғары оқу орындарында жалпы бастауыш сынып мұғалімін дайындау үдерісінде де, мұғалімдер білімін жетілдіруде де, мектеп тәжірибесінде жүрген мұғалімдерге тікелей әдістемелік нұқсау ретінде де қолдануына мүмкіндік болады. Өйткені тақырыптар теориямен бірге көбіне-көп тікелей практикамен тығыз байланыста алынып отыр (Қосымша А).

Креативтілік дегеніміз, шынында, құбылыстар мен заттар арасында жаңа байланыстарды көре білу, соның нәтижесінде жаңа байланыстар мен жаңа қатынастар орнату болып табылатыны белгілі.

Осымен де байланысты, студенттер болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде «Сауат ашу әдістемесінен» бастап, барлық дидактикалық білімі, педагогикалық білімі, тілдік білімі негізінде, жеке тұлғасының қабілеттері мен қасиеттерінің негізінде жаңа байланыстар мен қатынастарды көре білуге дағдылануы арқылы креативтік ойлауы қалыптасып, барлық пәндерді оқытуға жаңаша жүйеде кірісе алады, креативті ойлауға, мүлде бұрын білмейтін жаңа байланыстарды тани білуге дағдыланады.

## 2.2 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды нәтижелі жүзеге асыру педагогикалық шарттарды тиімді айқындауды қажет етеді.

Б. Тупталов «Философиялық білім XXI ғасыр үшін» еңбегінде «...«шарт» ұғымы философия ғылымында заттың қоршаған құбылыстарға қатынасын білдіретін санат ретінде түсіндіріледі. Сонымен қатар, шарт құбылыстардың пайда болатын, өмір сүретін және дамитын ортасын құрайды. Шарт – бұл басқа (шартталған) нәрсеге қатысты, яғни қажеттілікпен туындайтын себептер (іс-әрекет, іс-әрекет нәтижесі) мен зерттеудің қисынды шарты болып табылатын негізге қарағанда заттың, күйдің, үдерістің болу мүмкіндігін жасайды» дейді [146]. Ал психологияда шарт нақты психикалық құбылыстың дамуына ықтимал әсер ететін сыртқы және ішкі орта құбылыстарының жиынтығы ретінде танылады. Бұл әсер жеке адамның, адамдар тобының белсенділігімен тікелей байланысты болады.

В.А. Ядовтың әлеуметтік зерттеуінде педагогикалық шарт екі тұрғыдан қарастырылады. Біріншіден, педагогикалық шарт – бұл үдерістің пайда болу, өмір сүру және даму көзі, оның болу мен жетілдіру мүмкіндіктерінің кепілі. Арнайы жасалған педагогикалық шарттар педагогикалық үдерісті реттеу қабілетіне, оның компоненттерін бір-бірімен сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Екіншіден, педагогикалық шарт оқу-тәрбие үдерісінің «атмосферасы» болып табылады және дәл осы үдерістің өту жүйесінің мақсатты, логикалық үйлесімділігіне оның тиімділігі байланыстылығымен сипатталады [147].

Е.Ю. Никитина, О.В. Суслова педагогикалық шарттарды «жеке тұлғаның белгілі бір сапаларын жоғары деңгейде дамытуда, білім алушылардың мақсатқа жетудегі білім беру үдерісінде жүзеге асырылатын, өзара байланысты іс-шаралардың жиынтығы» деп түсіндіреді [148].

С.А. Мухамедьянов педагогика тиімді оқу және тәрбие жұмысын іске асыруға мүмкіндік беретін, психологиялық және педагогикалық факторлардың (қатынастар, құралдар және т.б.) жиынтығының өзара тығыз іс-әрекетте құрылған мақсатқа бағытталған шарттарды педагогикалық шарттарға жатқызады [149].

И.В. Яковлева педагогикалық шарттарды «болашақ мамандардың іс-әрекетінде кәсіби-шығармашылық деңгейге жетуді қамтамасыздандыратын оқу-тәрбие үдерісіндегі шаралардың жиынтығы», деп айқындайды [150].

О.А. Свириденко «....әлеуметтік маңызға ие жеке тұлғаның дамуымен байланысты оқу-таным кезіндегі мотивациялық шарттылық; арнайы пәндердің оқу материалын дидактикалық өңдеу, оқытудың заңдары, ұстанымдары, ережелері; болашақ мамандықтың сипатына оқу-танымдық сипаттың жақындатылуы» деп тұжырымдайды [151].

Б. Баймұханбетов педагогикалық шарттарды – «оқу-тәрбие үдерісі бірлестігінде оқыту-педагогикалық және ұйымдастырушылық бойынша бір-бірімен тығыз байланыстағы жағдаяттардың жиынтығы» тұрғысынан нақтылайды [152].

Біз осы ғалымдардың анықтамалары негізінде зерттеуіміздің педагогикалық шарттарын «сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды мотивациялық-тұлғалық, теориялық, әдістемелік, практикалық тұрғыдан қамтамасыздандыратын іс-шаралардың жиынтығы» деп бере аламыз.

Осы педагогикалық шарттардың мазмұнын айқындау барысында да жоғарыдағы ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасадық. Бұл еңбектерде шарттар зерттеу пәндеріне сәйкес әдіснамалық, дидактикалық, ұйымдастырушылық шарттар тұрғысынан құрылған және білім беру үдерісіндегі іс-шаралар тұрғысынан негізделген.

Осылардың негізінде біз сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын төрт топқа бөліп қарастырамыз:

1) болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің болашақ кәсібінде өзінің креативті құзыреттілігін жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық қабілеті мен дағдыларын педагогтік қызметінде жарқын келбетте көрсетуге деген ұмтылысы, кәсіби-шығармашылық қызмет ету қажеттілігі;

2) сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан қамтамасыздандыратын «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» арнайы курсын әзірлеу және оқу үдерісіне ендіру;

3) сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыратын әдістемелік жүйе құру және оны жүзеге асыру;

4) болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сауат ашу үдерісіндегі әрбір сабақты, сабақтан тыс іс-әрекеттер жүйесін дайындауға және өткізуге дайын болуы.

Зерттеу жұмысымызда осы шарттардың әрқайсысына тоқталып өткенді жөн көрдік.

*1-шарты.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру біртұтас бағыттың жеке тұлғалық және кәсіби қырларымен сипатталады. Оның бір қырынан алсақ, педагогикалық жоғары оқу орнындағы болашақ бастауыш сынып мұғалімі кәсібін игеруге дайындалып жүрген студенттің жеке тұлғалық креативті құзыреттілігін қалыптастыруға, креативті қабілеттерін дамытуға бағытталады, екінші қырынан алсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімін сауат ашуға үйрету үдерісінде оқушылардың креативті қабілеттерін дамыту жолдарын оқытуға бағытталады.

Сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың мотивациялық-тұлғалық қырын қарастыру үшін «құзыреттілік» тұрғыдан келу мәселесін зерттеген

ғалымдардың еңбектерін осы бағытта зерделеп, соның ішінде «кәсіби құзыреттілік» анықтамасына тағы бір үңілу қажет деп ойлаймыз. Бұл ретте бізге белгілі А.В. Хуторской [153**]**, И.А. Зимняя [154], Р. Барнетт, Дж. Равен, В. Вестер еңбектері белгілі.

Өйткені біз 2.3 тармақта қарастырылатын сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың моделі осы кәсіби құзыреттілікке қатысты болып келеді.

Ғалымдардың анықтауынша, құзыреттілік дегеніміз – кешенді түзілім, оның құрамында қызметкердің кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттері біртұтас болады, сол арқылы ол өзінің кәсіби қызметімен айналысып, өзінің мамандығын тұтас бір үдерісті дамытуға жұмсауға қабілетті болып келеді [155].

Біз де осы анықтамаға қосыла отырып, сонымен бірге, маманның жеке тұлғасының ішкі психикалық жай-күйінің жүйесі және қасиеттері деген [156] және де жеке тұлғаның маманның кәсіби қызметінің жемісті болуын анықтайтын және нәтижесі үшін жауап беретін интегралданған мазмұндық-үдерістік сипаттамасы деген [157] пікірлерді қосып қарастырамыз.

Сонымен қатар, А.К. Маркованың зерттеуінде мұғалім қызметінің құрылымы арнайы қарастырылып, ол құрылымда келесі компоненттер анықталған:

1) кәсіби психологиялық және педагогикалық білім;
2) кәсіби педагогикалық дағдылар;
3) мұғалімнің кәсіби психологиялық тұғыры және ұстанатын бағдары;
4) кәсіби білім мен дағдыларды меңгеруді қамтамасыз ететін жеке тұлғалық ерекшеліктері [158].

Ғалымдардың айтуынша, креативті құзыреттілік кәсіби құзыреттіліктің қондырмасы болып табылады және ол (креативті құзыреттілік) педагогиканың қандай да бір саласына тар мағынада байланыстырыла салынбайды, ол барлық мұғалімдерге заман қойып отырған жаңа талаптар бойынша білім сапасын қамтамасыз ете алуы үшін және сол мақсатқа қол жеткізу үшін қажет [159].

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігі заманның білім беру ісіне қойып отырған талаптарымен тікелей байланыста екені белгілі.

Осыған орай, жоғарыда айтылғандай, осы бағыттағы көптеген зерттеулер мен еңбектерді талдай келе, өзіміздің педагогикалық бақылаулар жүргізу барысында алынған нәтижелерге де сүйене отырып, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды мотивациялық-тұлғалық қырларымен қамтамасыздандыратын теориялық білімі, практикалық дағдысының болуы; барлық креативті-шығармашылық мазмұндағы тәжірибелерге ашық болу; «Әліппені» оқытуда кездесетін жағдаяттарды тұлғалық деңгейде адамгершілік, позитивтік тұрғыдан шеше білуге ұмтылу; білім мен ұлттық құндылықтарды әрдайым тірек етіп сақтай отырып, креативті тұрғыдан дами түсуге деген қабілетті болуы көрсеткіштері анықталды және олардың қалыптасу деңгейінің сипаттамасы берілді.

Сонымен, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды мотивациялық-тұлғалық тұрғыдан қарастыру білім алушылардың болашақ кәсібінде өзінің креативті құзыреттілігін жүзеге асыруға, өзін-өзі дамытуға, шығармашылық қабілеті мен дағдыларын педагогтік қызметінде жарқын келбетте көрсетуге деген ұмтылысын байқатады, кәсіби-шығармашылық қызмет ету қажеттілігін түсінеді.

Қалыптастыру көзделіп отырған сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі әр студенттің кәсіби шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға бағытталып, оның сауат ашу үдерісін басқаруға, әр компонентінің орны мен олардың өзара байланыстарын сақтауға деген ұмтылысы мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Бұл үлкен жүйенің орталық өзегіндегі креативтілік қасиеттер – түйінді сапаға ие болып келеді. Өйткені олар жеке тұлғаның адамгершілік, гуманистік, адами қасиеттерімен тығыз байланысты. Басқаша қарағанда, нақ осы қасиеттер ұстаздық мамандыққа қажетті де болып табылады. Сондықтан олардың екіжақты сипаты байқалады. Ол түйінді қасиеттер осы суретте көрсетіліп отыр.

Осы қарастырылған болашақ бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық болмысындағы креативтіліктен екінші деңгейге, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби болмысындағы креативтілікке қарай жүру логикасындағы креативтілік сипаты оның өз оқыту тәжірибесіне тұлғалық-бағдарлы дидактиканың белсенді оқыту формалары мен әдістерін енгізуімен, креативтік әдістерді көбірек қолдануға ұмтылуымен танылады.

Заманымыздың тез өзгеріп, жылдам құбылып жатқан әлеуметтік-экономикалық тенденциялары, ииновациялық оқыту технологияларының, қашықтан оқытудың, ақпараттық-коммуникациялық технологиясының білім берудегі орны орасан маңыздылыққа ие болған жағдайда бастауыш мектеп мұғалімінің креативтілігі аса қажетті екенін өмір өзі дәлелдеп отыр.

Бұл ретте бастауыш сынып мұғалімінің латералдық ойлауы туралы сөз ету де орынды танытады деп ойлаймыз. Латералдық ойлау [160] – жаттанды болып қалған паттерндерді өзгерту немесе жою арқылы жаңа идеяларды тудыруға көмектесетін шығармашылық ойлау тәсілі.

«Латералдық ойлау» терминін британдық жазушы, шығармашылық ойлау ерекшеліктерін зерттеуші психолог Эдвард де Боно қолданысқа енгізген. Латералдық ойлаудағы креативті үдеріс дегеніміз – креативті қадамдар арқылы қатқан бір үлгіге түсіп қалған ойлауды жеңу.

Э. де Боно осы латералдық ойлаудың жүзеге асуының алгоритмдерін көрсетеді. Э. де Бононың «алты қалпақ» әдісі (ағылшыннан «Six Thinking Hats») қазіргі кезде педагогтердің көп қолданылып жүрген «ми шабуылы» бір тармағы деуге болады.

«Алты қалпақ» әдісінің пайда болуы адамның ойлауы уақыт өте келе біржақты бола бастайды, стереотипке айналып кетуін зерттеумен байланысты. Бұған себеп болатын көптеген факторлар бар. Атап айтар болсақ, мәдени

фактор, әлеуметтік орта, білім, логика және мораль туралы қарапайым түсініктер факторлары.

Осыларды анықтай келе, Э. де Боно мидың ойлауды бір сарынға түсірген қызметін, шешім қабылдаудың біржақты әрекетін өзгерту үшін алты түрлі жол ұсынады. Бір мәселеге алты түрлі қырдан карауға дағдыландыратын жол ұсынады.

Сауат ашуды оқытуда бастауыш сынып мұғалімі қолданатын осы әдісті келесі суретте көруге болады.




Сурет 14 – Э. де Боно әдісі арқылы мұғалімнің «Сауат ашуға» түрлі қырдан келе білуі

Бастауыш сынып мұғалімінің креативті тұлғасы осындай ерекше әдістемені танып, қолдана білуі арқылы жаңа деңгейлерге көтеріле алады. Алты қалпақтың тек түрі мен түсі емес, сол түске жүктелген «рөлі» маңызды орын алады. Әр түске байланысты түрлі ойлау режимдерін меңгерту көзделеді.

Бұл «6 қалпақ» әдісін қолдануының ерекшеліктерінің сипаты келесідей. Әр «қалпақтың» түсіне лайықты белгілі бір психологиялық рөл бекітіледі. Э. де Боно өзінің кітабында бұл рөлдік ойынды өзіндік тәсілмен түсіндіреді. Э. де Бононың әдісін жауап беруші ойлау мен арнайы ойлау арасындағы ерекшелікті болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті моделін қалыптастырудың, жетілдірудің тиімді жолы ретінде қолдануға болады.

Э. Де Бононың көрсетуінше, «Ақ қалпақ» объективті деректер мен цифрлар. Бұлар адамның көзқарасын бекіте түсетін аргументтердің бір бөлігі болып табылады. «Қызыл қалпақ» – ойлаудың эмоциялармен және сезімдермен

байланысты өтуін білдіретін белгі. «Қара қалпақ» киген кезде рөлдегі адам логикалық жағынын түзу, шыншыл ойлауға кіріседі. Бұл жерде басқаның ойының дұрыс еместігін дәлелдеу мақсат емес. «Сары қалпақ» киілген кездегі адам күш-жігерін саналы түрде жұмсауға кіріседі. «Жасыл қалпақ» киген кездегі ойлау туралы айтқанда, бұл жерде рөлге кірген адам ескі ойлау шегінен шығып, жақсырақ бірдеңе яғни креативті, шығармашылық идеялар мен балама идеялар табуды мақсат етеді. «Көк қалпақ» – ерекше ойлау рөлі, сондықтан бұл жерде рефлексиялық ойлау туралы яғни «ойлау туралы ойлау» айтылады. Ойлаудың қалай өтілуіне іштей терең назар салу, ойлауды бір фокусқа жинай білу дағдысын қалыптастыру үдерісі осы «қалпақпен» байланысты өтеді. Бастауыш сынып мұғалімінің креативті тұлғасы қалыптасуында бұл әдіске ерекше орын беруді көздегендіктен, арнайы тоқталынды.

*2-шарт.* Сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды теориялық тұрғыдан қамтамасыздандыратын «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» арнайы курсын ендіру, біріншіден, «Әліппені» креативтік тұрғыдан оқытудың психологиялық, педагогикалық (жеке тұлға креативтілігі, шығармашылығы) ерекшеліктерін меңгеруді, екіншіден, «Әліппені» креативтік тұрғыдан оқытудың дидактикалық негіздерін игеруді қамтамасыз етеді.

Элективті курс арқылы әрбір студенттің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде «Әліппені» оқытуда өзінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың барлық кезеңдерінен өтуі маңызды. Әр кезеңнен өтуі барысында «Әліппені» креативті тұрғыдан оқытудың әдістері мен амал-тәсілдерін және оларды қолдану жолдарын меңгеретін болады.

«Әліппені» креативті тұрғыдан оқытудың теориялық негіздері әдістемелік жүйенің өзегі болып табылатындықтан, ол негіздерді студенттердің меңгеруі маңызды. Сонымен қатар, студенттер «Әліппені» креативті тұрғыдан оқытудың теориялық негіздерін меңгеруде өте белсенді, ізденімпаз және оны тәжірибемен байланыстыра алатындай деңгейге өсуі тиіс.

Осы бағыттағы студенттің теориялық білім базасы оның кәсіби шебер мұғалім ретінде қалыптасуының іргетасы болып табылады, сол теориялық негіздерді жақсы меңгеруінің арқасында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби келбеті студент кезінен қалыптаса бастайды.

*3-шарт.* Сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзіреттілігін қалыптастыруды әдістемелік тұрғыдан қамтамасыздандыратын әдістемелік жүйені құру, әрбір дидактикалық материалдың креативті әлеуетін тани білу, қолдануға қажетті әдістемелік құралдар әзірлеуге қабілетті болу студентке басқа да түрлі оқыту технологияларының болмысын тануға, солардың негізінде өзіндік әдістемелік жүйе құруға және комбинаторика әдісі арқылы креативтік әлеуеті бар дидактикалық материалдардың нақты бір сабаққа қатысты мүмкіндіктерін тануға және бір жүйеге жинақтауға дағдыландырады.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үшін әзірленіп ұсынылатын әдістемелік

жүйеде оқу мақсаттарымен бірге осы әдістемені жүзеге асырудың әр кезеңіне байланысты тапсырмалар кешені берілетіні белгілі. Сонымен қатар, білім мазмұнын жүзеге асыратын оқыту формалары мен әдістер, оқу құралдары, соның ішінде сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үшін арнайы әзірленген оқу құралының орны мен маңызы аталып көрсетіледі. Әдістемелік жүйеде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасу деңгейінің өсуін көрсететін ақпараттар да қамтылады.

Студенттерге элективті курсты оқыту барысында «Әліппені» креативті тұрғыдан оқытудың әдістемелік жүйесін құрудың жолын, тұтас әдістеменің композициясы мен әрбір жеке сабақтың әдістемелік сценарийінің композициясын құру және сабақтастық пен бірізділікті сақтауды үйретеді.

Элективті курсты оқыту барысында студенттерге өзінің «Әліппені» оқыту әдістемесін креативті тұрғыдан құра білу дағдылары қалыптастырылады, өйткені креативтіліктің өзі де сонымен яғни өзінің креативті тапсырмаларын құра білу дағдысымен тікелей байланысты болып келеді.

Студенттің креативті тапсырмаларды құра білуі үшін соған қолайлы жағдай жасалынатыны белгілі. Алдын ала студенттермен материалдар іріктеу, белгілі бір креативтік көзқарастарды ұсыну, өзінің таңдаған көзқарасы мен басқалардың көзқарасын салыстыру, тақырыпты кең ашу үшін қосымша дидактикалық материалдарды іріктеу жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен бірге, студенттердің әдістемелік жүйе құрып үйренуі барысындағы өз бетімен жұмыс жасауы, ізденуі, белгілі бір нәтижелерге өздігінен қол жеткізуі, сөйлеу тілінің байлығы, тілдің түрлі метафоралық мүмкіндіктерін шебер де орынды пайдалана білуі – элективті курстың көздейтін мақсаты және өлшемінің көрсеткіштері болып табылады.

«Әліппені» оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған арнайы әдістемелік жүйеде студенттердің жеке тұлғалық, теориялық, әдістемелік, тәжірибелік дайындығы студенттерді жоғарыда айтып отырған қажетті білім мазмұнын меңгертумен және практикалық дағдыларды қалыптастырумен орнығады. Өз кезегінде, болашақ мұғалімдер бастауыш сынып оқушыларының креативті құзыреттілігі қалыптасуына сеп болады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасуының деңгейлеріне сипаттама беріліп отыр [161].

Кесте 2 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасуының деңгейлері

| Өте жоғары деңгей (жасампаздық) | Жоғары деңгей (шығармашылық) | Орта деңгейі (белсенділік) | Төменгі деңгей (пассивтік) |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

2-кестенің жалғасы

| | | | |
|---|---|---|---|
| Бұл деңгейге қол жеткізген болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің кәсібін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан игерудің маңыздылығын саналы түсінеді. Сауат ашу үдерісі барысында өзінің креативтік құзыреттілігі қалыптасқанын көрсетуге деген мотивациясы күшті болады. Креативті, креативтік технологиялар, жаңа технологияларды интеграциялай қолдану туралы теориялық білімі сенімді болады соның негізінде өзін кәсіби қаруланған тұлға ретінде бағалай алады. Барлық басқа педагогикалық курстар мен пәндерден алған білім мазмұнын креативті игере алады. қушылардың жеке бас ерекшелік-терін ескере алады, соның негізінде оқушыны әр сабақты қуаныш пен мүмкіндіктерді пайдалану сәті ретінде бағалауға баулиды игере алады. Оқушылар-дың жеке бас ерекшеліктерін | Бұл деңгейдегі болашақ бастауыш сынып мұғалімі теория мен практиканы ұштастыра алады. Пәнді оқытуда креативтік құзыреттілігі барын көрсете біледі. Иновациялық технологияны меңгерген. Барлық пәндерден алған білім мазмұнын талдай алады. Шығармашылық танытып, жағдаяттарды шешуде қолдана алады. Өзінің креативті құзыреттілігінің қуатты не әлсіз екенін біледі. Педагогикалық және жеке тұлғалық жақсы қасиеттерін көрсете алады. . Оқушыны білім беру үдерісінің субъектісі деп біледі және іс жүзінде әрдайым іске асыруға тырысады.. | Орта деңгейді игерген студенттер, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өзінің алған кәсіби теориялық білімінің маңызын түсінеді. Бірақ оны өз бетімен терең игеруге аса ықыласты болмайды. Жеке тұлғалық мотивациялық қызығушылығы «Әліппені» креативті тұрғыдан оқытуға бағытталған болады, креативтілікті өзінің кәсіби шеберлікке жетуінің қажетті шарты деп түсінеді, бірақ аса белсенділік танытпайды. Өзінің алған білімін нақты сабақтағы жағдаяттарға қатысты қолдануда аса қиындық көрмейді. Бірақ бұл деңгейдегі студенттердің педагогикалық білім-дағдылары, негізінен, репродуктивтік деңгейде қалыптасқан деп саналады. Барлық келеңсіздіктерге эмоциялықпен баға береді. Оқушыны білім беру үдерісінің субъектісі деп есептейді, бірақ іс жүзінде әрдайым іске асыра алмайды. Оқушыларды сауат ашуға үйрету үдерісінде креативтік тұрғыдан ынталандыруға тырысады, бірақ | Осы деңгейдегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінде, өкінішке орай, «Әліппені» креативтік тұрғыдан оқытуға деген ұмтылысы өте төмен немесе болмайды. Бұл деңгейдегі студенттер білім берудегі креативті құзыреттіліктің мәні мен маңызын түсінбейді сондықтан бағалай алмайды. Креативті оқыту әдістеріне соншалықты қызығушылық танытпайды, тіпті мүлде көрсетпейді. Өз кәсібінің мазмұнындағы креативті компоненттің қажеттілігіне назар аудара білмейді, креативті тапсырмаларды әзірлеу мен оқу үдерісінде қолдану жоспарсыз, жүйесіз, аяқ астынан бола салады. Өзіндік дербес стилі қалыптаспаған болады. психологиялық білімі үзік-үзік болады. Басқа педагогикалық технологияларды қолдануы әлсіз болады. Оқушыларға қойған бағаларының аргументтері де әлсіз болады, оның нәтижесінде |

2 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| ескере алады, соның негізінде оқушыны әр сабақты қуаныш пен мүмкіндіктерді пайдалану сәті ретінде бағалауға баулиды | | ғылыми ізденім жұмыстарын орындатпайды. | оқушылар кейде креативтік емес, дәстүрлі жүйе бойынша да білім ала алмай жатады. |

Талдаған ғылыми зерттеулер мен еңбектерден көргеніміздей, креативті құзыреттілігі қалыптасқан, өзін-өзі шығармашылықпен дамытуға ден қойған жеке тұлғалар психологиялық жағынан жаңа инновацияларға, креативтік тұрғыдан оқытуға дайын және заманымыздың ауыр бір мәселесі болған «кәсіби жанып кетуге» ұшырамайды.Ғалымдардың айтуынша, студенттерге неғұрлым креативті, шығармашылық жұмыстар көп орындатылатын болса, соғұрлым болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өзі-өзі жетілдіру дағдылары да жақсы дами бастайды.Элективті курс барысында алдарына креативті тапсырмалар қойып, оны оңтайлы әдістер тауып шешуге дағдыланған студенттер өздерінің болашақ кәсіби әлеміне ерекше қабілеттері ашылған болып барады.

Ол қабілеттер дегеніміз – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқу материалы  мазмұнындағы қайшылықтарды көре білуі, дайын дидактикалық материалдарға сыни көзқараспен қарай алуы, өз бетімен сыныптағы жеке басы ерекшеліктерімен таныс оқушыларға арнап креативті тапсырмалар әзірлеуі, оқушының іс-әрекетін белсендіретін креативті оқу жағдаяттарын ұйымдастыра білуі, сөйлеу ерекшеліктеріндегі баланың тілін табуы, креативті тапсырмаларды әзірлеу мен сапалы орындату әдістемелері, т.б. қабілеттер.

Негізінде, креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімі өзінің креативті-шығармашылық тапсырмалар әзірлеу әдістерін және ол материалдарының сабақтың мақсатымен үйлесіп жатуына терең мән беретіні белгілі.

«Таза» креативті материалдар іздемей-ақ, қолында бар және іздеп-жиған барлық оқу-дидактикалық материалдардың болмысынан креативті тапсырма бола алу әлеуетін көріп тұратын дағдылар қалыптастыру барысында, студенттердің креативті дербес әдістемелік қор жинау идеясын жүзеге асыруға да болады. Ал болашақ бастауыш сынып мұғалімінің «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқытудағы кәсіби креативтілігін қалыптастыру деңгейі жөнінде, ең бастысы, болашақ мұғалімнің жаңа болмысы қалыптасуы екенін атап өтеміз. «Сауат ашу  әдістемесін» меңгерту барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда білім беру технологияларының белгілі бір спектрлерін қолдануға болады, өйткені

солардың көмегі арқылы жемісті жұмыс жасайтын кәсіби шебер тұлға қалыптастыру мүмкіндігі бар. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі қалыптасуы ішкі үдеріс ретінде студенттің өз оқытушыларымен және болашақта өзінің 1 сынып оқушыларымен қарым-қатынасының креативті және шығармашылық әдістерінде жүзеге асырылады.

Философтардың көрсетуінше, мәнерлілік екі кескіннің синтезі ретінде көрініс табады [126]. Оның біріншісі – сыртқы, яғни айқын кескін және екіншісі – ішкі санадағы, түйсіктегі кескін. Нақты айтқанда, болашақ мұғалім ретінде білім алуындағы ішкі, яғни креативті құзыреттіліктің сыртқа, яғни атқарар педагогтік қызметінің шығармашылық көрінісіне қарай ұмтылысы. Келесі суретте сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасу логикасының екінші деңгейінің мазмұны көрсетіліп отыр.

Педагогтің креативтілігі оның креативті ойлауына тікелей қатысты болады. Болашақ мұғалімнің ерекше интеллектуалдық кешенді қасиеттерінің сапасы ретінде қарастырылған креативті ойлауды ғалымдар абнотивті ойлау деп атайды [161]. Ғалымдардың пікірінше, абнотивті ойлаудың құрамында мұғалімнің креативтілігі және рефлексиялық, перцептивтік қабілеттері, оқушылардың жан-дүниесін терең және жіті байқай алу қабілеті болуы, өзінің іс-қылығын талдай алуы мен өзін-өзі түсінуі сияқты қабілеттер болады.

Студенттердің болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде қалыптасу үдерісі жоғары оқу орнында оқытушылардың тікелей бақылауымен өтілетіні белгілі. Сондықтан болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің креативті қабілеті ойлауының икемділігі арқылы танылады десек, бұл ретте эмпатияның да алатын ерекше орны бар екенін атап кету керек. Ғалымдар қандай маман болса да,  креативті қабілеттер қалыптасуы үшін маңызды бірқатар шарт бар екенін, олардың маңызды орнын атап өтеді. Оның құрамында интеллектуалдық қабілеттерді, өзінің кәсібі туралы жеткілікті білім мазмұны, ойлаудың заңдылықтар бойынша өтілетін стилі, жеке тұлғалық сипаттары, ішкі мотивацияның болуы, сыртқы қоршаған ортаның қолдауы болуы сияқты маңызды шарттар аталып өтіледі [162].

Қарастырылған үш деңгейді, яғни жеке тұлғаның креативті қасиеттері деңгейі – бастауыш сынып мұғалімінің креативтілігі деңгейі – жалпы педагогке тән креативтілігі деңгейін талдау келесі мәселені анықтады.

«Сауат ашу әдістемесінде» болашақ бастауыш сынып мұғалімінің қарастырылған үшжақты креативті моделінің оның жеке тұлғасын креативті дамытуға да, бастауыш мектеп мұғалімі ретіндегі кәсіби моделін қалыптастыруға да, жалпы педагогикалық креативтілігі тұрғысынан жетілдіруге де потенциалы/әлеуеті мол. Осындай жан-жақты қарастырылған үш деңгейдегі моделі, түптеп келгенде,бастауыш сынып мұғалімінің біртұтас креативтік педагог ретіндегі моделі екені белгілі. Көзделіп отырған бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін «Сауат ашуды» оқытумен байланысты қалыптастырудың жаңа әдістемелік жүйесінің құрылымы мен

мазмұны, оның тәжірибедегі дәлелденген тиімділік дәрежесі келесі тарауда қарастырылады.

Біздің тарапымыздан ұсынылатын әдістемелік жүйені келесі кестеден көруге болады.

Кесте 3 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі

| Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесі | | | |
|---|---|---|---|
| Құраушы компоненттері | | | |
| Мақсаттылық | Мазмұндық | Ұйымдастырушылық-үдерістік | Диагностикалық |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Арнайы әдістемелік жүйені қолдана отырып, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды ң теориялық және практикалық формаларын жүйелеу | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» курсының мазмұнын креативтік-бағдарлы дәрістермен, семинарлармен, арнайы тапсырмалар жүйесімен байытып, толықтыру. | Оқу формалары – дәріс түрлері, семинар түрлері, өз бетімен зерттеу-іздену. | Педагогикалық диагностиканың ақпараттық, коммуникативтік, кері байланыс, бағалау, тәрбиелік, конструктивтік, болжам жасау функциялары іске асырылады. «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» креативтік тұрғыдан оқып-игерудің теориялық мазмұнын меңгеру және практикалық дағдыларды қалыптастыру. |
| Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды ң тиімді, сапалы, оңтайлы әдіс-тәсілдерін жүйелеу. | «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» курсы бойынша креативті құзыреттілігін қалыптас тыратын дидактикалық, әдістемелік, арнайы креативті әдістер мен амал-тәсілдер ерекшеліктерін, міндеттері мен қол жеткізетін мүмкіндіктерін анықтау | Оқу әдістері – ізденім, эвристикалық әдістер, кейс-стади әдісі, жобалау әдісі, ойын түрлері, өз бетімен жұмыс, СҒЗЖ әдістері. | Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді әдістерінің табиғатын зерделеп танып-білу, оқытушымен, өз бетімен жіктеу жасай отырып, «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздеріне» байланысты креативті оқыту әдістерін жүйелеуге дағдылану. |

2 - кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған оқу-әдістемелік құралдар кешенін түзу. | «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» курсы арқылы креативті құзыреттілікті қалыптастырудың логикасы баяндалған технологиялық желінің тәртібі мен кезеңдері және әрбір кезеңде қолданылатын дидактикалық оқу құралдарының түрі мен мазмұнын анықтау. | Оқу-әдістемелік құралдар – оқу бағдарламасы, студенттерге арналған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» атты оқу құралы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, компьютерлік бағдарламалар, интернет-ресурс т.б. | «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» меңгеру арқылы креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған арнайы оқу-құралдар жүйесін игеру, әдістемелік ресурстар қорын жасақтауға дағдылану. Әр студенттің болашақ бастауыш мұғалімі ретінде өзінің «креативті әдістемелік қорын» жасақтауы. |

*4-шарт.* Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің сауат ашу үдерісіндегі әрбір сабақты, сабақтан тыс іс-әрекеттер жүйесін дайындауға және өткізуге дайын болуы, біріншіден, сауат ашуға үйрету үдерісінің әр компонентіне, әр сабағына креативті әдістемелік сценарий құра алатын болуымен, екіншіден, «Әліппені» оқытуға креативті тапсырмаларды жасай алуымен, үшіншіден, «Әліппені» оқытуда креативтілік кең арналы контексті (ұлттық мәдени, жан-жақты, орынды және терең мәнді) пайдалана алуымен, төртіншіден, әр сабақтың креативті тетіктерін (механизмдерін) қажетті уақытта іске қоса білуімен, бесіншіден, креативті тұрғыдан оқытуда өзіндік қолтаңбасы мен жеке стилін қалыптастыра білуімен сипатталады.Жекелеген тапсырмалар әзірлетіп үйреткеннен гөрі, студенттерді тұтас өзінің әдістемесін құрып дағдыландыру барысы жақсы қалыптастырады. Олар сауат ашуға үйрету үдерісін ұйымдастыруға, ол әдістемелік жүйенің сапасы жоғары болуын қамтамасыз етуге мотивациялануын, өзі білген креативті оқыту туралы жаңалықтарын өзгемен бөлісуге, түсінгенін басқаларға түсіндіруге, оқушылардың сұрақтарына байыппен жауап беруге, олардың креативті қабілеттерін дамытуға, оқытудағы креативті тиімді тәжірибелерді жинақтауға, талдауға әбден бейімделеді.Жоғарыда айтылғандардың барлығын түйіндей келе, сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру дегеніміз студенттің жеке тұлғасының өзіндік мотивтерімен, қажеттіліктерімен сәйкес келіп, барлық оқытушыларымен, басқа да білім субъектілерімен бірге, сондай-ақ, мәдениет арнасында креативтік толып-жетілуі, сөйтіп кәсіби маңызды сапаларды өзіне жинақтауы деп айтамыз.Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру тек студенттің машина

сияқты педагогикалық іс-әрекетті орындап қана қоюын емес, сонымен бірге, әсіресе, тұтас дүниетанымы қалыптасқан, білімнің интеграциялануын/кірігуін және дифференциациялануын/ саралануын қатар түсінетін және мұғалімдік тәжірибесінде қолдана алатын дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

## 2.3 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Креативті құзыреттілік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің бойынан табылуы тиіс заманауи үлкен талаптардың бірі болуы тиіс. Өйткені қазіргі заман оқушыларының даму жетістіктерін ескеретін болсақ, мұғалім әр сабақта жаңа педагогикалық өнім алуға, жаңа пайдалы идеяларды ақтара ойлап табу, күнделікті алдына қойылатын педагогикалық міндеттерді аксиологиялық және гуманистік қырынан шешіп отыру, оқушыларының бойында да креативті құзыреттілікті қалыптастыру сияқты маңызды жұмыстарды сапалы атқаруға университет қабырғасында оқып дағдылануы тиіс. Педагогикалық мамандықты таңдап алған студенттерге екіжақты ынтымақтасқан білім алу үдерісін ұйымдастыру керек және оларды осындай білім беру үдерісін ұйымдастыруға үйрету керек. Бастауыш сынып оқушыларының сауат ашу үдерісіндегі мұғалімнің креативті құзыреттілігі оның тұрақты түрде көрініс беретін, әлеуметтік тұрғыдан маңызды болып табылатын шығармашылық істерінен танылады.Зерттеу жұмыстары мен қажетті ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдай келе, біздің тарапымыздан студенттердің – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігінің құрылымдық-мазмұндық моделін құрайтын *мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық және праксиологиялық компоненттерін* анықтадық. Бұл компоненттердің бірлігі арқылы зерттеуге алынып отырған үдерістің табысты нәтижелілігі қамтамасыз етіледі деп санаймыз. Осы аталған компоненттерді сәйкес өлшемдермен, оларды бағалау көрсеткіштерімен қоса отырып сипаттаймыз.

Кесте 4 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін құраушы компоненттер, өлшемдер мен көрсеткіштер

| Компоненттер | Өлшемдер | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Мотивациялық-мақсаттылық | Мотивациялық - ерік-жігерлілік | - сауат ашуға үйрету үдерісінде креативті тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығы<br>- пәнді креативті тұрғыда оқуға ынтасы<br>- жасампаздық арқылы өзін-өзі реттеу белсенділігі |

4 - кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Гносеологиялық | Когнитивтік-интеллектуалдық | - Оқытудағы жаңашылдықты тану зияткерлігі;<br>- Сауат ашуға үйрету үдерісінде жаңа идеяларды генерациялау білігі;<br>- Креативті тапсырмаларды құрастыру шеберлігі; |
| Праксиологиялық | Оперативтік-технологиялық | - сауат ашуға үйрету үдерісінде оқу-кәсіби тапсырмаларды орындау құзыреттілігі;<br>- оқу-кәсіби жағдаяттарды креативті құзіреттілік тұрғысынан шешу іскерлігі;<br>- креативтік үдеріс ұйымдастыру біліктілігі |

Енді осы компоненттердің жеке сипаттамасын қарастырайық.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі жүйесіндегі *мотивациялық құраушысының* сипаты жеке кәсіби бағдарды қалыптастыруымен анықталады. Осылай кәсіби бағытын таңдауға, кәсіби өзіндік анықтауына, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, оқу барысында студенттердің танымдық қызығушылығын ынталандыруға, оқу бітірген соң мамандығы бойынша сапалы нәтижелер алуға ынталандыруға мүмкіндіктер анықталады және маман тұлғасының мотивациялық түзілімдері мен ерік-жігер сапаларының өзара кірігуі (интеграциясы) барысында танылады.

Біз *мотивациялық-ерік-жігерлілік өлшемді* дербес қарастыра отырып, болашақ мұғалімдердің креативті құзыреттілігінің мотивациялық компоненті түзілуінің деңгейін анықтауды мақсат етеміз. Бұл студенттің кәсіби білімді меңгеруінде, қажетті дағдыларды игеруінде, түрлі өмірлік және кәсіби жағдаяттарда өзінің мінез-қылығын, іс-әрекеттері мен тілек-қалауларын саналы түрде бақылауында айқын көрініс беретін мотивациялық – ерік-жігерлілік критерийдің дәрежесін анықтайды.

Мотивациялық-ерік-жігер өлшемінің көрсеткіштері адамның кәсіби бағдары арқылы және адамның ерік-жігерін өзінің реттеуі арқылы, яғни табандылығы мен өзіндік бақылауы арқылы танылады. Атап кететін мәселе, зерттеушілер болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігінің мотивациялық құраушысын негіздеуде өзін ерік-жігерлілік тұрғысынан реттеудің маңыздылығын назардан тыс қалдырған.

Сонымен, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігінің аксиологиялық құраушысын бөлек қарастырдық. Ол адамның өз болмысын тану қабілетін, мақсат қоя білуін, кәсіби «акме» шеберлігіне қол жеткізетін және өз потенциал-мүмкіндіктерін өмірдің мәнін жүзеге асыру құралы ретінде анықтайтын өзін актуалдандырудың мағынасына негізделген.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің *креативті құзыреттілігінің гносеологиялық құраушысы* академиялық қабілеттер түрінде қалыптасқан жалпы және кәсіби білімі жүйесімен сипатталады. Оның ішінде, әсіресе, танымдық белсенділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу

қабілеттерінің жиынтығы маңызды орынға ие болып табылады. Бұл компонент *когнитивтік-интеллектуалдық өлшем* арқылы бағаланады. Ол, өз кезегінде, студенттердің кәсіби пәндер бойынша теориялық дайындығының деңгейін көрсетеді. Кәсіби пәндер іргелі жаратылыстану және әлеуметтік білімнің көлеміне және залдау, жинақтау, топтастыру, дифференциация/саралау, дерексіздендіру, нақтылау, салыстыру мен аналогия, кездейсоқ корреляцияларды анықтау сияқты операцияларды қамтамасыз ететін зерттеушілік қабілеттер дәрежесінің дамуына негізделетіні белгілі.

*Когнитивтік-интеллектуалдық өлшем* екі *көрсеткішпен* танылады: кәсіби және практикалық пәндер циклдарынан алынатын базалық және арнайы білім жүйесі мен зерттеушілік қабілеттің бірінің қалыптасуы.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігінің праксиологиялық компонентінің мазмұны, өз кезегінде, бірнеше құзыреттің кешені сипатын танытады. Ол кешен универсалды (жалпы мәдени) және кәсіби құзыреттерді білдіреді, құрамында болашақ педагогтің құзыретіне енетін дағдылардың кешені танылады, осылардың барлығы біртұтас күйінде болашақ мұғалімнің кәсіби саласында және еңбек нарығында табыстылығын анықтайды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігінің *праксиологиялық компоненті* жүйесіндегі негізгі «бірліктер» – *оқу-кәсіби тапсырмалар* мен болашақ педагогтердің праксиологиялық дағдыларын айқындап, ұштайтын арнайы ұйымдастырылған *оқу-кәсіби жағдаяттар.* Сонымен қатар, ол потенциалды мінез-қылық реакциясын сипаттайды, яғни болашақ мұғалімдердің саналы әрекет болып табылатын кәсіби педагогикалық қызметіндегі нақты әрекеттерін сипаттайды. Ол әрекеттер болса, болашақ мұғалімнің өзін кәсіби маман ретінде тани отырып, өзінің бағалау көзқарасымен педагогтік қызметінде өзін-өзі жетілдіруіне, өзін-өзі реттеуіне бағытталады. Креативті құзыреттіліктің бұл компоненті болашақ педагогтердің практикалық дайындық дәрежесін танытады.

Праксиологиялық компоненттің құрамында тек кәсіби білім мен дағды ғана емес, сонымен бір қатарда оқу тәжірибесі мен студенттің өмірлік тәжірибесі де қалыптасады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне педагогикалық қызметтің сан қырын оқытып-дайындаудың табысты болуы студентте оқу және кәсіби дағдылардың белгілі бір жүйесі қалыптастырылуымен тығыз байланысты. Білімнің шынайы қабылданғандығын, практикалық дағдылардың дұрыс орнықты қалыптастырылғандығы кәсіби педагогикалық қызмет барысында көрініс береді. Сол көріністің университет қабырғасынан-ақ айқын болуы үшін арнайы дайындық пен педагогикалық жағдаяттарды студенттің саналылықпен игеруі маңызды болмақ.

Сонымен, праксиологиялық компонент педагогикалық қызметтің болуын керек етеді және кәсіби педагогтік қызметке практикалық тұрғыдан дайын болуына ықпал етеді. Бұл яғни праксиологиялық компоненттің әрекетшіл болмысын назарда ұстай отырып, оның мазмұнын танымдық қызметті ұйымдастыру, толықтыру дұрыс болады, ол практикалық педагогикалық

қызметті игеру және жетілдіру үшін қажет болады.Осылайша, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін құраушы әрбір компоненттің құралу деңгейінің сипатталған сапалы белгілері бізге жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігінің өте *жоғары (жасампаздық), жоғары (шығармашылық) орта (белсенділік) және төмен (пассивтік) деңгейдегі* түзілуінің интегралды сипаттамасын анықтауға мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасуының өте *жоғары, яғни жасампаздық деңгейі* келесілермен сипатталады: студенттің кәсіби білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге деген ұмтылысының шынайы болуы; бастауыш сынып мұғалімі болуға қызығып, әрдайым өз білігін жоғарылатуға деген ұмтылысының болуы; өзінің мінез-қылығын өзі қатаң бақылай алу қабілетінің болуы; алға қойылған міндеттерді шешіп, мақсатқа қол жеткізуге қатысты бастамашылдығы мен табандылығы айқын көрініс беруі; өзінің ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асыруға деген жеке ұмтылыс қайсарлығы болуы.

Кемелденген адамның құндылықтары қалыптасуы келесі қасиеттері арқылы танылады:

- білімді қажет ету деңгейінің биік болуы, шығармашылық биік дәрежелі болуы, ұстанымдарды ұстануы айқын танылуы, өзіндік бағалаудың сырт көздің бағасымен сәйкес келуі, коммуникативтіліктің биік деңгейі ақын байқалуы;
- кәсіби білім циклдары бойынша терең, мығым және жүйелі білімі болуы;
- өзінің зерттеушілік қабілеттерінің барлығын іске қосып, ғылыми ойын жүзеге асыруға деген қабілеттері айқын болуы;
- ақыл-ой қызметінің, қабілеттерінің тұрақты түрде танылуы, көрініс беруі;
- ұйымдастырушылық қабілеті мен коммуникативтік шеберлігінің айқын және үздіксіз көрініп, танылып отыруы;
- көшбасшылық қасиеттерінің жарқын көрініс беруі;
- кикілжің болса, шыдамдылық танытып, сабырлы бола алуы;
- кикілжіңге қарсы тұрып, кикілжіңді болдырмауға, түсінбестік туындағанда, оны жуып-шаю қабілеттерінің қуатты болуы.

Жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан болашақ мұғалімдердің креативті құзыреттілігінің *жоғары, яғни шығармашылық деңгейінің* түзілуі келесідей сипатталады: келесілермен сипатталады: студенттің білім мен дағдыларды меңгеруге деген ұмтылысының болуы; бастауыш сынып мұғалімі болуға қызығуы; өзінің мінез-қылығын бақылай алу қабілетінің байқалуы; алға қойылған міндеттерді шешуі.

Білімді адамның құндылықтары қалыптасуы келесі қасиеттері арқылы танылады:

- кәсіби білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге деген ұмтылысының қалыпты болуымен;

- бастауыш сынып мұғалімі болғысы келуі және біліктілікті арттрыуға ұмтылысның болуымен;

- алға қойылған міндеттерді шешуде бастамашылдық пен табандылық танытуымен;

- өзінің ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асыруға деген ұмтылысының басым болуымен;

- кемелденген адамның құндылықтарын игеруге деген ниетінің болуымен;

- білімге деген ұмтылысы, жетістіктерінің болуымен;
- шығармашалық қабілет көріністерінің айқын көрінуімен;
- ұстанымдарды тұрақты түрде сақтауымен;
- оптималды өзіндік бағалаудың жүруімен;
- кәсіби пәндер циклы бойынша білімі жоғары болуымен;
- ұйымдастырушылық қабілеттердің көрініс беруі;
- өз бетімен зерттеушілік қабілеттерінің жүзеге асыра алуымен.

Жоғары оқу орындарында дайындалып жатқан болашақ мұғалімдердің креативті құзыреттілігінің *орта, яғни белсенділік деңгейінің* түзілуі келесідей сипатталады:

- кәсіби білім мен кәсіби дағдыларды меңгеруге деген ұмтылысының орташа қалыпты болуымен;

- бастауыш сынып мұғалімі болғысы келуі және біліктілігін жоғарылатып отыруға деген ұмтылысының орташа деңгейде көрініс беруімен;

- алға қойылған міндеттерді шешуде бастамашылдық пен табандылық танытуы түрлі жағдаятта түрліше көрініс беруімен;

- өзінің ішкі мүмкіндіктерін жүзеге асыруға деген ұмтылысының орташа болуымен;

- кемелденген адамның құндылықтарын игеруі орташа болуымен;
- білімге деген ұмтылысы, жетістіктері орташа болуымен;
- шығармашалық қабілет көріністерінің орташа болуымен;
- ұстанымдарды тұрақты түрде сақтауымен;
- оптималды өзіндік бағалау мен жеткіліксіз бағалау үрдісі қатар жүруімен;
- кәсіби пәндер циклы бойынша білімі болуымен;
- өз бетімен зерттеушілік қабілеттерінің көпшілігін жүзеге асыра алуымен.

Болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орындарында креативті құзыреттілігі түзілуінің *төмен, яғни пассивтік деңгейі* келесідей сипатталады:

- кәсіби білім мен дағдыларды игеруге деген ұмтылыс болмауы;
- бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет еткісі келмеуі және өзінің біліктілігін жоғарылатып отыруды қажет деп санамауынан;
- алға қойылған міндеттерді әлсіздік танытуынан;
- өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға еш ұмтылмауынан;
- кемелденген адам ретіндегі құндылықтары қалыптаспауы;
- білімді қажетсінудің болмауы;

- шығармашылықтың төмен деңгейде көрініс беруі;

- кәсіби пәндер циклы бойынша білімінің фрагментарлық болып, жүйеленбеуі;

- зерттеушілік жұмысын тек оқытушының көмегімен ғана жүргізе алатын болуы;

- жанашырлық сезімнің басымдық алмауы;

- ұйымдастырушылық және көшбасшылық қабілеттердің әлсіз көрініс беруі;

- кикілжіңге қарсы тұра алмай, әлсіздік танытуы.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың жетілген жолын анықтау үшін модельдеу әдісі алынды. Креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімінің идеалды моделін әзірлеу байыпты теориялық зерттеу мен сенімді әдістемелік жүйені қажет етеді.Студенттің креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі келбетінің моделі жүйелі ұйымдастырылған ойлау құрылымын білдіреді, ондай ойлау құрылымы студенттің өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру үдерісінен танылады.Ол құрылымда тікелей креативті әдіс-тәсілдер жүйесі және педагогикалық үдерістің қатысушылары – оқытушы мен студенттердің өзара байланысты және өзара тәуелді креативтік жұмыстары мен креативтік-шығармашылық өнімдері орын алады.

Қазақстандық жоғары оқу орындарында болашақ маманның креативті ойлауын дамытудың философиялық-педагогикалық алғышарттары проблемасын қарастыра келе, Р.К. Досжан заманауи оқу үдерісінде студенттердің креативті іс-әрекет тәсілін, креативтіліктің тетіктерін, креативтілікті қалыптастырудың әдіснамасы мен креативті шеберлікті қалыптастыру әдістемесін тану, зерттеудің маңызды орын алатынын атап өтеді. Ол үшін болашақ маманды дайындау жүйесін тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесіне ауыстыру керектігін көрсетеді. Ондай оқыту жүйесінің қағидаларын атап көрсетіп, орталық орын студенттің жеке тұлғасына берілетінін айтады [163].

Бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қатысты зерттеулер мен еңбектерді талдау барысы бізге бұл мәселенің кәсіби педагогикалық шеберлікті қалыптастыру, дамыту мәселесімен тығыз байланысты екенін көрсетті деп айта аламыз. Осы тұрғыдан қарастыра отырып, «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқытуда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыратын осы әдістемелік жүйенің маңызды компоненттерінің өзара маңызды байланысы мен қатынасын айқын көрсететін «Креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімі моделін» алуға болады.

Бұл модельдің бастауыш сынып мұғалімінің креативтілігін көрсететін профессиограммадан өзгешелігі сонда, профессиограммада қажетті талаптар тізбегі берілетін болса, модельде бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық және кәсіби қасиет-сапаларының біртұтастығын көрсететін маңызды

компоненттердің жүйелі болмысын айқын көрсетеді.Бастауыш сынып мұғалімінің шығармашылығы және креативтік сапалық қасиеттерін талдауда алдымен, педагогикалық шығармашылығы дегеніміз өзгермелі жағдайлардағы педагогикалық міндеттерді шешу үдерісі болып табылатынын атап өтеміз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту үдерісінде көптеген типтік оқу міндеттерімен қатар, эвристикалық ізденіс қағидаларына сәйкес, ерекше тапсырмаларды да орындайды. Оларға жағдаяттарды дұрыс бағалау, қол жеткен түйіндерді алдын ала жобалай білу, қолда бар дидактикалық және әдістемелік мүмкіндіктерді талдай білу, қол жеткен мәліметтерді талдап оған баға бере білу, осылардың барлығына дұрыс баға беріп, алдағы келешек мақсаттарды дұрыс түйіндей білу жатқызылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативтік моделінің құрылымы мен жүйесін сипаттауда креативтіліктің шығармашылық, дарындылық деңгейін білдіретінін айтып өту керек.

Креативтілікті «Сауат ашу әдістемесі» пәнінің ерекше қыры ретінде қарастыра отырып, оның табиғатындағы еркіндік максимумын, өмірдің шектеулерін жеңу қажет екенін де назарда ұстау қажет. Креативті құзыреттілік мұғалімді жасампаз тұлғада ұжымдық ретінде емес, жеке басының қабілет, мүмкіншіліктерінің іске асырылуы ретінде қалыптасуын мүмкін етеді.

Мұғалімнің креативті құзыреттілігі оның бойындағы білімінің, дағдыларының, қабілеттері мен жеке тұлғалық қасиеттері жүйесінің үйлесімділікпен әрекет етуін танытады. Бұлардың барлығы студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үшін арнайы оқылатын «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» атты курстың мазмұны аясында қамтылады.Ғалымдардың айтуынша, креативті құзыреттіліктің тапқыш болу, комбинациялай білу, дивергенттік ойлау, визуалдық шығармашылық қабілеті жоғары болу, ассоциация жасау қабілеті сияқты қырлары және өзін реттей білу, өзіндік бақылау, эмоциялық тұрақтылық, ерік-жігер қасиеті, қуаныш сезімі, жұмыс істеу қабілетінің жоғары болуы, адамдарға мейірім мен сыйластық сияқты жеке сезімдер коммуникативтік креативтік пен дидактикалық креативтікті синтездеп оқыту үдерісінде онан сайын жетілдіріле түседі.

Өзі жүргізген зерттеулерінің нәтижелеріне сүйене отырып, А.В. Морозов креативті адамдарды басқалардан ерекшелендіріп тұратын бірқатар тұлғалық қасиеттерді атап көрсетеді. Олардың қатарында білімге құштарлық, өзін жетілдіруге құлшыныс, харизма, зеректік, тапқырлық, ұғымталдық, өнертапқыштық, егемендірлік, кең өрісті білім мен эрудиция сияқты адамды өсіретін қасиеттерді атауға болады [164].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі университеттің білім ортасын, электрондық ресурстық білім қорын болашақ мамандығына сапалы дайындық үдерісінде тиімді қолдана отырып, проблемалық жағдаяттарда креативті-шығармашылық шешім жасау қабілетін ұштай түседі. Креативті арнайы тапсырмалар орындау арқылы студенттің креативті ойлауы, ақыл-ой

операциялар жасау тәжірибесі де кемелдене түседі. Солай біртіндеп кәсіби ассертивтік, яғни өзіне деген кәсіби тұрғыдан сенімділігі арта түсетін болады.

Арнайы курсты оқыту үдерісінде студент бастауыш сыныпта оқытылатын «Әліппе» пәнінің оқыту әдістемесін креативтік тұрғыдан жетік меңгереді. Арнайы курстың дәрістерін тыңдау, семинар, өзіндік жұмыстардың тапсырмаларын, жоба жұмыстарындағы ізденіс, зерттеу жұмыстарын қалыптан тыс тапсырмаларды креативті әдістер негізінде орындату студенттердің талдау, жинақтау, комбинациялау, болжам жасау дағдыларын қалыптастырады.

Арнайы кейс-стади түрінде жинақталған тапсырмаларды орындауда студенттердің жаңа эмоциялық-бейнелі сапаға ие болуы көзделеді. Студенттерге «Сауат ашу әдістемесі» пәнін оқыту барысында оқушыларға арналған креативті жаттығулар құрастыруды үйрете отырып, соның негізінде кәсіби шеберлігінің қорына өмірде кездесетін қарама-қайшылықтарды шешуге, қиялын дамытуға қажетті дағдылардың қалыптасуына мүмкіндіктер жасайды. Семинар сабақтарының формасын түрлендіре отырып, студенттердің армандауын, жаңалықты сезіне білуін, қарама-қайшылықтарға деген сезімталдығын, эмпатиялық қабілетін дамыту көзделінеді. Арнайы курсты жан-жақты қамтамасыз ете отырып ұйымдастыру негізінде студент креативті құзыреттілігі қалыптасқан бастауыш сынып мұғалімінің келбетін таныта алады.

Дж.Гилфордтың пікіріне сүйене отырып, студенттің тұтас жоғары білім жүйесіндегі меңгерген білім мазмұнының функциясын санасында айқын түсіну қабілетін оның креативтілігіне жатқызамыз.

Е.П. Торренстің анықтаған белгілеріне сүйене отырып, сезімталдықты креативтіліктің факторы ретінде танимыз. Сонымен қатар, Е.П. Торренс адамның өзінің біліміне көңілі толмай жүруін, шешімнің жаңа түрлерін талмай іздеуді, тапқырлық, сұңғылалық, дисгармониялық күйге сезімталдығы, болжам тиянақтауға шеберлігін креативтілікке жатқызады.

Ғалымдардың айтуынша, креативті тұлғаның моделін, сонымен бірге, өзара қарама-қайшылықта болатын мынадай ерекшеліктері құрайды.

Біріншіден, креативті тұлғалар ерекше физикалық күшке ие болып келеді. Бірақ олар, көп жағдайда, тыныштық пен жайбарақат күйде болады.

Екіншіден, креативті тұлғалар қатаң, тіпті қаһарлы да болып келеді. Бірақ сол бойда олар аңғал келеді.

Үшіншіден, креативті тұлғалардың мінезінде ойнақылық пен тәртіптілік және жауапкершілік пен салғырттық қатар орын алады.

Төртіншіден, креативті тұлғалардың қиялдауы мен ой шарықтауы биік және кең диапазонда келеді. Бірақ сол бойда шынайы болмысты терең сезінуі де жоғары деңгейде болып келеді.

Бесіншіден, креативті тұлғалар экстраверттердің ерекшелігімен қатар, интроверттердің де ерекшеліктерін қатар игерген болып келеді.

Алтыншыдан, креативті тұлғалар қарапайым болып келеді, бірақ сол бетте олардың мақтаныш сезімдері де ерекше болып келеді.

Жетіншіден, креативті тұлғалар күнделікті қарым-қатынастарда стереотиптік формалардан тысқары болады.

Сегізіншіден, креативті тұлғалар бір жағынан әділетсіздікке бас имейтін болса, екінші жағынан консервативті көзқарасты жақтайды.

Тоғызыншыдан, креативті тұлғалардың тым сезімталдығы оларға көп мұң мен уайым алып келеді. Бірақ олар рахаттануды да жақсы көреді [165].

Ғалымдар креативті тұлғалардың осындай сипаттамаларын санамалап көптеп келтіреді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің креативті моделі туралы айтқанда, оның мұғалімдік кәсіппен байланысты болатынын естен шығармау керек. Бір жағынан, бастауыш сынып мұғалімінің болашақта атқаратын қызметіне тікелей байланысты біліктілігін қамтиды, екінші жағынан, студенттің университетте меңгерген барлық пәнаралық білім жүйесін қамтиды. Бірақ барлығының өзегінде жеке тұлғалық қасиеттердің тұратыны атап өтіледі.

Бастауыш сынып мұғалімінің креативті құзыреттілігі аясындағы моделін қарастыра отырып, оның жеке тұлғалық қасиеттерден, жалпы педагогикалық мамандыққа тән қасиеттерден және нақты бастауыш сынып мұғаліміне тән қасиеттерден тұратын көпдеңгейлі табиғатын түсінуге болады деп ойлаймыз




Сурет 15 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің жеке тұлғалық болмысының креативтілігі

Бұл ойымызға тірек болған зерттеулерді талдау барысында [166] білім беру мақсатының болашақ педагогті дайындау нәтижесіне қойылатын интеграциялық талаптармен байланысты болатыны анықталды.

Осылайша, бастауыш сынып мұғалімінің креативті моделінің өзегі, орталық осі болатын жеке тұлғалық креативтілік қасиеттер, біртіндеп нақты бастауыш мектептің мұғалімі ретіндегі креативтік қасиеттеріне, одан соң жалпы педагогикалық кәсіпке қажетті креативтік қасиеттеріне, одан кейін

барлық жоғары білімді мамандарға тән болуы тиіс креативтілік қасиеттеріне, барлығы бір жүйеде тоғысады.

Бастауыш сынып мұғалімінің креативті моделінің өзегі – оның тұлғалық болмысындағы креативті қасиеттердің тоғысуы, оны бірінші деңгейдегі модель деп атадық. Келесі суретте болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің осы тұлғалық болмысындағы креативті қасиеттері беріліп отыр.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру зерттеу мақсатына қол жеткізуге бағытталған сатылардың дәйекті өзгеруін білдіреді. Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру модельдің негізгі блоктары, олардың жұмыс істеу ерекшеліктері, шешілетін міндеттер, мазмұны және дидактикалық үдерістердің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Біз даярлаған құрылымдық-мазмұндық модель келесі өзара байланысты блоктардан тұратын тұтас білім ретінде қарастырылады: *тұжырымдамалық блок* сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың мақсатын, әдіснамалық тұғырларын, ұстанымдарын анықтайды.

*Технологиялық блок* сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың бағдарламасын, формаларын, әдістерін, құралдарын қамтиды.

*Ұйымдастырушылық блок* сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру жұмыстарын, кезеңдерін және эксперимент барысын қарастырады.

*Өлшемдік блок* сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруының компоненттерін, өлшемдерін, көрсеткіштері мен деңгейлерін сипаттайды (сурет 16).

16-суретте көрсетілгендей, модельдің мақсатты блогы зерттелетін үдерістің негізгі бағытын, стратегиялық және тактикалық мақсаттар мен міндеттерді анықтауды қамтамасыз етеді. Модельдеу үдерісіндегі басты міндет ретінде сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың алғышарты қарастырылды. Алайда, модель әлеуметтік-педагогикалық үдеріске негізделген, ол студенттермен жұмыс істеу кезінде икемді және ұтқыр болуы керек. Жалпы мақсаттарға сәйкес, біз сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалай қалыптастыруы керек екенін түсіндіреміз.




Сурет 16 - Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру моделі

# 3 САУАТ АШУҒА ҮЙРЕТУ ҮДЕРІСІНДЕ БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КРЕАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАР

## 3.1 Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикасы

Бұл тармақта сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудағы тәжірибелік-эксперимент жұмысының құрылымдық-мазмұндық болмысы және мәні қарастырылады.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы біз үшін белгілі бір құбылысты бақылауға және бағыттауға болатын шарттары арқылы мақсатты түрде зерттеуге мүмкіндік беретін ғылыми таным әдісі ретінде қабылданады. Шын мәнісінде, тәжірибелік-эксперимент жұмысы ғылыми таным ақиқаттығы өлшемінің қызметін атқара отырып, ғылыми болжамды және теориялық негіздерді тексерудің негізі болып табылады.Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру үш кезеңді қамтиды: анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдері.




Сурет 17 – Тәжірибелік-эксперимент жұмысының кезеңдері

*Тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсаты*: сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігінің бастапқы деңгейін анықтау, оны қалыптастырудың мазмұнын жүзеге асыру және эксперимент нәтижелерін талдау.

*Біртұтас тәжірибелік-эксперимент жұмысының келесідей міндеттері анықталды*:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілік деңгейін диагностикалау;

– тәжірибелік-эксперимент жұмысы кезеңдерінің мақсат-міндеттері мен мазмұнын нақтылау;

–алға қойылған болжамды тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері негізінде тексеру;

– тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелерін талдау, түсініктеме беру және ұсынған әдістеменің тиімділігі туралы түйін жасау.

Қойылған міндеттер шешіліп, көзделген мақсатқа қол жеткізу үшін диагностикалық, бақылау, талдау, математикалық статистика әдістері қолданылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы 2018-2020 жылдары жүргізілді, эксперименттік база ретінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

Тәжірибелік-эксперименттік зерттеуге барлығы 160 студент («6В013-Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау» бағыты бойынша 2-3 курс білім алушылары), эксперименттік топта 81, бақылау тобында 79 (49 студент ҚазҰПУ, 30 студент ОҚУ) респондент қатысты.Тәжірибелік-эксперимент жұмысы анықтау, қалыптастыру, бекіту кезеңдері бойынша жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының *анықтаушы кезеңінде* зерттелетін мәселенің қазіргі уақыттағы жай-күйін анықтау мақсаты қойылды. Осы мақсатқа орай, студенттердің, мектеп мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі жай-күйін қарастырдық. Қолға түскен мәліметтер негізінде, тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың одан әрі қарайғы логикасына қажетті материалдар сұрыпталынды.




Сурет 18– Тәжірибелік-эксперимент жұмысының анықтаушы кезеңі

Студенттердің, мектеп мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі жай-күйінің деңгейін бағалау үшін сауалнама, тестілеу және кесінді тапсырмалар орындау қолданылды. Бұл диагностикалық материалдарды қолдану үшін креативті құзыреттіліктің қалыптасқандығын зерттеу мен бағалау әдістемесі пайдаланылды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігінің деңгейін бағалау үшін қолданылатын сауалнама, тестілеу, кесінді тапсырмалар зерттеу жұмысымыздың теориялық негіздеріне сүйене отырып әзірленді. Барлық дерлік материалдар осы бағыттағы зерттеулер мен еңбектерді талдау негізінде және Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасында құрастырылды.

Бұл кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметіне деген мотивациясы, өзінің таңдаған мамандығынан алдағы уақытта күтетін жаңалықтары, өзін креативтілік жағынан таныта білуі, өзін-өзі дамытуға, өзін-

өзі жетілдіруге деген ұмтылысын анықтау жүргізілді.Студенттердің өздері таңдаған бастауыш сынып мұғалімі мамандығы мен креативті тұрғыдан оқыту әдістерін меңгеру туралы ойлары мен дайындалу негізін анықтау мақсатында жүргізілген сауалнама, тестілеу және арнайы кесінді тапсырмалар олардың өз таңдауларының дұрыс болғанына деген сенімділігін нығайту мақсатында өткізілді.

Осыған байланысты тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың құрылымы жасалынды.

Кесте 5 – Компоненттер бойынша диагностикалық әдістемелер

| Компоненттер | Диагностикалық әдістемелер |
|---|---|
| Мотивациялық-мақсаттылық | -Креативті құзыреттілікті анықтау сауалнамасы (авторлық әзірлеме) |
| Гносеологиялық | -Э.Торренстің вербалдық тестілер батареясы<br>-Э.Торренстің фигуралық тестілер батареясы<br>-Э.Торренстің сөз-дыбыстық тестілер батареясы |
| Праксиологиялық | -Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері (авторлық әзірлеме)<br>-Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілін анықтауға бағытталған сауалнама (авторлық әзірлеме) |

Анықтау кезеңінің міндетіне сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа қатысатын 160 студенттің креативті құзыреттілігінің алғашқы кезеңдегі жағдайын анықтау үшін арнайы әзірленген сауалнама ұсынылды.

Осы сауалнама арқылы студенттердің, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы дайындықтан өтпей тұрған кездегі креативті құзыреттілігі деңгейін анықтауға және креативті құзыреттілікті қалыптастыруға тірек болатын педагогикалық құралдар мен шарттарды анықтау міндеті қойылды.

Кесте 6 – Авторлық сауалнама сұрақтары

| Сауалнама Сұрақтары | Эксперименттік топ | | | | Бақылау тобы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей |
| | Әрине | Иә | Кейде | Жауап беруге қиналамын | Әрине | Иә | Кейде | Жауап беруге қиналамын |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Сіз өзіңізді креативті тұлға санайсыз ба? | 6,1% | 13,4% | 36,5% | 44% | 6,6% | 15,6% | 40,3% | 37,5% |

6-кестенің жалғасы

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Креативтіліктің белгілерін білесіз бе? | 5,1% | 14,4% | 38,5% | 42% | 4,4% | 12,1% | 41,6% | 41,9% |
| Креативті құзіретті тұлға дегенді түсінесіз бе? | 3,7% | 14,2% | 43,1% | 39% | 5,2% | 12,2 | 43,1% | 39,5% |
| Креативтілік ұғымының синонимдерін білесіз бе? | 3,7% | 10,2% | 48% | 38,1% | 4,2% | 11,1% | 39,8% | 44,9% |
| Креативтілік, креативті құзыреттілік ұғымдарын зерттеген ғалымдардың еңбектерімен таныссыз ба? | 2,2% | 3% | 34,2% | 60,6% | 3% | 2,7% | 35,9% | 58,4% |
| Сауат ашуға үйрету үдерісінде креативті тапсырмаларды қолдану тиімді ме? | 9,1% | 18,4% | 28,5% | 44% | 10,3% | 14,4% | 43,1% | 32,2% |
| Практикада креативті ойлау технологиясын қолданасыз ба? | 5% | 6,2% | 28,7% | 60,1% | 4,2% | 8,3% | 30,4% | 57,1% |
| Креативті тапсырмаларды құрастыра аласыз ба? | 5% | 6,1% | 13,1% | 75,8% | 6,2% | 7% | 16,1% | 70,7% |
| Креативті тапсырмаларды орындауда қиындықтар бола ма? | 5,3% | 4,7% | 18,4% | 71,6% | 4,8% | 5,5% | 19,6% | 70,1% |



Сурет 19 – Авторлық сауалнама нәтижелерін сандық және сапалық талдаудың диаграммасы

Авторлық сауалнама нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «әрине» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 4 студент, бұл 5,02%; «йә» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 8 студент, бұл 10,06%; «кейде» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 27 студент, бұл 32,2%; «жауап беруге қиналамын» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 42 студент, бұл 52%; құрайды.

Авторлық сауалнама нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «әрине» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 5 студент, бұл 5,3%; «йә» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 7 студент, бұл 9,8%; «кейде» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 27 студент, бұл 34,3%; «жауап беруге қиналамын» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 40 студент, бұл 50,6%; құрайды.Анықтау кезеңінің міндетіне сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмысқа қатысатын 160 студенттің креативті құзыреттілігінің алғашқы кезеңдегі жағдайын анықтау үшін арнайы әзірленген сауалнама ұсынылды.

Осы сауалнама арқылы студенттердің, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің арнайы дайындықтан өтпей тұрған кездегі креативті құзыреттілігі деңгейін анықтауға және қазіргі уақытта мектепте сабақ беріп жүрген мұғалімдердің креативті қабілеттерін анықтау және креативті құзыреттілікті қалыптастыруға тірек болатын педагогикалық құралдар мен шарттарды анықтау міндеті қойылды.Креативті сауалнаманың құрамы да, құрылымы да, мазмұны да адамның креативті тұрғыдан өзінің тұлғасын тануға бағытталады. Сауалнама креативтіктің көрінісін сипаттаудан тұратын бақылау тізімінен құралады.Тәжірибелік-эксперименттік үдерістің анықтаушы кезеңіндегі орындалатын міндеттің бірі – студенттердің креативті құзыреттілік деңгейін диагностикалау. Осы міндетті шешуде зерттеу жұмысымыз педагогикалық бағытта болғандықтан, нәтижені аз уақытта және сапалы етіп алатын сауалнама әзірлеу қажеттілігі туындайды. Бұл ретте Дж.Гилфордтың, Е.Торренстің, Д.Джонсонның, Д.С. Рензуллидің, Е.Туниктің т.б. ғалымдардың креативтік тестілерінің базасын талдай келе және осы ғалымдардың еңбектерінің негізінде, өзіміздің зерттеу жұмысымызға яғни «Сауат ашу әдістемесінің» мазмұнына қарай креативтік тестілерін бейімдеп (өзгертулермен), студенттердің креативті құзыреттілігін анықтау қажет болады.Мұнда Дж. Гилфордтың тестілері ересектерге арналған. Автордың тестілерінде тұлғаның креативтілігін анықтау тестілерін орындауға берілетін уақыт өте қысқа және жылдамдығы жоғары, оның үстіне адамның жеке тұлғалық ерекшеліктері ескерілмейді.

Е.Торренстің пікірінше, креативтілік, адамда білім жетіспеген кезде ойлау ұшқырлығының негізінде көрініс береді. Қазіргі уақытта Е.Торренстің тестілеуі кең қолданылады. Ол 12 тестілеу әзірледі. Оларды үшке бөліп топтастырған:

– вербалдық тестілер батареясы;

– сурет-бейнелік/ фигуралық тестілер батареясы;

– сөз-дыбыстық тестілер батареясы.

Ал Д.Джонсонның ойынша, креативтілік адам өзінің білімі мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, белгілі бір әлеуметтік әрекеттесу барысында ойламаған тұста пайда болатын продуктивтік акт ретінде көрініс береді. Тестілеу жүйесінде Д.Джонсон креативті ойлаудың сегіз сипатын қамтиды. Оларға келесілер жатқызылған:

–мәселеге деген терең сезімталдық;

–көптеген идеялар, болжамдар, бейнелер тудыру қабілеті;

–мәселені шешудің түрлі стратегияларын қолдану;

–идеяны көптеген қосымша детальдармен толықтыра алуы;

–айрықша ойлау, жеке стилінің, әрекет нәтижелерінің өзгешелігі;

–өзгерте алу қабілеті жоғары болуы;

–эмоциялық қызығушылығының жоғары болуы;

–ойлауда, бағалауда, өзін ұстауындағы тәуелсіз болуы.

Джозеф С. Рензуллидің тестілеуі шектеулі уақыт ішінде қолданылатын экспресс-әдіс болып саналады. Д.С. Рензуллидің тестілеуі креативті ойлаудың сипаттарын тізімін көрсететін он пунктіден тұрады.

Ал Е.Туник осы тестілер жүйесінің негізінде авторлық тестілеу үлгілерін ұсынады [133]. Оның жеке тұлғаның креативтілігін диагностикалайтын тестілеуінде креативті адамның келесідей ерекшеліктерін анықтау мақсат етіледі, олар:

–қызығушылық;

–қиялдау;

–күрделілік;

–тәуекелге баруға бейімділік.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды көздей отырып, жоғарыда талданған тестілеу жүйелеріне сүйене отырып, диагностикалық креативті тестілеудің құрылымы мен мазмұнын зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сай үйлестіруге ұмтылдық.Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтаушы кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін Э.Торренстің вербалдық, фигуралық, сөз-дыбыстық тестілер батареясы негізінде анықтау (констатациялау) керек деп санағандықтан, осы бағыттағы біздің тарапымыздан бейімделген тест түзілді. Бұл тестілер әдістемесінің бейімделген нұсқасының диагностикалық мүмкіндіктері төменде берілген.

**Вербалдық тестілер батареясының** қатарына біздің тарапымыздан 7 субтест әзірленді.

№1 субтест. Сұрақтар.

№2 *субтест. Себептер.*

*№3 субтест. Салдарлар.*

*№4 субтест. Нәрсені жақсарту.*

*№5 субтест. Ерекше қолдану.*

*№6 субтест. Айрықша сұрақтар қою.*

*№7 субтест. Ерекше жағдаят.*

Бұл тестілеу түрі студенттермен ойын форматында, шығармашылықпен өткізілді. Өйткені жайлы, қолайлы психологиялық жағдай жасау арқылы ғана креативтілікті ынталандырып, тестілеудің сенімді нәтижелерін алуға мүмкіндік береді. Студенттермен осы вербалдық субтестілеуді өткізуде уақыт 45 минут тестілеуге және 15 минут қажетті материалдарды тарату мен жинауға кететіні есептеліп, 2 сабақ қатарынан қоюы керектігі алдын ала бөлім деңгейінде келісілді. Өткізілген тестілеуден фрагмент келтіріп өтейік (сурет материалдар ашық интернет-ресурстан алынды).

*Оқытушы:*

*– Құрметті студенттер! Сіздерге ұсынылатын тапсырмалар қызықты, ойын сияқты көрінуі мүмкін. Осы тестілерді барынша қиялдарыңды қосып, ерекше саналылықпен орындауларыңды сұраймын. Қолдарыңызға Жауаптар бланкісі таратылды. Жауапты соған жазыңыздар. Тестілеуді қиындықсыз орындап, оны орындауда қуанышты сәттер мол болады деп сенемін* (сурет 1).



Сурет 1

Студенттер! ***№1 субтест.*** *Сұрақтар* бойынша тапсырманы орындаңыздар. Тапсырма: Сіздерге ұсынылған суретке зейін қойып қараңыздар. Сосын сурет мазмұны бойынша барынша мол сұрақтар қойыңыздар.

Суреттегі оқиға туралы не айтуға болады? Суреттің мазмұнын жан-жақты түсіну үшін сізге қандай ақпарат жетпей тұр?

***№2 субтест****. Себептер.* Суретті зейін қойып қараңыз. Кітап ұстап тұрған кішкентай қыздың кітапқа қадала қарап тұруының себебі не деп ойлайсыз?

***№3 субтест****. Салдарлар.* Суретке тағы да зейін қойып қараңыз. Осы сәттен соң кішкентай қыз бала не істеуі мүмкін? Осыдан кейін тағы қандай іс-әрекеттер тізбегі болуы мүмкін? Осыдан кейін және болашақта болуы мүмкін көптеген оқиғалар мен іс-әрекеттердің тізбегін жазыңыз.

***№4 субтест****. Нәрсені жақсарту.*

– Құрметті студенттер! Келесі субтестіні орындау үшін төмендегі «Үй» суретіне зейін қойып қараңыздар (сурет 2).



Сурет 2

Осы «Үйдің» суреті мен ауладан қандай әріптердің сұлбасын көре аласыздар, оларды қалай тануға болады?

Келесі субтестіні орындату үшін оқытушы студенттерге сұрақ қойып бастайды. – *Студенттер, сіздер қағаз қорапты көп қолданасыздар деп ойлаймын. Аяқ киім қорабы, иіс су, косметика қораптары, дүкеннен сатып алған үй техникасы қораптары, тағам, кәмпит салынған қораптар т.б.*

***№5 субтест***. Осындай көптеген формадағы қораптарды оқушыларға әріптерді таныту үшін қалай қолдануға болар еді? Бір-екі үлгіні қораптан жасап көрсетіңіз. Ал жазбаша түрде 6-7 үлгісін жазып көрсетіңіз.

***№6 субтест***. *Ерекше сұрақтар қою.*

«Әліппені» оқытуда ең оңай және ең қиын тақырыптар мен ең жеңіл әдістер туралы көптеген сұрақтар құрап жазыңыздар. Сұрақтарыңыздың әрқайсысы әртүрлі болсын және ата-аналарға да қызықты болатындай етіп құрастырыңыз.

***№7 субтест***. *Ерекше жағдаят.*

– Студенттер, төмендегі суреттерде болашақтағы қала үйлері беріліп отыр. Ойын түрінде достарыңызды осы үйлердің бірінде тұрамын деп қонаққа шақырыңыз. Қиялдай отырып, үйдің ішін, бөлмелерді аралатып, таныстырыңыз.






Сурет 3

Субтестілер орындалған соң, студенттерден аты-жөнін толық жазу сұралып, талдау үшін жинап алынды.

Вербалдық тестілерді Е.Торренс жеке тұлғаның креативтілігін сенімді және тұрақты көрсете алатын тестілер деп атап өткен [134].

Біз «Вербалдық субтестілер» нәтижелерін вербалдық «Шапшаңдықтың» (беглость), вербалдық «Икемділіктің» (гибкость), вербалдық «Сонылықтың» (оригинальность) сапалық сипаттамасын Е.Торренс бойынша *«өте жоғары» (жасампаздық), «жоғары» (шығармашылық), «орта» (белсенділік), «төмен» (пассивтік)* деп белгілеп, оларды талдауға түсірдік. Нәтижелерін келесі кестеден көруге болады.

Кесте 7 – «Вербалдық субтестілер» нәтижелерін сандық және сапалық талдау

| | Эксперименттік – 81 студент | | | | | | Бақылау – 79 студент | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сапалық бағалау | Шапшаңдық | | Икемділік | | Сонылық | | Шапшаңдық | | Икемділік | | Сонылық | |
| | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % |
| өте жоғары | 5 | 6,17% | 4 | 5% | 4 | 5 % | 4 | 5,6% | 4 | 5,06 % | 3 | 3,9% |
| Жоғары | 17 | 21% | 17 | 21% | 17 | 21% | 15 | 18,4 % | 16 | 20,2 % | 17 | 21,5 % |
| орташа | 29 | 35,8% | 24 | 29,6 % | 29 | 35,8 % | 30 | 38% | 25 | 31,6 % | 30 | 37,9 % |
| төмен | 30 | 37,03% | 36 | 44,4 % | 31 | 38,2 % | 30 | 38% | 34 | 43,14 % | 29 | 36,7 % |




Сурет 20 – «Вербалдық субтестілер» нәтижелерін сандық және сапалық талдаудың диаграммасы

«Вербалдық субтестілер» нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «шапшаңдық» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 5 студент, бұл 6,17%; «икемділік» шкаласы бойынша 4 студент, бұл 5 %; «сонылық» шкласасы бойынша 4 студент, 5 %-ды құрайды.

«Жоғары» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 17 студент, 21 %, «икемділік» шкаласы бойынша 17 студент, 21%; ды көрсетіп отыр; «сонылық» шкласасы бойынша 17 студент, 21 %-ды құрайды.

«Орташа» деңгейде 29 студент, бұл 35,8%; «икемділік» шкаласы бойынша 24 студент, бұл 29,6 %; «сонылық» шкласасы бойынша 29 студент, 35,8 %-ды құрайды.

«Төмен» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 30 студент, 37,03 %, «икемділік» шкаласы бойынша 36 студент, 44,4%; «сонылық» шкаласы бойынша 31 студент, 38,2 %-ды құрайды.

«Вербалдық субтестілер» нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «шапшаңдық» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 4 студент, бұл 5,%; «икемділік» шкаласы бойынша 4 студент, бұл 5 %; «сонылық» шкласасы бойынша 3 студент, 3,9 %-ды құрайды.

«Жоғары» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 15 студент, 19 %, «икемділік» шкаласы бойынша 16 студент, 20,2%; ды көрсетіп отыр; «сонылық» шкласасы бойынша 17 студент, 21,5 %-ды құрайды.

«Орташа» деңгейде 30 студент, бұл 38%; «икемділік» шкаласы бойынша 25 студент, бұл 31,6 %; «сонылық» шкласасы бойынша 30 студент, 37,9 %-ды құрайды.

«Төмен» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 30 студент, 38 %, «икемділік» шкаласы бойынша 34 студент, 43,14%; ды көрсетіп отыр; «сонылық» шкаласы бойынша 29 студент, 36,7 %-ды құрайды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде жүргізілген **тестілеудің келесі түрі - «Сурет-бейнелік/ фигуралық тестілер батареясы»** болып табылады. Бұл тестілер атауынан көрініп тұрғанындай, студенттердің түрліше бейнелік креативтілігін өлшеуге арналады. Е. Торренстің өзіндік ерекше идеясынан туындаған осы субтестілерді біз өзіміздің зерттеу тақырыбымызбен байланыстыру жағына баса назар аударып отырдық. Сондықтан субтесті мазмұнына «Әліппеге» қатысты мазмұн енгізіледі.

Бұл **сурет-бейне немесе фигуралық тесті батареясы** 3 субтестіден құралды.

***№1 субтесті.*** *«Сурет салу арқылы жаңа бейне жасау».*

– Құрметті студенттер! Алдарыңызда қағаз, қайшы және түрлі-түсті қарындаштар пайдалану үшін берілді. Сонымен бірге алдарыңызда үш түрлі сопақша фигура берілді. Енд тапсырманы зейін қойып тыңдаңыздар.

Бір фигураны алыңыздар. Сонан кейін бір кескін не сурет ойлаңыздар, оның бір бөлшегі алған фигура болсын. Салған сурет жеке зат немесе тұтас бір картина болуы да мүмкін. Алдымен фигураны қағаздың бір жеріне желімдеп, сонан кейін оны біртіндеп толықтырып, ойыңыздағы бір суретті салып шығыңыз.

Суретті фигураның сыртына не ішіне орналастыруға болады. Салған суретіңіз ешкімнің суретіне ұқсамайтын болсын. Оны басқа да детальдармен толықтыра беруге болады. Суретке қызықты, ерекше атау беріп, өз аты-жөніңізді жазып қойыңыз. Қарқынмен жұмыс жасаңыз, бірақ асығыстық болмасын.

***№2 субтесті.*** *«Толық бітпеген фигуралар».*

Студенттер, сіздердің алдарыңызда толық салынып бітпеген фигуралардың кескіндері берілген.



Сурет 1



Сурет 2

Тапсырма: 1-2- суреттердегі толық салынып бітпеген осы фигуралардың арасын қосымша сызықтар арқылы байланыстырып, өте қызықты, тек өзіңіз ғана ойлап таба алатын ерекше суреттер, әріптерді салуға болады. Әр суретіңізге ыждағаттылықпен, ұқыптылықпен және зейін қойып қараңыз. Қарқынмен жұмыс жасаңыз, бірақ асығыстық жасамаңыз. Аса күрделілікке де ұрынбай, ұнаған суреттерді салыңыз. Бітірген соң, суреттердің әрқайсысының атауларын жазып, өз аты-жөніңізді жазыңыз.

***№3 субтесті.*** *«Қайталамалы сызықтар»*

*–Студенттер! Алдарыңызға қойылған 3 парақтың әрқайсысында түзу сызылған екі сызықтан берілген. Әр парақта осы екі сызықты пайдалана отырып, барынша мол заттар, суреттер, әріптер, таңбалар, белгілер салыңыздар.*



Сурет 3

Бұл тестіні орындау барысында студенттердің бейнелі/фигуралық ойлау ерекшеліктері, креативті-шығармашылықтары бір деңгейге тоғысып тұрғаны байқалады. Нәтижесі келесі кестеде беріліп отыр.

Кесте 8 – «Сурет-бейнелік/фигуралық субтестілер» нәтижелерін сандық және сапалық талдау

| Сапалық бағалау | Эксперименттік – 81 студент | | | | | | Бақылау – 79 студент | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Шапшаңдық (беглость) | | Икемділік (гибкость) | | Сонылық (ори-гинальность) | | Шапшаңдық (беглость) | | Икемділік (гибкость) | | Сонылық (оригинальность) | |
| | N | % | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % |
| өте жоғары | 3 | 3,7% | 5 | 6,17 % | 5 | 6,2% | 4 | 5% | 4 | 5% | 3 | 3,8% |
| Жоғары | 15 | 18,5 % | 15 | 18,5 % | 16 | 19,7 % | 17 | 21,5 % | 13 | 16,6 % | 14 | 17,7% |
| орташа | 31 | 38,3 % | 32 | 39,5 % | 31 | 38,4 % | 30 | 38% | 33 | 41,7 % | 32 | 40,5% |
| төмен | 32 | 39,5 % | 29 | 35,8 % | 29 | 35,7 % | 28 | 35,5 % | 29 | 36,7 % | 30 | 38% |




Сурет 20 – «Сурет-бейнелік/фигуралық субтестілер» нәтижелерін сандық және сапалық талдаудың диаграммасы

«Сурет-бейнелік/фигуралық субтестілер» нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «шапшаңдық» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 3 студент, бұл 3,7%; «икемділік» шкаласы бойынша 5 студент, бұл 6,17%; «сонылық» шкласасы бойынша 5 студент, 6,2%-ды құрайды.

«Жоғары» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 15 студент, 18,5 %, «икемділік» шкаласы бойынша 15 студент, 18,5%; «сонылық» шкласасы бойынша 16 студент, 19,7%-ды құрайды.

«Орташа» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 31 студент, бұл 38,3%; «икемділік» шкаласы бойынша 32 студент, бұл 39,5%; «сонылық» шкласасы бойынша 31 студент, 38,4 %-ды құрайды.

«Төмен» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 32 студент, 39,5 %, «икемділік» шкаласы бойынша 29 студент, 35,8%; ды көрсетіп отыр; «сонылық» шкласасы бойынша 29 студент, 35,7 %-ды құрайды.

«Сурет-бейнелік/фигуралық субтестілер» нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «шапшаңдық» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 4 студент, бұл 5%; «икемділік» шкаласы бойынша 4 студент, бұл 5 %; «сонылық» шкласасы бойынша 3 студент, 3,8 %-ды құрайды.

«Жоғары» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 17 студент, 21,5 %, «икемділік» шкаласы бойынша 13 студент, 16,6%; «сонылық» шкласасы бойынша 14 студент, 17,7 %-ды құрайды.

«Орташа» деңгейде 30 студент, бұл 38%; «икемділік» шкаласы бойынша 33 студент, бұл 41,7 %; «сонылық» шкласасы бойынша 32 студент, 40,5 %-ды құрайды.

«Төмен» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 28 студент, 35,5%, «икемділік» шкаласы бойынша 29 студент, 36,7%; ды көрсетіп отыр; «сонылық» шкласасы бойынша 30 студент, 38 %-ды құрайды.

*Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын анықтау кейстері*

Кейс әдісі накты жағдайлар тұрғысынан академиялық теорияларды көрсетуге мүмкіндік береді. Ол студенттерді пәнді оқуға, білімді терең меңгеруге, ақпаратты өңдеуге және талдауға, әр түрлі жағдайларды саралауға мүмкіндік береді.CASE-терді құрудың келесі негізгі сатылары белгіленген: мақсаттарды анықтау, әр түрлі жағдайларға критерилерді тағайындау, қажет ақпарат көздерін белгілеу, CASE – тегі алғашқы материалдарды дайындау, сараптама жасау, оны қолдану бойынша әдістемелік материалдар дайындау.

Кесте 9 - Кейс-әдісін қолдану кезіндегі анализ түрлері

| № | Талдау қызмет түрлері | Сипаттама | Түрлері |
|---|---|---|---|
| 1 | Мәселелік талдау | - Мәселелерді атап көрсету,<br>- мәселелік өріс қалыптастыру,<br>- квалификациясы | - Жағдайдың мәселелік мазмұнын талдау;<br>- жағдайдың мәселелік шарттарын талда;<br>- жағдайдың проблемалық нәтижесін талдау |
| 2 | Жүйелі талдау | Құрылымымен және функцияларымен сипатталатын кейбір жүйелер сияқты объектіні жүйелік жол жағынан карастыру. | - Дескриптивті талдау;<br>- конструктивті талдау. |

9-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|
| 3 | Праксеологиялық талдау | Қызметтік үдерістерді оптимизациялау көзқарысына байланысты қарастыру. | - қызметті оптимизациялау жолдарын талдау;<br>- қызметті алгоритимизациялау және үлгілеу. |
| 4 | Прогностикалық талдау | Жағдайдың болашақ дамуына қатысты болжау | - Жүйенің болашақ күйі берілсе және болашаққа жетудің мүмкіндіктері анықталған болса нормативті прогностикалық талдау;<br>- Трендттік модельдер құру арқылы болашақтың жағдайы анықталатын ізденісті прогностикалық талдау. |

[167]

CASE STUDY әдісі келесі дағдыларды дамытады:

1. Аналитикалық дағдылар. Оларға келесілерді жатқызуға болады: деректердің мәліметтерден айыру шеберлігі, маңызды және маңызды емес ақпараттарды айыра білу, талдау, елестету және оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпаратарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі және т.б. Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайларымен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларда, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз CASE-пен мәселе шешілмейді. Мұнда, логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Олардың ішінен төмендегілерді атап айтуға болады: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа медиа заттарды қолдану – топтарғабірлесу, өз көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа да нұсқа есеп дайындау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Талқылау барысында CASE-те нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың өзін — өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама – қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни, өзін өзі ұстау және т.б.

6. Өзіндік саралау. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларынқалыптастыруды талап етеді.

Кейс №1. Фонетиканы оқыту әдістемесі және сауат ашуға үйретуде фонетикалық дағдыларды қалыптастыру

1) «Әліппе» бағдарламасынан негізгі фонетикалық ұғымдарды бөліп көрсетіңіз. Әр тұжырымдаманың мазмұнын ашыңыз. Оларды зерттеу ретін негіздеңіз.

2) Фонетикаға байланысты «Сауат ашу» ОӘК-дегі шартты белгілерді қарастырыңыз. Олардың мақсаты мен қолдану әдісін түсіндіріңіз.




Сурет 1

3) Фонетикалық жаттығуларға талдау жасаңыз (мақсаты, оны орындау әдістемесі)

1-жаттығу

Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, мағыналы сөз құрап жаз.




Сурет 2

2-жаттығу

Дыбыстарды дауысты және дауыссыз дыбыстарға ажыратып топтап жаз




Сурет 3

4) Бұл жаттығуларды дәптерде орындаңыз (бала мұны қалай жасау керек). Жаттығудың орындалуы туралы түсініктеме беріңіз (бейне немесе аудио жазба, көру үшін Google құжатына сілтеме беріңіз). Жауап ретінде орындалған жұмыстың суретін салыңыз.

5) Әдістемелік мәселелерді шешіңіз.

Дидактикалық материалды таңдап, бірінші сынып оқушыларына арналған тапсырмаларды дәл тұжырымдаңыз: мұғалім айтқан сөздерге дыбыстық схемаларды құрастыру; тақырыптық суреттерді дайын дыбыстық схемалармен байланыстыру; ұсынылған дыбыстық схемаларға сөздерді таңдау.

***Кейс 2. Сауат ашуға оқыту кезеңіндегі «буын» ұғымын зерттеу әдістемесі***

1) «Буын» ұғымының мазмұнын ашыңыз. Оны студент тұрғысынан және оқушы тұрғысынан сипаттаңыз.

2) Буынмен танысу әдістемесін сипаттаңыз (нақты мысалда сабақтың үзіндісін жасаңыз және осы бөлікке презентация жасаңыз).

3) «Сауат ашу» оқулығынан және «буын» ұғымын зерттеуге байланысты жазуларды қарастырыңыз. Әр жаттығуды талдаңыз (мақсаты, оны орындау әдістемесі).

1-жаттығу




Сурет 4

2-жаттығу




Сурет 5

3-жаттығу




Сурет 6

4-жаттығу




Сурет 7

4) Бұл жаттығуларды дәптерге жазып орындаңыз (бала мұны қалай жасау керек). Жаттығудың орындалуы туралы түсініктеме беріңіз (бейне немесе аудио жазба, көру үшін Google құжатына сілтеме беріңіз). Жауап ретінде орындалған жұмыстың суретін салыңыз.

5) Әдістемелік мәселені шешіңіз.

Бірінші сынып оқушыларының жұмыс істеу тәсілдерін игеруге және берілген буын құрылымының сөздерін таңдау қабілетін қалыптастыруға бағытталған үш жаттығуды ұсыныңыз.

Кесте 10 – «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» нәтижелерін сандық және сапалық талдау

| Кейс түрлері | Эксперименттік топ | | | | Бақылау тобы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 5 жауап | 4 жауап | 2-3 жауап | 1 жауап | 5 жауап | 4 жауап | 2-3 жауап | 1жауап |
| | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей |

10-кестенің жалғасы

| | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кейс 1 | 7 | 8,7% | 16 | 19,7% | 30 | 37% | 28 | 34,6% | 5 | 6,3% | 17 | 21,3% | 31 | 39,4% | 26 | 33% |
| Кейс 2 | 6 | 7,4% | 17 | 21% | 29 | 35,8% | 29 | 35,8% | 5 | 6,3% | 16 | 20,3% | 28 | 35,4% | 30 | 38% |




Сурет 21 – Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзы реттілігінің қалыптасуын тексеру кейстерінің дигностикасы

№1 Кейс. «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 7 студент, бұл 8,7%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 16 студент, бұл 19,7%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 30 студент, 37%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 28 студент, 34,6%-ды; құрайды.

«Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 5 студент, бұл 6,3%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 17 студент, бұл 21,3%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 31 студент, 39,4%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 26 студент, 33%-ды; құрайды.

№2 Кейс. №1 Кейс. «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 6 студент, бұл 7,4%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 17 студент, бұл 21%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 29 студент, 35,8%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 29 студент, 35,8%-ды; құрайды.

«Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 5 студент, бұл 6,3%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 16 студент, бұл 20,3%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 28 студент, 35,4%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 30 студент, 38%-ды; құрайды.

Кесте 11 – Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстерінің статистикасы

| кейс № | Деңгей | Экспериментті к топ | | Бақылау тобы | | $(n_1Q_{2i}-n_2Q_{1i})^2$ | $Q_{1i}+Q_{2i}$ | $\frac{(n_1Q_{2i}-n_2Q_{1i})^2}{Q_{1i}+Q_{2i}}$ | $\chi^2$ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| кейс | Өте жоғары деңгей | 7 | 8,7 | 5 | 6,3 | 0,36 | 12 | 0,03 | 0,00503 |
| | Жоғары деңгей | 16 | 19,7 | 17 | 21,3 | 34,81 | 33 | 1,054848 | |
| | Орташа деңгей | 30 | 37 | 31 | 39,4 | 1225 | 61 | 20,08197 | |
| | Төмен деңгей | 28 | 34,6 | 26 | 33 | 595,36 | 54 | 11,02519 | |
| **Барлығы** | | 81 | 100 | 79 | 100 | | | 32,192 | |
| кейс | Өте жоғары деңгей | 6 | 7,4 | 5 | 6,3 | 0,64 | 11 | 0,058182 | 0,00408 3 |
| | Жоғары деңгей | 17 | 21 | 16 | 20,3 | 82,81 | 33 | 2,509394 | |
| | Орташа деңгей | 29 | 35,8 | 28 | 35,4 | 585,64 | 57 | 10,27439 | |
| | Төмен деңгей | 29 | 35,8 | 30 | 38 | 784 | 59 | 13,28814 | |
| Барлығы | | 81 | 100 | 79 | 100 | | | 26,1301 | |

Топтардың статистикалық және білім деңгейі тұрғысынан айырмашылығын тексеру үшін $\chi^2$ критериі пайдаланылды.

$\chi^2 = \frac{1}{n_1 n_2}\sum\frac{(n_1Q_{2i}-n_2Q_{1i})^2}{Q_{1i}+Q_{2i}}$, мұндағы $n_1$ мен $n_2$ эксперимент және бақылау топтарындағы оқушылар саны. $Q_{1i}$, $Q_{2i}$ - бақылау және эксперимент топтарының 1 – белгісінің жиілігі, і – белгілер саны.

1-кейс бойынша $\chi_1^2 \approx 0,00503$ тең. q = 0,05 мәнділік деңгейі мен еркіндік дәрежесаны $v$ = 3-1= 2 үшін $\chi_2^2 = 5,99$ тең болды. $\chi_1^2 \langle \chi_2^2$. 0,00503 ‹ 5,99

1-кейс бойынша $\chi_1^2 \approx 0,004083$ тең. q = 0,05 мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны $v$ = 3-1= 2 үшін $\chi_2^2 = 5,99$ тең болды. $\chi_1^2 \langle \chi_2^2$. 0,004083 ‹ 5,99

Көрсетілген мәнділік деңгейінде топтардың айтарлықтай статистикалық айырмашылығы жоқ, яғни топтар зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін жарамды деп есептеледі.

Келесі кезекте арнайы жасалынған сауалнамаға тоқталсақ. Бұл сауалнама сұрақтары жоғарыда талданған креативті тестілерден (Д.Гилфорд, Д.С. Джонсон, Е.Туник, Е. Торренс т.б.) және зерттеу жұмысымыздың тікелей тақырыбы бойынша жүйеленді.

Сауалнама негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Сауат ашу әдістемесінің» жаңа қырларын білуге деген ынтасын, дайындық деңгейі, жалпы қазіргі кезеңдегі бастауыш сынып мұғалімі мамандығын таңдаған жастардың арасындағы орын алған тұрақты қандай да бір үрдіс (тенденция) болуын анықтайды.

Кесте 12 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілін анықтауға бағытталған сауалнаманың сандық және сапалық көрсеткіштері

| Сауалдар | ЭТ - 81 студент | | | | БТ - 79 студент | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | ӨЖД | ЖД | ОД | ТД | ӨЖД | ЖД | ОД | ТД |
| | Келісемін | Ойлану керек | Келіспеймін | Білмеймін | Келісемін | Ойлану керек | Келіспеймін | Білмеймін |
| | п/% | п/% | п/% | п/% | п/% | п/% | п/% | п/% |
| Бастауыш сыныпта барлық пәндерді креативті әдістеме негізінде оқыту идеясымен келісесіз бе? | 16<br>19,75% | 16<br>19,75% | 12<br>14,81% | 37<br>45,8% | 14<br>17,75% | 17<br>21,5% | 15<br>19% | 33<br>41,7% |
| «Сауат ашу әдістемесі» онсыз да креативті идеяға толы | 15<br>18,51% | 25<br>30,9% | 13<br>16% | 28<br>34,6% | 16<br>20,3% | 23<br>29,1% | 13<br>16,5% | 27<br>34,1% |
| Бастауыш сынып мұғалімдерінің барлығының креативті құзыреттілігін қалыптастыру жұмысы қолға алыну керек: курстар өткізу керек, әдістемелік құралдар, тәжірибелер таратылып кітаптар жазылуы керек т.б. | 28<br>34,6% | 34<br>42% | 7<br>8,6% | 12<br>14,8% | 30<br>38% | 30<br>38% | 9<br>11,4% | 10<br>12,6% |

12-кестенің жалғасы

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазіргі заман балалары ақыл-ойы дамыған ақпараттық-коммуникациялық технологияны меңгерген, сондықтан мұғалімдер балалардың креативтілігінен артта қалмауы керек | 30<br>37% | 30<br>37% | 15<br>18,6 % | 6<br>7,4 % | 28<br>35,5 % | 29<br>36,7 % | 12<br>15,2 % | 10<br>12,6 % |
| «Сауат ашуды» оқыту үдерісі барлық уақытта мұғалімдердің креативтілігімен жүзеге асырылып келеді. | 31<br>38,3 % | 18<br>22,2 % | 10<br>12,4 % | 22<br>27,1 % | 29<br>36,7 % | 19<br>24% | 11<br>13,9 % | 20<br>25,4 % |
| «Сауат ашуды» оқыту бойынша оқу бағдарламасында креативті әдістеме жеткіліксіз қамтылған | 23<br>28,4 % | 23<br>28,4 % | 17<br>21% | 18<br>22,2 % | 23<br>29,1 % | 25<br>31,6 % | 15<br>19% | 16<br>20,3 % |
| Арнайы дайындық не курс оқу қажеті жоқ, әріптестерден креативті оқыту әдістерінің элементтерін көрсем, соларды жайлап үйрене беруге болады | 6<br>7,4 % | 9<br>11,1 % | 41<br>50,6 % | 25<br>30,9 % | 9<br>11,4 % | 9<br>11,4 % | 37<br>46,9 % | 24<br>30,3 % |
| Мен креативті әдістерді әрдайым іздеп, сабағымда қолданып жүремін / қолдануға тырысамын | 6<br>7,4 % | 10<br>12,4 % | 29<br>36 % | 36<br>44,4 % | 9<br>11,4 % | 9<br>11,4 % | 25<br>31,6 % | 36<br>45,6 % |
| Бастауыш сыныптарында оқытудың креативті әдістемелері туралы жүйелі материалдар аз болғандықтан, қиындықтар туындайды | 38<br>47 % | 38<br>47 % | 2<br>2,5 % | 3<br>3,7 % | 40<br>50,6 % | 38<br>48,1 % | 1<br>1,2 % | 1<br>1,2 % |




Сурет 22 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілін анықтауға бағытталған сауалнаманың диаграммасы

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілін анықтауға бағытталған сауалнама бойынша нәтижелерінің ортақ

көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «келісемін» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 26,5%; «ойлану керек» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 27,9%; «келіспеймін» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 20%; «білмеймін» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 25,6 %-ды; құрайды.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтілін анықтауға бағытталған сауалнама бойынша нәтижелерінің ортақ көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «келісемін» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 27,8%; «ойлану керек» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 28%; «келіспеймін» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 19,3%; «білмеймін» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 24,9 %-ды; құрайды.

Білімалушылардан алынған сауалнаманың нәтижелері бастауыш оқыту үдерісінде креативті әдістердің қолдануы қаншалықты дәрежеде және мұғалімдердің осы мәселеге деген көзқарасын көрсете алды. Бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі айқын болмаса және толыққанды жүйеде қалыптаспаса, ондай мұғалім оқушылардың креативті қабілетін дамыта ала ма? Осындай мәселенің шешімі болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлау барысында креативті құзыреттілігін арнайы курс жүргізу арқылы қалыптастырудың қажеттілігі мен маңызын алға қою арқылы анықталады. Ал бастауыш сыныптарында оқытудың креативті әдістемелері туралы жүйелі материалдар аз.

Түйіндей келгенде, бастауыш сынып мұғалімдері пәндерді оқытуда креативті әдістерді қолданудың біртұтас жүйелі әдістемесін қажет етеді деп айтуға болады. Ол үшін қазіргі жоғары оқу орнындағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде осы мәселенің шешімін табу керек және үзбей дайындық курстарын өткізіп отыру керек. Ең бастысы, арнайы креативті бағытта оқыту әдістемелік жүйелерін қалыптастырып, оқу үдерісіне енгізу жолдарын қарастыру керек. Жоғары оқу орнында креативті құзыреттілігі қалыптасқан маман мектепке келгенде креативтіліктің жоғары деңгейімен кәсіби қызметін жаңа сапалық деңгейге көтере алады. Ал студенттер креативті әдістеменің негіздерін үйрену арқылы бастауыш сынып оқушыларының креативті қабілетін дамыта алады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде жүргізілген жұмыстар келесі кезеңнің – **оқыту кезеңінің** көптеген қырларын толықтыруға мүмкіндік берді. Арнайы курс бағдарламасы қайтадан қаралып, дидактикалық қосымша материалдар жүйесі жан-жақты толықтырылды.

Анықтау кезеңіндегі эксперименттік және бақылау топтарының деңгейлерінің арасында үлкен алшақтық байқалмады.

Ол жаңа түзілімдерге студенттердің креативті, шығармашылық іс-әрекетке дайын болуы, креативті құзыреттіліктің тек мұғалім кәсібінде ғана емес, жеке тұлғаның өмірінің барлық саласында қажетті екенін саналы түсінуі, осындай саналылық негізінде креативті құзыреттіліктің қалыптасуы дегеніміз – студенттің болашақ мұғалім қызметіндегі жаңа биік деңгейдегі маман ретінде қалыптасуы екенін түсінуі жатқызылады.

Ал кесінді тапсырмалар орындату арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «Әліппені» оқытуда шығармашылық іс-әрекетке қаншалықты дайын екені, жеке тұлғаның креативтілігі, ол жеке тұлғаның креативті қабілеттерін дамыту маңыздылығы мен қажеттілігі анықталады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері сауат ашу үдерісінде оқушыларды әріп пен дыбысты меңгеруге, оқу мен жазуға үйрететіні белгілі.

Бірақ оқу түрлері мен жазу түрлерін шығармашылық бағытта оқыту әдістерін арнайы мектепте де үйренбегендіктен, жоғары оқу орнында креативтілік бағытта оқыту әдістерін қолдану арнайы жолға қойылмағандықтан, бұл жерде анықтаушы кезеңде танылған нәтижелерге ғана сүйене отырып, мәселені тек арнайы құрылған әдістемелік жүйе, элективті курсты оқыту арқылы ғана шешуге болатыны айқындалады.

Сонымен қатар, тек сауат ашуға үйрету үдерісінде ғана емес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің университетте меңгеріп жатқан барлық пәндерімен тығыз байланыс жасай отырып, жеке тұлғаның кәсіби креативті құзыреттілігін қалыптастыру жолын қарастыру, сол арқылы бастауыш білім беру бағдарламалары кәсіби даярлау бөлімінің профессор-оқытушы құрамының ынтымақтастығы мен оқу мақсаттарының креативті құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты өзара келісімі жүзеге асырылады.

Сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудағы тәжірибелік-эксперимент жұмысының құрылымдық-мазмұндық болмысы сипатталды. Тәжірибелік-эксперименттің өтуінің нақты үдерісі келесі тармақтарда беріледі.

## 3.2 Сауат ашуға үйрету үдерісініде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жүзеге асыру

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесіне қойылатын маңызды педагогикалық талап – білім беру үдерісінің үздіксіздігі, сабақтастығы. Сонымен бірге студенттердің күнделікті оқу ортасына белсенді шығармашылықты енгізіп, оны студенттердің өз бетімен басқаруына дағдыландыру талабы да қойылады.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының *қалыптастырушы кезеңінде* зерттеудің болжамы нақтыланып, сауат ашуға үйрету үдерісінде креативті құзыреттілігі қалыптасқан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің моделін анықтаудың және сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары негізделеді. Элективті курстың негізінде студенттерді әдістемелік және теориялық тұрғыдан дайындау болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптасуын қамтамасыз етеді.




Сурет 23 – Тәжірибелік-эксперимент жұмысының қалыптастырушы кезеңі

Осы кезеңде келесідей міндеттерді шешу қажет деп белгіленді:

– «Сауат ашу әдістемесімен» байланысты арнайы дидактикалық, әдістемелік оқу материалдарын сұрыптау;

– «Сауат ашу әдістемесінде» болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыретілігін қалыптастырудың теориялық негіздерін оқу материалы ретінде іріктеу;

– «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курстың жұмыс бағдарламасының композициясын құру, оқу материалдарының мазмұнын жүйелеу;

– элективті курстың дәріс, семинар сабақ, өз бетімен жұмыс, жоба орындау сияқты формалары мен әдіс-тәсілдерін, құрал-жабдықтарын анықтау;

– тәжірибелік-эксперимент жұмысына қатысушы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің мектеп мұғалімдерімен, мектеп оқушыларымен қарым-қатынас жасау тәсілдері анықталды;

– «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курсты және әзірленген дидактикалық-әдістемелік қорды оқу үдерісінде сыннан өткізу.

Зерттеу барысында жүргізілген ғылыми әдебиеттер мен еңбектерді, тәжірибелерді талдау барысында анықталғандай, «Сауат ашу әдістемесі» бойынша креативті, шығармашылық бағытта оқытуға арналған оқу бағдарламасы, арнайы дәрістер мен семинар тақырыптары, жоба жұмыстары, өзіндік жұмыстар тақырыптары болмауы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру ісіне қиындық келтіреді.

Көптеген жоғары оқу орындарында қолданылып келе жатқан «Сауат ашу әдістемесін» талдау барысында барлығында дерлік, бірыңғай дәстүрлі қатаң дидактикалық ұстанымдар мен әдістер қолданылуы жолға қойылғандықтан, мұғалім шеберлігін шыңдаудың ең тиімді жолы болып табылатын креативтілік пен шығармашылық туралы сөз ету мүмкін де болмай келгені танылады.

Элективті курстың мазмұнында қамтылған креатив, креативті құзыреттілік, шығармашылық, креативті оқыту әдістері туралы арнайы дәрістер жүйесі – студенттер үшін сауат ашу үдерісін креативті бағытта ұйымдастыра білуге үйрететін барлық сабақтардың әдіснамалық және ұйымдастырушылық негізі.

Элективті курстың дәрістер блогы – сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың өзегі, өйткені дәрістер өзінің табиғатына сай, бұл жерде де ғылыми, тәрбиелік және дүниетанымдық функцияны атқаратыны белгілі.

Осылайша, жүйеленген дәрістер жүйесі «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курстың барлық семинар сабақтарының, өзіндік жұмыстарының теориялық негізі және креативті құзыреттілігі қалыптасуының мотивациялық-тұлғалық, құндылық құраушысы болып табылады.

Креативті құзыреттіліктің когнитивтік, рефлексивтік, шығармашылық құраушыларын қалыптастыру элективті курстың белгіленген семинар сабақтарында, өзіндік жұмыстар орындатуда жүзеге асырылады.

Барлық семинар сабақтары студенттердің дәріс тыңдау барысында алған білімін нақты креативті оқу міндеттерін шешуге қолдануға дағдыландыру бағытында ұйымдастырылып өткізіледі.

Семинар сабақтарды жүргізу болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін «Сауат ашу әдістемесін» жаңа қырынан тануына, жаңа инновациялық идеяларды, креативі-шығармашалық әдістерді еркін және орынды қолдануына, креативті тапсырмалар табиғаты туралы білімін тереңдетуге, кеңейтуге, нақтылай түсуге, соның негізінде кәсіби дивергентті ойлауы дамуына мүмкіндік береді. Сауат ашуға үйрету үдерісінде бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда тек аудиториялық қана емес, аудиториядан тыс жұмыстың өзіндік арқалайтын педагогикалық жүктемесі болады. Студенттердің өзі бетімен орындайтын жұмысын элективті кустың жұмыс бағдарламасына енгізу де креативті құзыреттілікті қалыптастыруда аса қажет.

Өйткені бұл жерде креативті құзыреттілік дегеніміз – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің болашақ кәсіби қызметінде «Әліппені» оқытуды нақты жоспарлап, тиімділікпен жүзеге асырып, қажетті жағдайда өз бетімен оңтайландыра алатын және барлығын жауапкершілікпен орындауға дайындығы.

Студенттердің «Сауат ашу әдістемесінде» осы кезге дейінгі барлық басқа педагогикалық пәндерден меңгерген білімі мен дағдыларына сүйене отырып және әрине, ең бастысы, курстың мазмұнын меңгере отырып, өз бетімен ізденіс жұмыстарын орындауға деген белсенділігін жоғарылату элективті курстың көздеген мақсаты екені белгілі.

Өйткені студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары оларға жаңа білімдік мақсаттарға қол жеткізуіне сенімді тірек болады. Ондай сенім, өз

кезегінде білім алу үдерісінде кейін қызмет ету барысындағы өз бетімен білім алуы барысындағы мотивациясы мен рефлексиясын жоғарылатады.

Студенттердің өз бетімен орындайтын жұмыстары, шын мәнінде элективті курсты оқытуда немесе креативті құзыреттілікті қалыптастыру үдерісінде көптеген міндеттерді шеше алды.

Атап айтқанда, жоба жұмысын орындау тәсілдері мен оны үйрету жолдарын, шығармашылық іс-әрекет табиғаты мен оған үйрету әдістерін, репродуктивті қабылдаған білім мазмұнына продуктивтік деңгейде жаңа түсінікпен, жаңа оқу әрекетін орындау арқылы жаңа қырынан тануға, кәсіби қызметінде «Сауат ашу әдістемесін» меңгеруде креативтілікпен, шығармашылықпен оқытуға бейімделуге, құндылық және практикалық қырларының сәйкестілігі сақталған рефлексиялық функция атқаруға; «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесі» атты элективті курсты ұйымдастыруда студенттер орындайтын жобалардың ерекше орны бар екенін атап өту керек.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін жоба ретінде түрлі креативті мазмұндағы әріптер мен дыбыстар туралы түсінік қалыптастыруға арналған сабақтардың, оқу мен жазу түрлерін меңгертуге арналған сабақтардың сценарийлері, басқа да түрлі креативтік, шығармашылық мазмұндағы жабдықтар мен көрнекіліктер алынады. Жоба әдісі арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне болашақ креативті құзыреттілігін жетілдіріп отыру мүмкіндіктері де кеңейе түседі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін сауат ашу үдерісі барысында қалыптастыруда зерттеу негізінде жүйеленіп, әзірленген авторлық әдістемеміз бен инновациялық технологиялар қолданылды. Студенттер арасында пікірталастар жүргізу, креативті, шығармашылық шеберлік сыныптарын ұйымдастыру, түрлі шығармашылық лабораториялар құру арқылы өзара жаңа деңгейдегі қарым-қатынас орнатылды.

Осы қалыптастырушы кезеңнің маңызды тұсы бар. Ол дәл осы кезеңде теориясы зерттеліп, негізделген, элективті курс ретінде дайындалған әдістемелік жүйесі іске қосылып, креативті құзыреттілікті құраушы компоненттерін белсендіру мүмкіндігі туындайды.

Ұсынылатын әдістемелік жүйені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үдерісінде тәжірибелік-эксперименттен өткізе отырып, қалыптастыру мақсат болып отырған креативті құзыреттілікті құраушы мотивациялық-тұлғалық, құндылық, когнитивтік, рефлексивтік, шығармашылық компоненттерін белсендіру жүргізіледі. Сонымен қатар, бастауыш сынып мұғалімінің педагогтік құзыреттілігін қалыптастыру да қатар жүретіні белгілі. Бұл кезеңдегі алға қойылған мақсатқа жетуде арнайы әзірленген кешенді креативті тапсырмалар жүйесі қолданылады.

Ал оқыту үдерісі мынадай бағыттарда жүргізілді:

– Абай атындағы ҚазҰПУ «6В013-Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау» бағыты бойынша бойынша оқып жатқан бакалавр-студенттерге тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жүргізу;

– «Сауат ашу әдістемесі» курсының мазмұнын зерттеу тақырыбының бағытында қайта құру, жетекші идеясы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативтік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» тақырыбындағы элективті курстың жұмыс бағдарламасы негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған «элективті курс» жүргізіп, жұмыс бағдарламасын тәжірибеде тексеру;

– студент-бакалаврлардың педагогикалық практикасында бастауыш сынып оқушыларына арналған кешенді креативті тапсырмалар жүйесін құру.

Келесі кезеңде, яғни тәжірибелік-эксперимент жұмысының *бақылау кезеңінде* сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасқандығын диагностикалау жүргізіледі.

Бұл кезеңдегі, яғни болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасқандығын бағалаудағы маңызды құраушы студенттердің креативті құзіреттілігін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштерінің көзделген мақсат үдесінен шығуы болуы табылады.




Сурет 24 –Тәжірибелік-эксперимент жұмысының бақылау кезеңі

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігінің деңгейін бағалау үшін әзірленген әдістемелік құралдарымыз суретте көрсетіліп отыр. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасуы үдерісі жөнінде тұтас түсінік болуы үшін студенттердің бр деңгейден екінші деңгейге, бір кезеңнен екінші кезеңге өту жолдары және олардың ерекшеліктері белгіленіп отырды. Бірақ ол сандық тұрғыдан ғана. Әрине, сапалық тұрғыдан нақты сондай айқын белгілеу мүмкін болмағанын, шартты түрде екендігін атап кетеміз.

Креативтілікті қалыптастыру мен дамыту әдістемелеріне шолу жасауда креативтіліктің түрлі қырларын дамыту әдістемелерін қарастырамыз. Креативтілікті қалыптастыру бағытындағы бірқатар зерттеулер жеке тұлғалық ерекшеліктердің орнына баса орын береді және олардың қатарында Ф.Барронның, Д.Эрктың әдістемелерін атауға болады. Креативтілікті дамытуда шығармашылық тапсырмалардың тестілік жағдаяттар формасын қолданудың әсерін қарастырған Э.Гетцельстің, Ф.Джексонның әдістемелерінің де

ерекшеліктері мол. Креативті-шығармашылық әрекет жүйесіндегі эмоциялық фактордың орнын қарастырған А.Ф. Осборнның әдістемесі де тиімді әдістерге толы.

Креативтілікті дамытуда әлемге танымал болған бірқатар әдістемелік жүйелер мен оқыту технологияларына тоқталып өтудің қажеттілігі үлкен. Өйткені ол әдістемелік жүйелер мен технологияларды мектепте де, жоғары оқу орындарында да, біліктілікті жетілдіру курстарында немесе кәсіби семинарлар мен вебинарларда қолдану жиілігі өте жоғары екендігі байқалады. Себебі де айқын, ол жүйелердің ерекше идеялар ойлап табуға, бұрыннан белгілі мәселелерді шешуге жаңа қырынан келуге, жаңалық ашуға серпін беретін мүмкіндіктері мол [168].

Бірақ бұл әдістемелік жүйелер қатып қалған алгоритмдік қадамдардан тұрмайды, керісінше, шығармашылық ой туындауы үшін сан қырлы спектрлі шешімдерді туындатып, соның ішінен нақ белгілі бір жағдаятқа қажеттілігін таңдауға үйретеді. Ендігі ретте осы креативті әдістемелік жүйелердің болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті жекелеген ерекшеліктерін және ол жүйені құрайтын негізгі дидактикалық тетіктерін (механизм) талдау арқылы ортақ түйінін анықтау керек болады.

Креативті әдістемелердің ішіндегі **«Миға шабуыл»** әдісі қазіргі уақытта тіпті, оқу технологиясы ретінде кең таныс екені белгілі. А.Осборнның 1942 жылы жарық көрген «Қалай ойлап табамыз?» атты кітабында алғаш рет «ми шабуылы» әдісі сипатталған болатын [169].

Бұл әдістің ерекшелігі студенттерге талқылауға бір проблемалық жағдаят беріліп, олардың шығармашылық белсенділігін түрлі жолмен ынталандыра отырып, мәселені шешудің оперативтілігін мүмкін ете алуымен танылады. Студенттер мәселені шешудің көптеген жолдарын, тіпті ол қияли-шығармашылық деңгейде болса да, ұсынуына рұқсат етіледі. Соңынан ол ұсынылған шешім түрлерінің ішінен шынайы практикада қолдану мүмкіндігі үлкен ұсыныстар таңдап алынады. Бұл әдіс туралы педагогикалық эксперимент барысында кең тоқталатын болғандықтан, бұл жерде кең талдау жүргізілмейді.

Алдыңғы тармақта латералдық ойлау туралы қысқаша тоқталып өткенбіз. Ойлаудың **«Алты қалпақ»** әдісін Эдвард де Боно ақпаратты практикалық ойлау арқылы игерудің қарапайым және креативті тұрғыдан сенімді әдіс деп сипаттайды.

Бұл «Алты қалпақ» әдістемесі рөлдік ойын арқылы жүзеге асырылады. Түрлі «қалпақты» киe отырып, студент түрлі рөлге енеді, сөйтіп, өзіне және алға қойылған мәселегі сырт көзбен қарауға үйренеді, мәселені түрлі қырынан танып-білуге ұмтылады. Әрбір қалпақ мәселеге қарайтын түрліше ракурстың рөлін атқарады. Студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда осы әдістемені қолдана отырып, олардың автоматты ойланып айта салудан бұрын, арнайы белгілі бір көзқарасты ұстана отырып, белгілі бір рөл тұрғысынан ойын әдейі білдіруге дағдыландыру жүргізіледі. Бұл жерде студентті бірден рөлге «ендіре салудың» да оңай емес екенін айтып кету керек.

Десек те, күнделікті таптаурын болған жауыр ойлардың құрсауынан шығу керектігі және мәселеге бір ғана емес алты көзқарас тұрғысынан қарап, оған пікір айтуға дағдылану арқылы мәселені жан-жақты танып-білу және өзі үшін жаңа қырларды ашу керектігі алдын ала түсіндірілуі тиіс. Шаблонды, көшірме ойдан шығып, креативті ойлауға дағдылану жолына түсу үшін студенттерге болашақ мұғалім кәсібінде де осы әдістемені қолдану ыңғайын университет қабырғасында танып-білуі керек.

Э.де Бононың «Алты қалпақ» әдістемесі ақпаратпен жұмыс жасауда қажетті бірқатар маңызды дағдыларды үйретуді мақсат етеді, атап айтқанда, ақпаратпен жұмыс жасау, мүмкіндіктер мен пайдалы жолдарды табу, интуициясын (ішкі түйсік) пайдалана білу, алға қойылған мәселеге сын көзбен қарап талдай білу, шығармашылық идеяларды туындату, өзінің ойлауын ұйымдастыра білу [170].

Креативтілікті қалыптастыру мен дамытуға байланысты табысты нәтижелерге ие болған әдістеменің бірі ретінде Р.Крачфилдтің **«Креативтілікті дамыту жүйесін»** атауға болады. Ол білім беру үдерісінде креативтілікті дамыту мәселесі бойынша 1966 жылы атақты «The Productive Thinking Program. Brazelton» кітабы мен 1973 жылдары осы мәселеге байланысты «Creativity: Theory and Recearch» атты мақаласын жариялайды [171].

Бұл еңбектерінде Р.Крачфилд шығармашылық тапсырмаларды автоматтандырып оқыту бағдарламасын жасау арқылы түрлі жолдардың шешімін күтпеген жерден таба білу дағдыларын қалыптастыруды көздейтін әдістеме ұсынды. Және ол әдістемеде, қатысушыларды, алдымен, көптеген ұсыныстарды ойлап табуға дағдыландыру маңыздылығы айқын көрсетілген.

Осындай креативтілікті қалыптастыру және дамытуға бағытталған әдістемелердің қатарында американдық Харрис Оуэн авторы болып табылатын «**Open Space» атты креативтілікті дамыту технологиясын** алуға болады. Бұл жүйені қолданудың басты мақсаты ретінде автор адамдардың өзінің ішкі жан-қуатының ресурстарын тірек ете отырып, стратегиялық жоспарлау техникасын меңгеруін атап көрсетеді.

Сол техника мен әдіс-тәсілдер жүйесін меңгеру арқылы адам өзін-өзі дамытудың тиімді әрі жайлы жолын құрай алады. Жан-жүниесінің қуат көзін танып, оны аша алған адам әлемді ғана емес, өзін де шығармашылық кеңістік ретінде бағалайды, соған сүйеніп, жаңа көкжиектерді ашады, онда күтіп тұрған істерді креативтік тұрғыдан бағалай отырып, шешілуі тиіс міндеттерін де креативтік тұрғыдан реттеуге ұмтылады. Бұл технологияның басты ерекшелігі – креативті құзыреттілікті қалыптастыру тек дұрыс адамдардың яғни өз ісіне жаны ашып, жауапкершілігін түсініп және өз мойнына алып, даму жолымен жүруге дайын адамдардың үлесіне берілетіндігі [172].

Біздің ойымызша, осы Open Space жүйесі қазақ халқының тарихында үлкен орын алған «Алқа билердің кеңесі» формасына өте ұқсас келеді. Студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда Харрис Оуэннің осы әдістемесін де қолдану тиімді болады. Өйткені оқушылармен жұмыс жасауда да, мұғалімнің өз әріптестерімен біліктілігін жетілдіру бағытындағы пікір

алысу сияқты шығармашылық жұмыстарында да бұл «ашық аланның» қырлары өте нәтижелі болатынын талдау барысы көрсетіп отыр .

**4К әдісі** – креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық және коммуникативтік – кез-келген салада сәтті әрекет етуге көмектесетін төрт дағды 1950 жылдары АҚШ-та пайда болды.

Жаңа мазмұнда оқытуда жүйелік ойлау болашақтың ең қажетті дағдыларының бірі деп есептелінеді, ал жүйелік ойлау көбінесе 4К тұжырымдамасымен байланысты: бұл креативтілік және ақпаратты сыни бағалау қабілетінсіз мүмкін емес.

4К қалай жаттықтыруға болады? Жеке-жеке тоқталып кетсек:

*Креативтілік* бойынша:

– Квест. Квест кезінде білімалушы іс-қимыл стратегиясын ойластырып, деректердің жетіспеушілігімен таңдау жасап, стандартты емес ойлауды қажет ететін сұрақтарға жауап береді.

*Сыни ойлау бойынша:* Бұл талдау, бағалау, рефлексия жасау қабілеті. Баланы оның сезімдері мен іс-әрекеттері туралы ойлауға, қателіктермен жұмыс істеуге, сәттілік компоненттерін талдауға шақыруға болады. Мысалы, егер ол бақылауды сәтті тапсырса, тақырыпты зерттесе, презентация дайындаса, оны осы нәтижеге не әкелгені туралы ойлануға шақыру керек: *қандай әдістер жұмыс істеді, қайсысы жоқ, оган не көмектесті және не кедергі келтірді?*

*Коммуникация бойынша:* келісу, өз көзқарасыңызды дәлелді қорғау, достықты немесе ынтымақтастықты жалғастыру үшін байланыс орнату мүмкіндігі коммуникативті құзыреттіліктің ең аз жиынтығы болып табылады.

*Сұрақтар.* Сұрақ қою мүмкіндігі – ынтымақтастық пен қарым-қатынастың өте маңызды бөлігі. Студенттер белгілі бір тақырып бойынша мүмкіндігінше көп сұрақтар қоюы шарт. Сұрақтарды түрлендіріп, ашық, жабық немесе Блум түймедағын қолданады. Дәл осы жаттығуды бүкіл аудитория жасай алады: тақырыпты таңдап, әр қатысушы сұрақтар қойып, оларды кезекпен айтады, содан кейін барлық қатысушы ең жақсы сұрақты таңдайды.

*Коллаборация* (ынтымақтастық). Бұл жалпы мақсатты және оған жету жолдарын анықтау, рөлдерді бөлу және нәтижені бағалау мүмкіндігі. Шынында да көптеген міндеттерді жалғыз шешу мүмкін емес, тым көп ақпарат, тым тез шешім табу керек. Бірақ командалық ойыншы болу, жалпы нәтижеге жету, өз рөліңді түсіну және өзіңнің ортақ іске қосқан үлесің – бұл өте күрделі шеберлік

XXI ғасыр дағдыларын әркім өздігінен сәтті дамыта алады. Ең бастысы – ниет пен табандылық. Қарапайым өмірде 4К теориясы мен практикасын төмендегі іс-шаралар арқылы игеруге болады:

– мектептен тыс қызмет: үйірмелер, секциялар, іс-шаралар, волонтерлік;

– ментворкинг- әріптестер арасында дағдылармен алмасу, бір мезгілде үйрету және үйрену қабілеті;

– тақырып бойынша әдебиеттермен танысу [173].

*Миға шабуыл.* Бұл әдіс дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі және ұжымда жұмыс істеуге үйретеді. Білімалушының болашағына және оның кәсіби бағдарына байланысты маңызды мәселелерді шешу үшін ми шабуылын

қолдануға болады. Мысалы, сіз «Бастапқы оқу мен жазуға үйрету» тақырыбында ми шабуылын ұйымдастыра аласыз. Студенттер бірлесіп, әркім осы тақырыпты оқытудың тиісті әдіс-тәсілдері мен тәжірибесі туралы айтып берсін. Содан кейін талқылау жүргізіп, бәріне перспективалы болып көрінетін әдістерді таңдаңыз деп айта аласыз. Бұл әдісті жеке немесе онлайн режимінде жүргізуге болады

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінде Г.С. Альтшуллердің **ТРИЗ** – өнертапқыштық есептерді шығару теориясының әдістерін қолданудың тиімділігі де зор болады деп саналады. Өйткені, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сауат ашу үдерісінде түрлі креативті әдістерді қолдану арқылы ерекше шешімге келудің көптеген жолдарын үйренуі қажет болатыны белгілі.

ТРИЗ – креативтіліктің, шығармашылықтың ғылыми технологиясы боп саналады. Студенттерге ТРИЗ технологиясының ерекшеліктерін түсіндіре отырып, оның ғалымдар көрсеткен бес деңгейін меңгерудің жолдарын қарастырылады [174].

ТРИЗ бойынша креативтіліктің, шығармашылықтың бірінші деңгейін меңгерту барысында студенттер болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде сауат ашудың дәстүрлі әдістемесін қолданып бастайды. Сырт көзге қарағанда, ештеңе өзгермеген сияқты болады.

Дегенмен студенттерге, болашақ мұғалімдерге, бастауыштағы сауат ашудың психологиялық-педагогикалық міндеттерін шешуде жаңа жолдарды тікелей өзінің мамандығына үңіле отырып тауып алуы тиіс. Бұрынғы дәстүрлі әдістердің не өзара тіркесімін өзгерту немесе қайсысы жақсы нәтижеге қол жеткізуге кедергі жасайтынын анықтау аса маңызды болып табылады.

Креативтік пен шығармашылықтың екінші деңгейін меңгеруі барысында студенттерге, болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде, «Әліппені» оқытуға бірнеше жаңа әдістерді енгізу керектігі үйретіледі. Бұл тұста, егер жаңа әдістер қосылатын болса, онда оқу курсының бір ғана тарауына қосу керектігі маңызды екендігі ескеріледі. Өйткені бірден барлық тарау мен тақырыптарға енгізу қателіктерге әкелуі мүмкін. Бұлай жасау арқылы дәстүрлі әдістердің нақты осы тарауға байланысты қолданылуындағы кейбір қайшылықтарды жою мүмкіндігі туады.

Г.С. Альтшуллердің көрсетуінше, осы көрсетілген бірінші және екінші деңгейдің қажеттілігі және маңыздылығы сонда, осы деңгейлерде ойлау, креативті шешім қабылдаудың шеберлік қырлары ұшталып, айқындала түседі.

Креативтіктің, шығармашылықтың үшінші деңгейінде оқу нысанына маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Солай етіп, «Әліппені» оқытудың дәстүрлі жүйесін барынша жаңалап дамытуға бағыттайды.

Осы тұста, «Сауат ашу әдістемесінің» нәтижелі болуы үшін басқа ғылымнан қажетті мазмұн мен амал-тәсілдерді алу керектігіне назар аударамыз. Осы деңгейде жалпы «Әліппені» оқыту үдерісіндегі қайшылықтар анықталып, оларды жою міндеттері шешіледі.

Төртінші деңгейінде сауат ашудың өзекті буындарына молынан өзгерістер және жаңа әдістер мен амалдар жүйесі қосылады. Осылай, ол маңызды тақырыптарды оқыту ұстанымдары жаңарып, қайта өзгеріп, тіпті өзара жақын емес деп саналатын ғылымдармен байланысқа түсу мүмкіндігі ашылады.

Мысалы, Әліппе сабақтарында тек тіл мен әдебиеттің ғана емес, математика мен сурет салудың әдістерін пайдалануға болады. Бұл әдістерді қолдану арқылы танымдық әдістердің ортақ жүйесін меңгерту жүзеге асырылады. Солай әр жекелеген пәндердің өзара қайшылығын жойып, біртұтас дүниетанымдық көзқарас қалыптастыруға тірек жасайды. Бұл, яғни төртінші деңгейде адамның терең жатқан мүмкіндігінің әрекет ету тетіктері іске қосылады деп айтуға болады.

Ал бесінші деңгейге келсек, мұнда бұрын қолданыста мүлде дерлік болмаған жаңа бұйым жасалуымен байланысты үдеріс өтіледі. Бұл деңгей барлық студенттердің, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қолы тез жете алатын деңгей деп айту қиын.

Өйткені, бұл деңгей Г. Альтшуллердің өзі айтқандай, «таңдаулылар деңгейі». Бірақ арнайы курста бұл деңгейдің ерекшеліктері мен қолдану тәсілдемесін түсіндіру, меңгерту міндетті болып саналады. Бұл деңгейде адам өзінің санасында, бойында бар деп ойламаған мүмкіндіктері көрініс табуы да мүмкін. Осы деңгей арқылы бастауыш сынып мұғалімі, «Әліппені» оқытудың мүлде жаңа жүйесін ойлап табуы да мүмкін. Ал, түптеп келгенде, бесінші деңгейде жасалатын нәтижелер – бұлар өркениеттің негізі.

Осында көрсетілген бірінші және екінші деңгейлерде болашақ мұғалімдер көптеген нұсқаларды салыстыра отырып, тиімді креативті әдістеме жасай алады. Ал үшінші деңгейге өткен соң, мұғалім «Әліппені» оқытудың мыңдаған тәжірибесін талдап-тануы арқылы ғана креативті авторлық әдістеменің негізін құрай алатын болады. Бұл жерде студенттің талабы да, білімі де, педагогикалық шеберлігі де – барлығы бір нүктеде тоғысып келіп, талантты мұғалім екенін танытады. Еңбегі жүз пайыздан бірі ғана кем дәрежеге жеткен адам ғана талант деп аталатыны белгілі.

Сонымен, ТРИЗ (ӨЕШТ) технологиясы ғылыми негізделген және үшінші не төртінші деңгейде жұмыс жасауға мүмкіндік беретін креативтік, шығармашылық технология.

Бесінші деңгейге сирек адамдар ғана өте алғанымен, болашақ сол деңгейде жұмыс жасайтын адамдардікі деп осы технологияның авторы Г.С. Альтшуллер атап өтеді.

Өйткені адамның шығармашылық, креативті белсенділігі шектеу дегенді білмейді [175]. Қазақстандық білім беру жүйесінде ТРИЗ креативті, шығармашылық жүйеде оқыту мәселесі біршама қарастырылып келеді.

Келесі қарастыратын **«Менталды» карталар**» деп аталатын әдістемелік жүйенің өзіндік ерекшелігі сонда, ол адамның ділімен (ментальность) байланысты болғандықтан, есте сақтауға көбірек бетбұрыс жасап тұрады. «Менталды карта» технологиясының авторы Тони Бьюзеннің айтуынша,

креативті үдеріс адамның есте сақтау қабілетімен (ес пен жады) тығыз байланысты [176].

Т.Бьюзеннің менталды карталары немесе интеллектуалды карталарын байланыс диаграммалары, интеллект картасы, ассоциативтік карта деп те атайды.

Бұлардың мақсаты – сызбалардың көмегімен жалпы жүйелі ойлаудың барысын суреттеу. Жазудың графикалық әдістері оқыту барысында барлық уақытта қолданылып келгені белгілі. Бірақ менталды карта идеясы адамның жанды ойлау үдерісінің көрінісін адамның көз алдына әкелуге арналады.

Байланыстар диаграммасы ретінде менталды карталар ағаштың кескінінде суреттеліп, әрбір жаңа ой мен жаңа идеяның орталық идеядан не ойдан тарау жолын көрсетеді.

Сөйтіп, «MindMap» яғни менталды карта, біртұтас үлкен ойды бірден қабылдауға мүмкіндік береді. Ал жазба мәтінді бірден көру арқылы қабылдау мүмкін болмас еді. Сонымен, «майндмэппингті» болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінде қолданудың мүмкіндігі мен өзіндік орны бар деп ойлаймыз. Өйткені бұл әдістеменің ыңғайлы және ойлаудың ерекшеліктерін визуалдандыру мүмкіндіктері студенттердің «Сауат ашу әдістемесін» түрлендіруге қосатын үлесі үлкен болмақ.

Сызбалардың көмегімен ойдың өзегі мен оның даму, өсу үдерісін көзбен көруге мүмкіндік бере отырып, студенттерді ойлау қабілетін жетілдіруге, өз ойын әрдайым жетілдіріп, айқын жеткізуге дағдыландыратын болады. Бұл студенттерді жаңа идея ойлап табуына, ол идеяларын визуалды түрде белгілеуге, ақпараттарды реттеуге және жаңа шешім қабылдауға дағдыландыру үшін қолданатын жаңаша әдістеме болып табылады.

Менталды картаны салу барысында студенттерде жаңа ассоциациялар пайда болып, салынған ағаш суреті есінде жатталып қалады. Алдағы тармақта осы, яғни менталды карта әдістемесін қолдану барысы көрсетіледі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда қолдануға болатын тағы бір тиімді әдістемені қарастырамыз. Оның атауы – **синектика**, ал әдістеменің авторы – Уильмя Гордон [177].

Оның айтуынша, креативтіктің бастау көзі – аналогияны іздеу. Аналогияны қолдану арқылы адамның жадысындағы қызғылықты және күтпеген ақпараттардың үзіктеріне ықпал етіп, жарыққа шығаруға болады. Ол ақпараттардың көбісі ұзақ уақыттық жадыда жатып, күнделікті өмірге байланысы тым әлсіз болып қалады. Синетика аналогияның 4 түрін көрсетеді, олар:

– жеке аналогия;

–тікелей аналогия;

–символдық аналогия;

–фантастикалық / қияли аналогия.

Синектиканың өткізілу фазалары келесідей деп көрсетіледі:

–мәселенің қойылымы;

–таныс емес нәрсені таныс затқа айналдыру;
–мәселенің түсінілуі;
–операциялық тетіктер;
–таныс нәрсені таныс емеске айналдыру;
–психологиялық жай-күйі;
–мәселені терең түсіну күйі;
–белгілі бір көзқарас жасау (тудыру);
–шешім табылуы немесе ғылыми-зерттеу мақсаты.

Синектика әдістемесін қолдану арқылы студенттердің аналогияны қолдану дағдысын қалыптастыруға және метафоралық ойлауын дамытуға қажетті сенімді жолдар табылады. Өйткені синектика – шығармашылық үдерісті тануға болатынына сендіретін әдістеме. Студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда оларды шығармашылық пен креативтіктің көмегімен «тылсым, танылмайтын құбылыс» деген ойдан «тануға болады және оны дұрыс реттеу орнымен іштей модификациялауға болады» деген сенімді ойға көтеріле аламыз. Гордонның айтуынша, креативті ойды табушы да, қоршаған орта да бірдей басты орында тұрады.

Гордонның әдістемесіне сүйенсек, студенттерге болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретінде «Әліппені» оқыту арқылы креативті құзыреттілігін қалыптастыруда тікелей бастауыш сынып оқушыларымен сабақ өткізе отырып, бастауыш сынып мұғалімдерімен бірге жаңа идеялар іздей отырып, креативті белсендіру арқылы ғана шынайы идеялар туындауына жол ашу дұрыс болады.

Білім беруде АКТ қолдану заман талабы болғандықтан болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-куммуникациялық технологияның қыр-сырын меңгеру маңызды. Ақпараттық технологиялар – білім беру үдерісінде біршама жетістіктерге қол жеткізетін құрал.

Білім беруде АКТ-ны қолдану мен болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай ақпараттық-коммуникациялық технологияны, электрондық оқу құралдарын, Интернет, сандық ресурстарды пайдалану білімалушылардың креативті қабілетін дамытуға жол ашады. Сабақтарда АКТ-ны пайдалану барысында студенттер алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен креативті тапсырмаларды орындайды. Мысалы: «Jamboard» тақтасы, «Core App» платформасы, «Гугл тест» пен «Гугл перезентация», т.б.

Jamboard —көпфункционалды интерактивті тақта. Jamboard-тың жұмыс беті бұл өлшемін өзгертуге болмайтын жеке слайд. Бір құжатқа 20 слайдқа дейін жасауға болады. Слайдтағы элементтерді толтыру және басқару үшін пайдаланушының бірнеше құралдары бар: қылқалам, өшіргіш, курсор, стикер, суреттер, пішіндер, мәтіндік және лазерлік көрсеткіш. Қылқалам жұмыс бетіне сурет салуға, курсор элементтерді жылжытуға және өзгертуге, стикер мәтін жазуға, орналастыруға мүмкіндік береді.

Core App – білім беру материалдарын құру және кері байланыс жасайтын, сонымен қоса электронды журнал арқылы білімді тексерудің онлайн-платформасы. Бұл – мәтінді, суретті, бейне материалды енгізуге, құжатты

тіркеуге, тест ендіруге, сауалнама ұйымдастыруға болатын платформа. Сонымен қатар, білімалушыларды бақылау және бағалау үшін басқа да құралдары бар.

Ашық сұрақ. Бұл құрал креативті тапсырманы ашық жауаппен енгізуге мүмкіндік береді. Мысалы, студент эссе жаза алады, суретті қоса алады.

Сұрақ автотексерумен. Студент егжей-тегжейлі жауаптардың бір немесе бірнеше нұсқасын таңдай алатын тапсырманы ұсыну мүмкіндігі бар.

Бос ұяшықты толтыру. Интерактивті диктантқа студент жетіспейтін сөздерді немесе әріптерді енгізеді. Жаңа технологияларды меңгеру барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімі заман талабына сай дамып отырады [178].

Студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда тұтас немесе элементтерін пайдалануға тиімді жүйе ретінде келесі қарастыратынымыз – Чарльз Вайтингтің «**НТӘ – Нысандарды тоғыстыру әдісі**» («МФО – метод фокальных объектов») жүйесі [179]. Бұл әдістің авторы ретінде кейде неміс профессоры Ф.Кунце де аталады.

НТӘ, яғни нысандарды тоғыстыру әдісіндегі басты ерекшелік – түрлі нысандарды бір заттың немесе ұғымның аясына тоғыстыру арқылы жаңа идея ойлап табу.

Бұл НТӘ студенттер үшін өте қызықты бола алады, өйткені «Әліппені» оқытуда әріптермен, түрлі сөздермен және құралдармен көп жұмыс жасайтын болғандықтан, оларды өзара ортақ байланысқа түсіру арқылы жаңа ой тауып алу, шынымен де, қызғылықты және белсенді шығармашылық ойлау үдерісі болып табылады.

Бұл әдісті қолдану қадамдары алгоритмдер түрінде анықталған және осы НТӘ-нің қолданылу логикасы келесідей модельде көрсетілді.




Сурет 25 – НТӘ-нің қолданылу үлгісі

Осындай тиімді әдістемелік жүйелердің қатарында «**Креативті жобалау технологиясы**» да қарастырылып өтіледі. Негізі жобалау технологиясының табиғаты креативті құзыреттілікті қалыптастырудың бағытымен өте жақын келеді деп айтуға болады.

Өйткені, жоба әдісін қолдануға қойылатын негізгі талаптар студенттердің шығармашылық, креативті құзыреттіліктерін қалыптасуын көздейді және өз бетімен іздену арқылы алға қойылған міндеттерді шешуге жаңа тұрғыдан келу дағдыларын қалыптастырады.

Педагогикалық зерттеулерге сүйене отырып [180], болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жоба әдісін креативті бағытта қолдануының негізгі талаптары келесідей деп жүйелеуге болады:

– педагогтік қызметінің шығармашылық жоспарында мұғалімнің интеграцияланған білімін керек ететін маңызды бір проблема болуы керектігі;

– күтілетін нәтижелердің практикалық және теориялық маңызы айқын және сүбелі болуы тиіс екендігі;

– жобаны орындаудың әр кезеңінің мазмұнын сипаттай отырып, тұтас бір жүйелі құрылымын жасау қажеттігі;

– жоба бойынша алға қойылған проблеманы шешу барысында креативті және зерттеу әдістерін қолдану керектігі [181].

Жобалық-креативті әдістемелік жүйені қолдана отырып, студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісін «Әліппені» оқытумен байланыстыра қарастырғанда, жүйелік-модульдік креативті тапсырмалар орындатылатынын атап кетеміз. Бұл тапсырмалардың құрылымы іштей 3 модульге және әр модульдің орындалатын кезеңіне бөлінеді.

Бірінші кезеңде орындалатын тапсырмалар модулі студенттерді сауат ашудың жалпы мәселелеріне креативті көзқарас қалыптастыруға дағдыландырады.

Екінші кезеңде орындалатын тапсырмалар модулі студенттерді эвристикалық ізденіске үйретуге, жобаның орындалуына шығармашылық сипат беруді үйретуге арналған.

Үшінші кезеңде орындалатын тапсырмалар модулі студенттерді жобаның орындалуы мен жинақталып, қорытындалуына байланысты креативті шешімдер табуына үйретуге арналған.

Осылай, жоба әдісін қолданудың нәтижесінде, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігі қалыптасып, ол құзыреттілік өз кезегінде мұғалімнің педагогикалық-акмеологиялық шеберлігі ұшталуының қайнар көзіне айналады.

Студенттер белгілі бір педагогикалық жобаны орындау арқылы жобаның ойдағы моделін құруға дағдыланады, түрлі шешімдер табу актілерін іске асырады, жобаның проблемасын шешуге қатысты жекелеген және топтық пайымдауларын құрап, оны дәлелдеуге ұмтылады. «Әліппені» оқыту барысында студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда жоба әдісін қолдану, бір жағынан үдеріс ретінде қарастырылса, екінші жағынан, қол жеткізілетін нәтиже ретінде қарастырылады.

Студенттердің креативті құзіреттілігін қалыптастыруда қолданылатын тиімді әдістің бірі - «SWOT-талдау». SWOT-ТАЛДАУ 1. «Strengths» - ағылшын сөздерінен қысқарған – күшті жақтары, 2. «Weaknesses» – әлсіз жақтары, 3. Opportunities – мүмкіндіктері, 4. Threats – қауіптер Бұл әдіс арқылы білім алушылардың бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамытуға, өз пікірін ашық айтуға дағдыландыру болады. Әдісті сабақты қорытындылау барысында және кері байланыс үшін қолданылған тиімді. «Сауат ашу әдістемесінің қалыптасуы мен дамуы» бөлімінде бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріліп, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіруге мүмкіндік береді [180].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде қолдануға болады деп қарастырған креативті әдістемелер мен технологиялардың қатарына, сонымен қатар, **«Морфологиялық жәшік» әдістемесін** енгізуге болады. Бұл әдістеменің авторы – Фриц Цвикки [181].

Әдетте, морфология деген ұғым қандай да бір жүйенің құрамы мен құрылымын талдау дегенді білдіретіні белгілі. Мақсаты алға қойылған мәселені шешудің жаңа креативті түрлерін іздеу болып табылады.

Қойылған мақсаттардың орындалуына қаншама мүмкіндігі болса, соның барлығы бір-біріне балама ретінде арнайы картаға түсіріледі. Сонан соң әр мақсаттың орындалу мүмкіндігі ретінде ұсынылған барлық шешім түрлері таңдалынып қарастырылады.

Бұл әдістің ерекшелігі сонда, әдістің және оны қолданудың тұтас жүйесі морфологиялық бөлшектерге бөлініп беріледі [182].

«Әліппені» оқытуда болашақ мұғалімдер, мысалы, «әріп» пен «дыбысты» салыстыра меңгертуге байланысты түрлі дидактикалық материалдарды «Морфологиялық жәшік» әдісімен орналастырып, оларды барынша түрлі комбинациялар жасай орналастыра отырып, жаңа идея табуға дағдыландыруға оңтайлы болады.

Ол материалдардың, оларды қолданудың комбинациялары мүлде «ерсі» сияқты болуы да мүмкін. Бірақ мақсат – студенттерді түрлі комбинациялар (орын алмастырулар) жасау арқылы дәстүрлі қолданыстан тыс жаңа амал-тәсілдер жүйесін анықтауға дағдыландыру. Яғни жаңа креативті идея туындағанша, оқытудың түрлі амалдары мен тәсілдерін, құралдарын комбинациялап тіркестіре беруді керек етеді.

Әрине, негізінен, эвристикалық әдістердің қатарына жататын «морфологиялық жәшік» әдісінің ерекшелігін болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арнайы талдап түсіндіру арқылы жаңа көзқарас қалыптастыру мүмкін болады [183].

Бұл әдістің қолданылу кезеңдері келесідей болып келеді. Алғашқы кезеңде алға қойылған тапсырманың мақсаты анықталуы керек болады. Ол мақсатты, біздің жағдайымызда, «Әліппені» оқыту сабақтарының ерекше құрылымын жасау деп анықтауға болады.

Келесі кезеңде функционалды сызбалардың нұсқасын іздеу қажет, біздің жағдайымызда, сауат ашу сабақтарын құру ұстанымдарының, әдістерінің нұсқаларын анықтау деп алуға болады. Бұл кезеңде мәселені шешудің үшөлшемді (негізгі ұстаным, негізгі әдіс, солар арқылы анықталатын сабақ формасы) болмысқа ие болады. Бұл үшөлшемділік ендігі кезекте алға қойылған басты мәселені шешудің әлеуетті параметрлерін ашуға негіз болады.

Үшінші кезеңде мүмкін болатын шешімнің барлық дерлік параметрлерін анықтау және оларды сипаттау (жіктемелік белгілерін және мағыналарын анықтау) жүргізіледі. Біздің жағдайымызда, яғни Әліппе сабағы туралы алсақ, үлгімен нақтырақ көрсетсек:

- дидактикалық ұстанымдар;
- сабақта қолданылатын әдістер;
- сабақ түрлері.

Төртінші кезеңде морфологиялық жәшік құралады, оның мазмұны барлық қолда бар, мүмкін шешімдермен толықтырылып, оны морфологиялық кесте немесе басқа бір формада құрастыру керек болады.

Бесінші кезеңде ұсынылған барлық шешім түрлері үшөлшем (трехмерный) бойынша комбинациялық тіркес құрай отырып, әрбір тіркестің сонылығы (оригинальность), жаңалығы, дидактикалық мүмкіндігі және алға қойылған мақсатты шешудегі маңызы мен орны туралы тексеріледі.

Алтыншы кезеңде алға қойылған критерийлерге сәйкес келетін нұсқалардың бірнешеуін таңдап алу керек болады. Одан соңғы іс-әрекет әр мұғалімнің білімі мен танымына, шеберлігіне тікелей байланысты болады.

Атап кететін мәселе, «Морфологиялық жәшік» әдісін морфологиялық кестемен алмастыруға болмайды. Морфологиялық кестенің форматы түрлі болуы мүмкін. Морфологиялық кесте – «Морфологиялық жәшік» әдісін көрсететін тәсіл. Төменде «Морфологиялық жәшіктің» өзегі болатын морфологиялық кестенің үлгісі көрсетіледі.

| | | **1 нұсқа** | **2 нұсқа** | **3 нұсқа** |
|---|---|---|---|---|
| **А** | **Дидактикалық ұстаным** | *Саналылық* | *Көрнекілік* | *Өмірмен байланыстылық* |
| **Ә** | **Әдіс түрлері** | *Талдау-жинақтау* | *Түсіндірмелі-иллюстрациялық* | *Ізденім* |
| **Б** | **Сабақ түрлері** | *Проблемалық сабақ* | *Жаңа сабақ* | *Интерактивті сабақ* |

Сурет 25 – Морфологиялық кесте

«Морфологиялық жәшік» – студенттерге әр мәселенің шешімінің біреу емес, бірнешеу болатынын нақты, көрнекі түрде көрсете алатын және осылай креативті шешімге келуіне сенім бере алатын әдіс. Сондықтан болашақ

бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру жүйесіне қосуға болады деп санаймыз.

Келесі педагогикалық үдеріс үшін аса тиімді креативті жүйе – **ойын технологиясы.** Сауат ашу үдерісі барысында болашақ мұғалімдердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда ойын технологиясының мүмкіндіктері өте мол [184]. Ойын, еңбек пен білім алу – адамның іс-әрекетінің бастыларының бірі, адам болмысының өмір сүруіндегі ерекше бір феномен [185].

Ойын – адамның өмірдің әрбір күрделі сәтінде туындаған мәселелер бойынша жаңа шешім іздеудегі орындайтын іс-әрекеті. Адамзат тәжірибесін санасына орнықтыру үшін, сол арқылы өмір сүріп отырған қоғамға бейімделу үшін, ойынның атқаратын рөлі зор

Ойын технологиясын Әліппені оқыту әдістемесінде қолдануда мынадай міндеттер шешіледі деп пайымдайды ғалымдар:

– білімді тексерудің еркін және психологиялық жайлы формасы қолданылады;

– оқушылардың өздерінің жауаптарының дұрыс болмағанына аса қысылып, жайсыздық сезінбейді;

– оқытудың студенттерге деген неғұрлым биязы, ибалы және сараланған қарым-қатынас түрі орнатылады;

– ойын технологиясы оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыруға және жетілдіруге тірек болады.

Ойын технологиясының болашақ мұғалімдердің креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруда «Әліппені» оқытудың дидактикалық және әдістемелік потенциалды мүмкіндіктерін айқын тани білу керек. Ол үшін ойын технологиясының түрлері мен сипаттамаларын, қолдану ерекшеліктерін білу маңызды болып табылады [186].

Ойын технологиясының осы аталған сипаттамаларын келесі модельден көруге болады.




¶

Сурет 26 – Креативті құзыреттілікті қалыптастыруда қолданылатын ойын технологиясының сипаттары

Осылайша, креативті құзыреттілікті қалыптастыру әдістемелері мен технологияларының ішінен зерттеу жұмысымыздың мақсаты мен міндеттеріне лайықты түрлеріне талдау жасалынды. Олардың саны мен қатарын көбейте беру мүмкіндіктері де бар. Өйткені заманымыздың креативтілікті қажет етер тұстары мен салалары күн артқан сайын артып келеді.

Бірақ студенттердің болашақ мамандығына, соның ішінде Әліппені оқыту әдістемесін креативті тұрғыдан меңгеруіне қажетті деп жоғарыда талданған әдістемелік жүйелер алынып отыр. Мұндағы әрбір креативті әдістің қолданылу жүйесі, орны мен күтетін нәтижесі айқын болғандықтан, олардың әрқайсысы жеке әдіс ретінде де, қажетті тұста тұтас әдістеме ретінде де, тіпті оқыту технологиясы ретінде де қолданыла алатыны белгілі.

Әрбір көрсетілген жекелеген әдістер біздің зерттеуімізде үлкен әдістемелік жүйеге біріктіріліп отыр. Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда әрқайсысының қолданылатын ретті орны мен қол жеткізетін нәтижелерін анықтау – келесі тармақтардың міндеті, сондықтан бұл тұста құралған әдістемелік жүйенің сыртқы моделі көрсетіледі.




Сурет 27 – Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру әдістемесінің жолдары

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру үшін тиімді болатын креативті технологиялардың саны да көп, сапасы да жоғары екенін талдау барысы анықтап берді.

XXI ғасырдың басынан бастап мамандардың, ғалымдардың, студенттердің, оқушылардың креативті құзыреттілігі мен креативтік көзқарасын, креативтік шеберлігін қалыптастыру мен жетілдіру мәселесі өмірдің қай саласын алсақ та, ғылым саласында да, білім беру саласында да, іскерлік салада да, әлеуметтік жүйенің ішкі салаларында, жинақтап айтсақ, барлық салада қарқынмен қолға алынып, зерттеліп, қарастырылып келеді. Оның қажеттілігі заманның талабымен тікелей байланысты.

Өйткені, XXI ғасырда дивергентті ойлауды дамыту қажеттілігі инновациялық технологиялардың пайда болуымен, ғылыми ойдың ғарыш көкжиектеріне өрлей түсуімен айқындала түсуде.

Дивергентті ойлау, яғни креативтілік, зерттеуші ғалымдардың пікірінше, шығармашылықтың негізі болып табылады. Конвергенттік ойлау көп шешімнің ішінен жалғыз дұрысын табумен байланысты болса, дивергентті ойлаудың ерекшелігі – біртекті берілген мәліметтердің негізінде түрлі жаңа және бірнеше шешімді қатар көре алуымен, таба білуімен байланысты танылады [155].

Талданған креативті технологиялардың барлығы да жеке-жеке және әрқайсысының өзіндік үлесін қоса отырып, тұтас жаңа жүйе жасағанда да, креативті құзыреттілікті қалыптастыру потенциалы зор жүйе болып табылады.

Түптеп келгенде, осы қарастырылған креативтік технологиялар негізінде студенттерде Гилфорд іріктеп көрсеткен келесі дағдылары мен қабілеттері дамиды, атап айтқанда:

– мәселені таба білу және оны айқын қоя білуі дағдысы;
– ой жүйріктігі (қысқа уақытта көптеген идея таба білуі);
– сонылық (оригинальность, қалыптасқан, таптаурын болғаннан басқа, жаңа идея табу);
– икемділік – түрлі идеяларды туындата алу қабілеті;
– нысанды үстіне жаңа детальдер қоса отырып, одан әрі жетілдіре алу қабілеті;
– проблемаларды шеше алу қабілеті, анализ бен синтезді еркін қолдана алу қабілеті.

Бұл қасиеттер студенттерге болашақ мұғалім қызметінде кең қолдануына мүмкіндік береді және кәсіби шеберлігін жоғарылата түседі.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруда әрбір дәріс мазмұнындағы оқу ақпараты, практикалық сабақта орындатылатын проблемалық-жағдаяттық сипаттағы тапсырмалар студенттердің танымдық-креативті потенциалын ынталандыруға тікелей бағытталады.

Негізі кеңестік дәуірдің әкімшілік-бұйрықтық жүйесінде қалыптасқан дәстүрлі білім берудің субъект-объектілік жүйесінде студенттің жеке даму ерекшелігі мен оның айрықшылығы көп ескерілмейтіні белгілі. Қайталанбас

тұлға ретінде әрбір студент, әрбір болашақ маман ерекше назар қойып қарауға, оның бар мүмкіндігін дамытуға лайықты. Соның өзі креативтік, шығармашылық акт болып табылады.

Креативтілік пен шығармашылық – физиологиялық белгі емес, ол көрініп тұрмайды, ол әрбір болашақ бастауыш сынып мұғалімінің санасы мен болмысында дән ретінде бар болып келеді. Жоғары оқу орнында болашақ маман ретінде қалыптасуы барысында сол креативтік, шығармашылық дән жарыққа шығарылуы керек. Ол – оқыту үдерісін ұйымдастырушылар мен әрбір жеке курсты, пәнді оқытушылардың басты міндеті.

Сондықтан креативті құзыреттілікті қалыптастыруда, креативті-шығармашылық қабілетті, дағдыны жетілдіруде бірді-екілі әдістің мүмкіндігін қарастырумен шектелуге болмайды. Креативті құзыреттілікті қалыптастыруда ішкі жеке танымдық, креативті мүмкіншіліктерін студенттің өзіне танытуға мүмкіндік беретін тиімді әдістер қолданылуы тиіс. Осынысымен де креативтіліктің заттық емес, үдеріс ретіндегі болмысы анықталады.

Креативтіліктің негізгі үдерістік сипаттамаларын ғалымдардың ізімен біз де келесідей деп танимыз:

– креативті құзыреттлікті қалыптастыру тек студент пен оқытушының «субъекті–субъектілік» дидактикалық қатынас орнаған педагогикалық үдерісте ғана мүмкін болады, сол жүйеде ғана жүзеге аса алады;

– креативті құзыреттілік әр студенттің өзіндік даму және жеке бас ерекшелігіне сәйкес белгілі бір іс-әрекет барысында ғана айқын танылады, сондықтан да әдістемелік жүйеде креативті әдістер мен креативті технологиялардың мол талдануы аса маңызды болмақ.

Креативтілікті адамның барлық саладағы іс-әрекетінің жетілуінің негізгі қоры деп санайтын болсақ, мұғалімнің білім беруші, тәрбиелеуші, дамытушы тұлға ретіндегі еңбегі барлық уақытта шығармашылық ізденістен тұратынын айқын танытады. Өйткені, нағыз мұғалім білім беруде, тәрбиелеуде, дамытуда үздіксіз ізденіс үстінде болатыны белгілі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өзіндік санасы биік деңгейде дамыған тұлға ретінде дайындау үдерісінде олардың креативті құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы осылай анықталады. Өйткені, бастауыш сынып мұғалімінің өз оқушыларының сауатын ашуда баланың ойы мен санасын, қиялы мен шығармашылығын қалыптастырып, дамыту үшін кейбір қалыпты шектерден шығып, креативті шешімдер табуы аса қажетті дағды екенін педагогикалық тәжірибе анық дәлелдеп келеді.

Мұғалімнің жеке тұлғасы қалыптасуы, оның педагогикалық шеберлігі мәселелерін зерттеген ғалымдардың айтуынша, мұғалімдердің іс-әрекетінде оның шығармашылық стилінің маңызды орын алатынын атап көрсетеді [46, 92б].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өздерінің қызметінде тек педагогикалық іс-әрекеттің құндылығын көрсетіп қана қоймайтынын, сонымен бірге, әр мұғалім өзінің шығармашылық тұлғасын да осы аяда танытуға ұмтылатынын студент кезінен жақсы ұғынуы керек. Ол үшін сол мақсатқа

бағытталған әдістемелік жүйе құрылып, осы міндетті шешетін арнайы тапсырмалар жүйесі әзірленеді, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері осы бағытта арнайы дайындалады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруды «Әліппені» оқытумен байланыстыра қарастыра отырып, осы үдерістің әдістемелік қамтамасыз етілуі студенттердің педагог ретінде қалыптасу үдерісін ғылыми-білімдік қолдаудың бір бөлшегі болып табылатынын атап кетеміз. Және мұның өзі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жеке тұлғалық және кәсіби тұрғыдан өсіп-жетілу қырынан алып қарағанда, оңтайлы қолдау ретінде қарастырылады.

Сауат ашу үдерісі барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастырудың әдістемелік қамтамасыз етілу міндеттерін шешу арнайы инновациялық мазмұндағы, креативті қабілет, креативті мүмкіндіктер, шығармашылық ойлау, шығармашылық міндеттерді шешу сияқты жаңашыл мазмұндағы білім мен дағдыларды қалыптастыруға арналған жаңа бағдарлама әзірлеуді қажет етті.

Талдау барысы көрсеткеніндей, болашақ педагогтерді, оның ішінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үдерісінде олардың креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған оқу курстары мен оқу бағдарламалары шетелде, ресейлік, басқа да көршілес елдерде жоғары оқу орындарында белсенді қолданылып жатқанын көреміз. Өйткені, заман барлық мамандардан, тіпті жас білім алушылардан да креативті құзыреттілікті айқын талап етіп отырғаны белгілі. Заманымыздағы көптеген өзекті мәселелердің шешімін табуға креативті құзыретті тұлғалардың қажет болып отырғандығы, сондай жеке тұлғалардың табысты болуы, студенттердің де болашақ бастауыш сынып мұғалімі ретіндегі ұмтылысын белсендіретін ынталандырушы күш болады.

Біздің зерттеу жұмысымызда Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасында «6В013-Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау» бағыты үшін әзірленген «Сауат ашу әдістемесі» пәнінің оқу-әдістемелік кешені алғашқы модуль ретінде пайдаланылды. Бұл модуль бақылау тобы үшін қолданылды.

Екінші арнайы құрылған модуль – арнайы әзірленген «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курстың бағдарламасы. Бұл модуль эксперименттік тобы үшін пайдаланылды.

«Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру осы мақсатқа арнайы әзірленген «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері» атты элективті курсты оқыту барысында жүзеге асырылды.

*Элективті курстың мақсаты* – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сауат ашу үдерісін креативтік тұрғыдан ұйымдастыруға, дидактикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге қажетті білім мен дағдыларды меңгеріп, жеке тұлғасының шығармашылық әлеуетін жүзеге асырып, әрдайым оны жетілдіріп отыру құзыреттілігін қалыптастыру.

Элективті курстың негізгі *міндеттері* келесідей белгіленді:

– болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің санасында оқытудың инновациялық, креативтік, шығармашылық технологиялары туралы ғылыми білім қалыптастыру;

– студенттердің болашақ педагог ретінде және шығармашыл ойлайтын, кәсіби қызметте инновациялық, креативті бағытты тани алатын зерттеушілік жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту;

– «Сауат ашу әдістемесінің» мазмұнын толық меңгертіп, оның креативтік, шығармашылық әлеуетін анықтауға үйрету;

– «Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздерінің» құрылымдық-мазмұнын толыққанды меңгерту.

Элективті курстың әрбір дәрісінде, семинар сабақтары және өздік жұмыстарында студенттердің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға, дамытуға бағытталған белгілі бір коммуникативтік өріс орнайтыны белгілі. Бұл жерде «коммуникативтік өріс» – оқытушы мен студенттің арасындағы оқу жағдаяттары. Дидактикалық екіжақты ынтымақтастағы оқу жағдаяты алға қойған мақсатына қол жеткізген болса, онда креативті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған үдеріс өзара түсіністікте жүзеге асырылды деп айтуға болады. Ал егер түсінбестік орын алған жағдайда немесе дұрыс түсінілмеген жағдайда, оқу жағдаяты жүзеге аспаған болып табылады.

Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған элективті курстың дәрісінде, семинар сабақтарында оқытушы өзінің алға қойған ойын іске асырады, оқытушы мен студенттің алдарына қойылған оқу мақсаттары да іске асырылады. Дәріс не семинар сабақтардағы оқу диалогы үдерісінде оқытушы мен студенттің дидактикалық кеңістіктегі ынтымақтастық ізденісі креативті оқытудың қыр-сырларын біріге іздеуге тірек болады. Соның нәтижесінде, студенттің болашақ бастауыш мұғалімі ретіндегі креативті-әдістемелік ізденісінің туындысы жасалынады. Яғни бұл жаңа креативті көзқарастан туындаған креативті-әдістемелік туынды – оқытушының кретивті әлеуеті мен қолда бар дидактикалық материалдардың мазмұнындағы креативті әлеуетті біріге іздеп тапқан студенттің ізденіс еңбегінің түйіскен нүктедегі жаңа креативті өнімі, нәтижесі.

Сондықтан мұғалімдердің креативті әдістемелермен жұмыс жасай білуі оқушының сапалы білім алуында маңызды орын алатын кәсіби шеберлік болып табылады. Осы мақсатқа орайластырылған элективті курс пен арнайы әзірленген креативті тапсырмалар кешені аталған мақсат үдесінен шығуды көздейді.

### 3.3 Тәжірибелік-эксперимент жұмысының нәтижелері

«Сауат ашу әдістемесі» оқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыруға септігін тигізетін

педагогикалық шарттардың сипаты, негізінен зерттеу жұмысымыздың 2.2 тармақшасында қарастырылды.

Осы тармақшада ұсынып отырған әдістемелік жүйемізді тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан тексеру үдерісінің өзіндік ерекшеліктері, әдістеменің тиімділігі мен қол жеткізілген нәтижелер сипатталып, нақты түйіндер жасалынады.

Зерттеу жұмысымызда ұсынылған элективті курстың бағдарламасында тек тақырыбымыздың теориялық мәселелерін негіздейтін дәріс материалдары ғана емес, сонымен қатар семинар сабақтардың, студенттердің аудиториядан тыс өз бетімен орындайтын білім мазмұны анықталып берілді. Ал сапаның бақылау көрсеткіші ретінде түрлі креативті-шығармашылық тапсырмалар алынды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс Абай атындағы ҚазҰПУ («6В013-Пәнсіз мамандандыру мұғалімдерін дайындау» бағыты бойынша 2-3 курс білім алушылары) студенттерімен ұйымдастырылып өткізілді.

Аталған бакалавриат студенттерінің барлығын қамтудың бір негізі бастауыш сыныпта «Сауат ашу әдістемесі» кәсіби пәнінің жүргізілуі ең басты себеп.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында элективті курстың бағдарламасы толық іске қосылып, дәрістер мен семинар сабақтарында арнайы әзірленген тапсырмалар мен жаттығу жұмыстары орындатылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бақылау кезеңінде ЭТ студенттерінен және БТ студенттерінен кесінді тапсырмалар алынып, біз ұсынып отырған «*Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері*» атты элективті курс бағдарламасының тиімділігі тексерілді. ЭТ және БТ студенттеріне бақылау мақсатында тапсырмалар берілді.

Анықтау эксперименті кезінде жүргізілген сауалнама бойынша нәтижені төменде көрсетеміз. Сауалнама 9 сұрақтан тұрады. Анықтау экспериментінің сауалнамасына 160 студент қатысты. Төменде бақылау және эксперименттік топтардың салыстырмалы талдауы келтірілді.

Қалыптастыру экспериментінің нәтижесі зерттеу тақыбымыздың құрылымдық-мазмұндық моделінде берілген мотивациялық-мақсаттылық, гносеологиялық, праксиологиялық, компоненттерге негізделген көрсеткіштерді айқындайтын сауалнама қайта алынды. Сауалнамаға 81 эксперименттік топтың білімалушылары қатынасты.

Кесте 13 – Бақылау экспериментіндегі ЭТ және БТ-ның 1-тапсырманың орындалу нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

| ЭТ - 81 студент | | БТ - 79 студент | |
|---|---|---|---|
| Экспериметке дейін | Эксперименттен кейін | Экспериметке дейін | Эксперименттен кейін |

13-кестенің жалғасы

| Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 5,04 | 10,06 | 32,3 | 52,6 | 17,5 | 21,7 | 15,5 | 26,3 | 5,3 | 10 | 34,4 | 50,3 | 6,1 | 11,6 | 31,2 | 51,1 |

Кесте 14 – Бақылау экспериментіндегі ЭТ және БТ-ның 1-тапсырманың орындалу нәтижелерінің сандық көрсеткіштері

| Топ түрі | Кезең | Рецензент саны | Деңгейлер | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өте жоғары | жоғары | орташа | төмен |
| | | | n | n | n | n |
| 1 Эксперименттік топ | ЭД | 81 | 4 | 8 | 26 | 43 |
| | ЭК | 81 | 14 | 26 | 20 | 21 |
| 2 Бақылау тобы | ЭД | 79 | 4 | 8 | 27 | 40 |
| | ЭК | 79 | 5 | 9 | 25 | 40 |




Активация Win

Сурет 28 - Бақылау эксперименті кезеңіндегі ЭТ және БТ-ның 1-тапсырманың орындалу нәтижелері бойынша экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі сандық және пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

«Өте жағары», яғни жасампаздық деңгейі бойынша жалпы барлығының түсініктері 5,04% - 17,5% өскенін байқауға болады. Бұл көрсеткіш «*Креативтік тұрғыда сауат ашуға үйрету әдістемесінің негіздері*» атты элективті курсты меңгергенін көрсетеді.

«Жоғары», яғни шығармашылық деңгейі 10,06% – 21 ,7% дейін өсті. Бұдан шығатын қорытынды сабақ барысында креативтілік белгілері, оның синонимдері, зерттеген ғалымдары туралы білімдері кеңейіп, семинарларда қолдану алады.

«Орташа», яғни белсенділік деңгейінің көрсеткіші 32,3 % – 15,5 % азайғанын көре аламыз. Сауат ашуға үйрету үдерісінде және практикада креативті тапсырмаларды қолдану тиімділігі туралы ойлары жүйеленіп, креативті тапсырмаларды орындай алу құзіреттілігінің артқанын байқаймыз.

«Төмен», яғни пассив деңгейі 52,6% – 26,3% азайды. Элективті курс өткен студенттердің креативті құзыреттілігінің шыңдалғанын байқаймыз.

Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің сауат ашуға үйрету үдерісінде креативтілікті қалыптастыру даярлықтары бар екенін және оны сабақта қолдана алуын тәжірибеде дәлелдеулерінен анық байқадық.

Ендігі кезекте бақылау және эксперименттік топ арасындағы білім деңгейінің айырмашылығын тексеру мақсатында Пирсонның χ2 критерийн қолданып, төмендегідей нәтижеге қол жеткіздік.

$\chi^2 = \frac{1}{n_1 n_2}\sum\frac{(n_1 Q_{2i} - n_2 Q_{1i})^2}{Q_{1i} + Q_{2i}}$, мұнда эксперименттік және бақылау топтарындағы $n_1$ және $n_2$ бақылау және эксперименттік топтардағы студенттер саны. $Q_{1i}$ , $Q_{2i}$ бақылау және эксперименттік топтардағы 1-белгілерінің жиілігі, i– белгілердің саны

$$\chi^2 = \frac{1}{81*79}\left[\frac{(81\cdot 4 - 79\cdot 4)^2}{8} + \frac{(81\cdot 8 - 79\cdot 8)^2}{16} + \frac{(81\cdot 26 - 79\cdot 27)^2}{53} + \frac{(81\cdot 43 - 79\cdot 40)^2}{83}\right] = \frac{1}{6399}(8 + 16 + 13{,}7 + 1256{,}9) = \frac{1294{,}6}{6399} \approx 0{,}02$$

Маңыздылық деңгейі үшін q = 0,05, еркіндік дәрежелерінің саны v = 4-1=3

$x_1^2 = 0{,}02$

$\chi^2 = 7{,}82$

$\chi_1^2 < \chi_2^2$. $0{,}02 < 7{,}82$

Бұл маңыздылық деңгейінде бақылау және эксперименттік топтар арасында маңызды статистикалық айырмашылық жоқ, яғни топтар зерттеуге жарамды деп саналады.

Кесте 15 – Студенттердің танымдық қызығушылықтарын дамытудағы эксперименттік топтың бастапқы білім деңгейі және қорытынды көрсеткіштері

| **ЭТ - 81 студент** | |
|---|---|
| **Эксперимeтке дейін** | **Экспериметтен кейін** |

15 –кестенің жалғасы

| Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей | Өте жоғары деңгей | Жоғары деңгей | Орташа деңгей | Төмен деңгей |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **5,04** | **10,06** | **32,3** | **52,6** | **17,5** | **31,7** | **24,5** | **26,3** |

Ұсынылған әдістемелік жүйені қолданғаннан кейін және нәтижелердің статистикалық маңыздылығын анықтағаннан кейін студенттердің эксперименттік тобының пайыздық және әдістемелік тиімділігін арттыру туралы тұжырымдарымыздың дұрыстығын тексеру үшін біз Пирсонның χ2 (хи-квадрат) тестін қолдандық.

Ол үшін біз студенттердің практикалық тапсырмаларды орындау арқылы креативті құзыреттіліктері қалыптасады деген болжамды тексереміз.

Бастапқы болжам – студенттер практикалық тапсырмалар арқылы креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған білім мен дағдыларды игермейді. Балама болжам – бұл студенттер практикалық тапсырмаларды орындау арқылы креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған білім мен дағдыларды игереді.

$\chi^2 = \sum_{i=1}^{k} \frac{\left(f_i^1 - f_i^{\text{II}}\right)^2}{\left(f_i^1 + f_i^{\text{II}}\right)}$ – көрсеткіштерді есептеу формуласы, мұндағы и $f_i^1$ және $f_i^{\text{II}}$ - салыстырылатын көрсеткіштердің жиілігі.

$$\chi^2 = \frac{(5{,}04-17{,}5)^2}{22{,}54} + \frac{(10{,}06-31{,}7)^2}{41{,}76} + \frac{(32{,}3-24{,}5)^2}{56{,}8} + \frac{(52{,}6-26{,}3)^2}{78{,}9}$$
$$= \frac{155{,}2}{22{,}54} + \frac{468{,}2}{41{,}76} + \frac{60{,}84}{56{,}8} + \frac{691{,}69}{78{,}9} = 6{,}8 + 11{,}2 + 1{,}07 + 8{,}7 = 27{,}77$$

Берілген маңыздылық деңгейінде q = 0,05 және еркіндік дәрежелерінің саны v = k-1 = 4-1 = 3 элективті кесте бойынша критикалық мәнді анықтаймыз.

$\chi^2 \rangle \chi^2_{0.05}$ (27,77>7,82)

$H_0$ болжамы қабылданбайды.

Яғни, студенттер практикалық тапсырмалар арқылы креативті құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған білім мен дағдыларға ие болады, оларда креативті құзыреттілік қалыптасады.

Келесі кестеде ЭТ және БТ бастауыш білім деңгейін анықтау үшін қорытынды тестілеу жүргізіліді және ол Student бағдарламасы бойыншы есептелді. Бақылау нәтижелері 14-кестеде әрбір топ үшін жеке-жеке келтірілген.

Кесте – 16 «Вербалдық субтестілер» нәтижелерін экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі сандық және сапалық талдау

| | Эксперименттік – 81 студент | | | | | | Эксперименттік – 81 студент | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Сапалық бағалау** | **Шапшандық»** | | **«Икемділік»** | | **«Сонылық»** | | **Шапшандық»** | | **«Икемділік»** | | **«Сонылық»** | |
| | N | % | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % |
| **«өте жоғары»** | 5 | *6,17%* | 4 | *5%* | 4 | *5 %* | 12 | *14,8%* | 10 | *12,3%* | 9 | *11,1%* |
| **«жоғары»** | 17 | *21%* | 17 | *21%* | 17 | *21%* | 33 | *40,8%* | 38 | *46,9%* | 39 | *48,2%* |
| **«орташа»** | 29 | *35,8%* | 24 | *29,6 %* | 29 | *35,8%* | 18 | *22,2%* | 14 | *17,3%* | 17 | *21%* |
| **«төмен»** | 30 | *37,03 %* | 36 | *44,4 %* | 31 | *38,2%* | 18 | *22,2%* | 19 | *23,5%* | 16 | *19,7%* |
| | **Бақылау – 79 студент** | | | | | | **Бақылау – 79 студент** | | | | | |
| **Сапалық бағалау** | **Шапшандық»** | | **«Икемділік»** | | **«Сонылық»** | | **Шапшандық»** | | **«Икемділік»** | | **«Сонылық»** | |
| | N | % | n | % | n | % | n | % | n | % | n | % |
| **«өте жоғары»** | 4 | *5,1 %* | 4 | *5,06%* | 3 | *3,9%* | 5 | *6,32%* | 4 | *5,1%* | 5 | *6,3%* |
| **«жоғары»** | 15 | *18,4 %* | 16 | *20,2%* | 17 | *21,5 %* | 17 | *21,5%* | 17 | *21,5 %* | 19 | *24,1%* |
| **«орташа»** | 30 | *38%* | 25 | *31,6%* | 30 | *37,9 %* | 30 | *38%* | 26 | *32,9 %* | 27 | *34,2%* |
| **«төмен»** | 30 | *38%* | 34 | *43,14 %* | 29 | *36,7 %* | 27 | *34,2%* | 32 | *40,5 %* | 28 | *35,4%* |






Сурет 29 – «Вербалдық субтестілер» нәтижелерін экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі диагностикасы

«Вербалдық субтестілер» эксперименттік топтың экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «шапшаңдық» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 5 студент, бұл 6,17%, қалыптастырушы эксперименті кезінде 12 студент 14,8% құрады; анықтау эксперименті кезінде «икемділік» шкаласы бойынша 4 студент, бұл 5 %, қалыптастырушы эксперименті кезінде 10 студент 12,3 % құрады; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкласасы бойынша 4 студент 5 %-ды, қалыптастырушы эксперименті кезінде 9 студент 11,1 құрады. Бұдан шығатын қорытынды элективті курстан кейін студенттердің креативті құзыреттілігі «өте жоғары» деңгейі бойынша көрсеткіштері 22,03% артты.

Анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «Жоғары» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 17 студент, 21 %, қалыптастырушы эксперименті кезінде 33 студент 40,8% құрады; анықтау эксперименті кезінде «икемділік» шкаласы бойынша 17 студент, 21% болса, қалыптастырушы эксперименті кезінде 38 студент 46,9 % құрады; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкаласы бойынша 17 студент, 21 % болса, қалыптастырушы эксперименті кезінде 39 студент 48,2% құрады. Бұдан тест қорытындысының нәтижесі 73,9% артқанын байқаймыз.

Анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «Орташа» деңгейде 29 студент, бұл 35,8%, қалыптастырушы эксперименті кезінде 18 студент 22,2 % құрады; анықтау эксперименті кезінде «икемділік» шкаласы бойынша 24 студент, бұл 29,6 %, ал қалыптастырушы эксперименті кезінде 14 студент 17,3% болды; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкласасы бойынша 29 студент, 35,8 %, қалыптастырушы эксперименті кезінде 17 студент 21%-ды құрады. Демек, элективті курстың әсерінен орташа деңгей студенттерінің көрсеткіштері 40,6 % кеміді.

Анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «Төмен» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 30 студент, 37,03 %, қалыптастырушы эксперименті кезінде18 студент 22,2% құрады, анықтау эксперименті кезінде «икемділік» шкаласы бойынша 36 студент, 44,4%, ал қалыптастырушы эксперименті кезінде18 студент 22,2 құрады; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкласасы бойынша 31 студент, 38,2 %, ал қалыптастырушы эксперименті кезінде 16 студент 19,7 %-ды құрады. Демек студенттердің креативті қызыреттілі 75,23 % артқанын аңғарып, төмен деңгейі студенттерінің азайғанын байқадық.

«Вербалдық субтестілер» нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «шапшаңдық» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 4 студент 5%, ал семестр соңында 5 студент 6,32 % құрады; анықтау эксперименті кезінде және семестр соңында «икемділік» шкаласы 4 студент 5,06% құрады; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкаласы бойынша 3 студент, 3,9 %, ал қалыптастырушы эксперименті кезінде 5 студент 6,3%-ды құрады.

Анықтау эксперименті кезінде «Жоғары» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 15 студент, 19 %, ал семестр соңында 17 студент 21,5% құрады, анықтау эксперименті кезінде «икемділік» шкаласы бойынша 16 студент, 20,2%, ал семестр соңында 17 студент 21,5% құрады; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкласасы бойынша 17 студент, 21,5 %, ал семестр соңында 19 студент 24,1%-ды құрады.

Анықтау эксперименті кезінде «Орташа» деңгейде 30 студент, бұл 38%, ал семестр соңында 30,38%; анықтау эксперименті кезінде «икемділік» шкаласы бойынша 25 студент, бұл 31,6 %, ал семестр соңында 26 студент 32,9% құрады; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкласасы бойынша 30 студент, 37,9 %, ал семестр соңында 27 студент 34,2%-ды құрады.

Анықтау эксперименті кезінде «Төмен» деңгейде «шапшаңдық» шкаласы бойынша 30 студент, 38 %, ал семестр соңында 27 студент 34,2% құрады; анықтау эксперименті кезінде «икемділік» шкаласы бойынша 34 студент, 43,14%; ды көрсетіп отыр, ал семестр соңында32 студент 40,5% құрады; анықтау эксперименті кезінде «сонылық» шкаласы бойынша 29 студент, 36,7%, ал семестр соңында 28 студент 35,4%-ды құрады. Демек, бұл көрсеткіштер бақылау тобында өзгеріс болмағанын аңғартады. Оның дәлелі ретінде келесі математикалық сандық көрстекіштерді ұсынбақпыз.

Есептеулер арқылы эксперименттік және бақылау топтарындағы білім деңгейінің айтарлықтай айырмашылығы туралы қарама-қайшылықты болжамдар анықталады $(H_0;H_1)$;. Ол үшін алдымен Student-ті әр индикатор үшін жеке, содан кейін барлық көрсеткіштер үшін бірге қолданамыз.

Егер $t < t_0$ болса, онда $H_0$ - нөлдік мәнге ие болады, ал $t > t_0$ болса, онда қарама-қарсы болжам $H_1$ қабылданады . Мұнда $t$:

$t = \frac{x-y}{m_{1+}^2 m_2^2}$ , ал $x$ эксперименттік топтың орташа мәні. $x = \frac{\sum f_{i^*} x_i}{n}$ $y$ - бақылау топтың орташа мәні. $m_1 = \frac{S_1}{\sqrt{N_1}}$ және $m_2 = \frac{S_2}{\sqrt{N_2}}$, $S = \sqrt{\frac{\left(x_i - \bar{x}_{орт}\right)^2 f_1}{N-1}}$ .

Егер $t < t_0$ болса онда $H_0$ болжамы қабылданып, топтардағы білім деңгейінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Бірақ $t > t_0$ болса, онда $H_1$ болжамы қабылданып, топтар арасында білім деңгейінде алшақтық бар екені анықталады. Есептеулер төменде көрсетілген.

Эксперименттік топ - 81 студент.

$$\bar{x} = \frac{2.30+3.29+4.17+5\times5}{81} = \frac{240}{81} = 2,96$$

$$S = \frac{(2-2,96)^2 * 30 + (3-2,96)^2 * 29 + (4-2,96)^2 * 17 + (5-2,96)^2 * 5}{81-1}$$

$$= \sqrt{\frac{27,6 + 0,046 + 18,36 - 20,8}{80}} = \sqrt{\frac{66,8}{80}} = \sqrt{0,83} = 0,9$$

$$m_1 = \frac{0,9}{\sqrt{81}} = \frac{0,9}{9} = 0,1$$

$$y_{орт} = \frac{2*18+3*18+4*33+5*12}{81} = \frac{36+54+132+60}{81} = \frac{282}{81} = 3,4$$

$$S = \sqrt{\frac{(1,4)^2 * 18 + (0,4)^2 * 18 + (0,6)^2 * 33 + (1,8)^2 * 12}{80}}$$

$$= \sqrt{\frac{35,2 + 0,2 + 11,8 - 30,7}{81}} = \sqrt{\frac{77,9}{81}} = \sqrt{0,96} = 0,97$$

$$m_1 = \frac{0,97}{\sqrt{81}} = \frac{0,97}{9} = 0,1$$

$$t = \frac{-0.44}{0.01+0.01} = 0,22$$

$t_{0.05}$ = 1,984 болғандықтан $t < t_0$, демек $H_0$ болжамы қабылданады.

Келесі кезекте «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерін сандық және сапалық талдауына тоқталмақпыз.

Кесте – 15 «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» нәтижелерін экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі сандық және сапалық талдау

| Кейс № | Деңгей | Экспериментке дейін | | Эксперименттен кейін | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 кейс | Өте жоғары деңгей | 7 | 8,7 | 23 | 28,4 |
| | Жоғары деңгей | 16 | 19,7 | 38 | 46,9 |
| | Орташа деңгей | 30 | 37 | 18 | 22,2 |
| | Төмен деңгей | 28 | 34,6 | 2 | 2,5 |
| **Барлығы** | | 81 | 100 | 81 | 100 |
| 2 кейс | Өте жоғары деңгей | 6 | 7,4 | 21 | 25,9 |
| | Жоғары деңгей | 17 | 21 | 45 | 55,5 |
| | Орташа деңгей | 29 | 35,8 | 14 | 17,3 |
| | Төмен деңгей | 29 | 35,8 | 1 | 1,3 |
| **Барлығы** | | **81** | **100** | **81** | **100** |




Сурет – 30 «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» нәтижелерін экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі диаграммасы

№1 Кейс. «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 7 студент, бұл 8,7%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 16 студент, бұл 19,7%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 30 студент, 37%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 28 студент, 34,6%-ды; құрайды.

«Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 5 студент, бұл 6,3%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 17 студент, бұл 21,3%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 31 студент, 39,4%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 26 студент, 33%-ды; құрайды.

№2 Кейс. №1 Кейс. «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде ЭТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 6 студент, бұл 7,4%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 17 студент, бұл 21%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 29 студент, 35,8%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 29 студент, 35,8%-ды; құрайды.

«Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» бойынша нәтижелерінің көрсеткіштері анықтау эксперименті кезінде БТ-да «5 жауап» шкаласы бойынша «өте жоғары» деңгейде 5 студент, бұл 6,3%; «4 жауап» шкаласы бойынша «жоғары» деңгейде 16 студент, бұл 20,3%; «2-3 жауап» шкаласы бойынша «орташа» деңгейде 28 студент, 35,4%-ды; %; «1 жауап» шкаласы бойынша «төмен» деңгейде 30 студент, 38%-ды; құрайды.

Эксперименттік топ студенттерінің ұсынылған әдістемелік жүйені қолданғаннан кейінгі пайыздық көрсеткішінің жоғарылауы және әдістемелік тиімділігі жөніндегі тұжырымымыздың дұрыстығын тексеру үшін және алынған нәтижелердің статистикалық тұрғыдан мәнділігін анықтау үшін Пирсонның $\chi^2$ (хи - квадрат) критериін пайдаландық.

Ол үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің практикалық мазмұнды есептер арқылы креативті құзыреттілігі қалыптасады деген болжамды тексереміз.

Бастапқы болжам $H_0$ - студенттер практикалық мазмұнды есептер арқылы креативті құзыреттілігіне бағытталған білім мен іскерлікті, дағдыны меңгермейді. Ал балама болжам $H_1$- студенттер практикалық мазмұнды есептер арқылы креативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған білім мен іскерлікті, дағдыны меңгереді.

$\chi^2$ - критериімен $\chi^2 = \sum_{i=1}^{k} \frac{\left(f_i^1 - f_i^{II}\right)^2}{\left(f_i^1 + f_i^{II}\right)}$ формуласы бойынша есептейміз.

Мұндағы $f_i^1$ және $f_i^{II}$ - салыстырылып отырған таңдамалардың жиіліктері

Кесте – 16 «Сауат ашу әдістемесі бойынша білім алушылардың креативті құзыреттілігінің қалыптасуын тексеру кейстері» экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі сандық және сапалық талдау

| Кейс № | Деңгей | Экспериментке дейін | Эксперименттен кейін | $(f_i^1 - f_i^{II})$ | $\left(f_i^1 + f_i^{II}\right)$ | $\frac{\left(f_i^1 - f_i^{II}\right)^2}{\left(f_i^1 + f_i^{II}\right)}$ | $\chi^2$ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 кейс | Өте жоғары деңгей | 8,7 | 28,4 | 388,09 | 37,1 | 10,4606469 | 53,04321006 |
| | Жоғары деңгей | 19,7 | 46,9 | 739,84 | 66,6 | 11,10870871 | |
| | Орташа деңгей | 37 | 22,2 | 219,04 | 59,2 | 3,7 | |
| | Төмен деңгей | 34,6 | 2,5 | 1030,41 | 37,1 | 27,77385445 | |
| **Барлығы** | | 100 | 100 | | | | |
| 2 кейс | Өте жоғары деңгей | 7,4 | 25,9 | 342,25 | 33,3 | 10,27777778 | 64,36419761 |
| | Жоғары деңгей | 21 | 55,5 | 1190,25 | 76,5 | 15,55882353 | |
| | Орташа деңгей | 35,8 | 17,3 | 342,25 | 53,1 | 6,445386064 | |
| | Төмен деңгей | 35,8 | 1,3 | 1190,25 | 37,1 | 32,08221024 | |
| Барлығы | | 100 | 100 | | | | |

1 кейс $\chi_1^2 = 53{,}04321006$

1 кейс $\chi_2^2 = 64{,}36419761$

Берілген q = 0,05 мәнділік деңгейі мен еркіндік дәреже саны v=k-1=3-1=2 арқылы арнайы кестеден $\chi_{0.05}^2(2) = 5{,}99$ критикалық мәнін анықтаймыз.

1 кейс бойынша $\chi^2 \rangle \chi^2_{0.05}$ болғандықтан (53,04321006>5,99) тең болды және 2 кейс бойынша $\chi^2 \rangle \chi^2_{0.05}$ болғандықтан (64,36419761>5,99) тең болды. $H_0$ болжамы қабылданбайды. Яғни, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері практикалық мазмұнды есептер арқылы креативті құзыреттілігіне бағытталған білім мен іскерлікті, дағдыны меңгереді, олардың креативті құзіреттілігі дамиды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың бақылау кезеңінде алынған кесінділер, сонымен бірге студенттермен жүргізілген әңгімелесуде ұсынылған креативті құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі дәлелденді. Алдағы уақытта осы әдістемелік жүйені дидактикалық тұрғыдан біртұтас оқу-әдістемелік кешен ретінде толықтырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін дайындау үдерісінде «Әліппені» оқытуда пайдалану үшін ұсыну жұмыстарын жүргізу керектігі анықталды. Бастауыш сыныптарда креативті құзыреттілігі қалыптасқан мұғалімдердің қажеттілігін өмір талаптары дәлелдеп отырғанына тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында айқын көз жеткізілді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

«Сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденді және бірнеше теориялық және қолданбалы нәтижелер алынды.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазіргі білім беру жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалған талдаулар негізінде сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің өзектілігі дәлелденді.

2. Мәселеге қатысты теориялық еңбектерге жасалған талдаулар «креативтілік», «креативті құзыреттілік» ұғымдары мен «сауат ашуға үйрету үдерісінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің креативті құзыреттілігін қалыптастыру» түсінігінің мәні мен құрылымын түзуге мүмкіндік берді.

